

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі
Еуразия гуманитарлық институты
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Б.Әбдікәрімұлы
Қ.А. Сарбасова

әл-Фараби педагогикасы
(оқу құралы)

Қарағанды - 2008

Әбдікәрімұлы Б., Сарбасова Қ.А. әл-Фараби педагогикасы: Оқу құралы . – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. - 126 бет.

Оқу құралында әл-Фарабидің педагогикалық мұрасына қатысты материалдар бірнеше тақырыптарға бөлініп қарастырылады. Сонымен қатар әрбір тақырыптың соңында бақылау сұрақтары, тапсырмалар және қолдануға ұсынылатын әдебиеттер беріледі. Өзін-өзі тексеруге тест сұрақтары, өз бетімен білімді жетілдіруге және ғылыми шығармашылықты дамытуға бағытталған реферат тақырыптары мен шығармашылық тапсырмалар ұсынылады.

Оқу құралы жоғары оқу орнының студенттері мен магистранттарға, сондай-ақ жалпы педагогика ғылымы саласының мамандарына арналған.

Пікір жазғандар: педагогика ғылымдарының
докторы, профессор С.Т.Каргин;
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор М.С.Мәлібекова

ISBN 9965-604-83-5

**© Әбдікәрімұлы Б.,
Сарбасова Қ. А.,
2008**

**Еуразия гуманитарлық институтының Ғылыми-
әдістемелік Кеңесі ұсынған**

**Әбдікәрімұлы Болат
Сарбасова Қарлығаш Амангелдіқызы**

әл-Фараби педагогикасы

(оқу құралы)

Кіріспе

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағының көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырды. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Солардың бірі - Аристотельден кейінгі дүниежүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, ғалым Әбу Насыр әл-Фараби. Ол өз заманындағы дамыған ғылым салаларына, өнеріне өзіндік үлес қосқан ғұлама болып табылады. Әл-Фарабидің ғылыми еңбектері 160-тан асады. Қазақстанда тек өткен ғасырдың 60-шы жылдары ғана баба мұрасын түбегейлі зерттеу ғалым Ақжан Машанидің бастамасымен қолға алынған болатын.

Барша адамзаттың ұлы ұстазы әл-Фараби мұрасында адам тәрбиесіне де қатысты құнды дүниелер жетерлік. Оларды қазіргі таңда ғаламдық өзекті мәселеге айналып отырған жаһандану процесі барысында адамның рухани мәдениетін қалыптастыру мақсатында пайдалану аса қажет. Сондықтан оқу құралында әл-Фарабидің еңбектеріне және жүргізілген зерттеулерге сүйене отырып, ұлы ғалымның педагогикасын қазіргі педагогикамен өзара байланыста көпшілікке таныту міндеті қойылды.

Ұсынылып отырған оқу құралында әл-Фарабидің өмірі туралы қысқаша мағлұмат беріледі, оның тәлімдік ой-пікірлері бүгінгі күндегі педагогика ғылымының теорияларымен байланыста қарастырылып, ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығы ашып көрсетіледі.

Оқу құралы 7 тақырыптан тұрады. Әрбір тақырыпты терең оқып-үйрену ғұламаның педагогикасын жан-жақты меңгеруге мүмкіндік береді.

Бірінші тақырып ғұламаның шығу тегі туралы мағлұматтарды қамтиды, екінші тақырып әл-Фараби мұрасын зерттеу деңгейін айқындайды. Қалған тақырыптардың мазмұнын ұлы ұстаздың педагогикалық ой-пікірлеріне жасалынған жан-жақты, әрі терең талдау құрайды.

Білімді тексеру оқу материалын меңгерудің нәтижесін көрсетеді. Осы мақсатпен тақырып бойынша ұсынылатын бақылау сұрақтары студенттердің білімін тексеруді көздейді.

Оқу құралының соңында берілген тест сұрақтары, реферат тақырыптары және шығармашылық тапсырмалар болашақ мамандардың дүниетанымдық ой-өрісін, шығармашылық белсенділігін және ғылыми ізденімпаздығын дамытуды көздейді.

Қосымша материалдар әл-Фарабиді әр қырынан тани отырып, оның мұрасын оқып-үйренуге қызығушылықты ояту мақсатында беріліп отыр.

Сонымен бірге оқу құралында ғұламаның педагогикасын өз бетімен терең оқып-үйрену үшін әдебиеттер тізімі ұсынылады.

Оқу құралы тек студенттерге ғана емес, мектеп мұғалімдеріне және ғылым тарихымен әуестенуші барша оқырманға да пайдалы болады деп сенеміз.

Тақырып 1. Ұлттың ұлы ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің шығу тегі туралы

Өз заманында Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған әлемге әйгілі ойшыл, ғұлама ғалым, халқымызға білімнің нәрін сепкен ұлттың ұлы кемеңгері Әбу Насыр әл-Фарабидің шығу тегіне тоқталайық.

Ұлы ұстаздың толық есімі бүгінгі таңда оның өз Отаны-Қазақстанда да әр түрлі жазылып келеді. Ең алғашқы Қазақ Кеңес энциклопедиясында ол: «Әбу Наср әл-Фараби (Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлағ Тархани)» деген атпен берілсе (1970, 2-том, 9-бет), ал сексенінші жылдардың соңында жарық көрген «Қазақ ССР» қысқаша энциклопедиясында: «Әл-Фараби, Фараби, Әбу Наср Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби» деген нұсқада берілген (1988, 3-том, 109-бет). Тәуелсіздік жылдарында басылған «Қазақстан» энциклопедиясында: «Әбу Наср әл-Фараби, Әбу Наср Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби» делінген (1998, 1-том, 613-бет). Бір елдің үш энциклопедиясында бабамыздың толық аты-жөні үш түрлі жазылған. Сонымен ұстаздың көзі тірісінде-ақ әлем мойындаған толық есімі қандай болған?

Дамаск қаласының Баб ас-Сағир қорымындағы баба зиратында араб тілінде алты жолдан тұратын мынадай сөздер жазылған: Фатиха (1-ші жол) Бисмиллаһи ир-рахман (2-ші жол) һаза зарих аль-алим уа аль-файласуф уа аль-адаб уа аль-муסיқи аль-ислами (3-ші жол) Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ (4-ші жол) аль-машһур Абу Наср аль-Фараби (5-ші жол) улиғам 260 хижра фи Фараб уа туффари фи Димашқ 329 хижра (6-шы жол). Бұл сөздердің аудармасы: Фатиха (Құран кәрімнің бірінші сүресі-1-ші жол), рахымды Алла атымен бастаймын (2-ші

жол), бұл зират мұсылман ғалымы және философы және әдебиетшісі және музыканты (3-ші жол), Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ (4-ші жол), мәшһүр Әбу Наср Әл-Фараби (5-ші жол) хижраның 260 жылы Фарабта туды және хижраның 329 жылы Дамаскіде опат болды (6-шы жол).

Бұл жазу баба зиратына ол қайтыс болғаннан кейін қойылған. Арада бірнеше жүздеген жылдар өтіп, жазу өшуге айналғанда оның бірде-бір сөзі, таңбасы өзгертілместен ақ мәрмәр тақтаға көшіріліп, құлпытастың бас жағына орнатылған. Зираттағы жазудан шығар қорытынды: оның шын аты – Мұхаммед, әкесінің есімі – Мұхаммед, атасының ныспысы – Тархан, бабасы Узлағ екен (бабамыз есімінің қазақша қалыптасқан айтылуы мен жазылуы Әбу Насыр екені белгілі) [1. Б.4].

Ұлы бабамыздың шыққан тегі оның туған жеріне де байланысты. Бұл жөнінде де біздің ғалымдарымыз зерттеулер жүргізіп, оның қазақ жерінің топырағында туғанын дәлелдеген. Олардың алғашқысы - қазақтың «қазақ» атанып, тарих сахнасына шығудан 600 жылдай бұрын – орта ғасырдың басында туған әл-Фарабиді қазақ еткен ғұлама әл-Машани Ақжан Жақсыбекұлы [2. Б.5]. Ол ғұламаның туған жеріне байланысты былай деп жазады: «әл-Фарабидің туған жері Сырдария бойындағы Фараб (Отырар) екенін дәлдеп жазып, картаға түсірген атақты ғалым-географ ибн-Хаукал. Ол өзінің «Китаб Масалик уа мамалик» аталатын географиялық еңбегінде Түркістан аймағының сипатын берген, қалаларын картаға түсірген. Ол Отырарды жазғанда, картаға түсіргенде әдейі арнайы тоқтап: «Бұл жер атақты ғұлама, асқан философ әл-Фарабидің туған жері», - деп жазған. Ибн-Хаукал әл-Фарабидің шамалы кіші замандасы және екеуі бірін-бірі

жақсы білген, екеуі де Сирияның сол кездегі атақты әмірі Сайф-ад-даула сарайында қызмет еткен адамдар. Ибн-Хаукалдың сол кездегі жасаған картасы біздің қолымызда. Оны қазіргі картамен салыстырғанда, ғажайып дәлдікті көреміз. Демек, әл-Фарабидің туған жері туралы ешбір күмән болмаса керек. Мұны дәлелдеп, анықтап көрсету себебіміз: кейбір адамдар әл-Фарабидің туған жерін бұлдыратып, оны Қазақстаннан алыстату қарекетін жасап, шатасатындары бар [3. Б.52]. Бұлай шатастыруға да өзіндік негіз бар. Себебі, сол дәуірде Орта Азияда бір емес, екі Фараб болған. Ежелгі Фарабтың бірі Әмударияның жағасында орналасқан екен. Академик В.В.Бартольдтің «К истории орошения Туркестана» атты еңбегінің Әмударияға арналған бөлімінде Макдиси, Балазури, Нершахи еңбектеріндегі деректер бойынша: «в середине века здесь были город Амуть на левой стороне реки и Феребр, или Фараб, на правой. О Фарабе еще говорится, что в половодье расстояние между ним и рекой уменьшалось до $\frac{1}{2}$ фарсаха, иногда река доходила до самого города. Фараб, как известно, сохранил до сих пор свое средневековое название», - деп жазылған [4. Б.161-162]. Бұл қала қазіргі Түркіменстанның Шарджоу облысында, В.В.Бартольд жазғандай, Әмудың оң жағалауында орналасқан, ортағасырлық атын күні бүгінге дейін сақтап, Фараб деп аталады. Ал әл-Фарабидің туған жері туралы ол ортағасырлық араб тарихшылары Ибн Халликан, Ибн Хаукаль, Истархи, Якут, т.б. еңбектерін талдай отырып, былай деп жазады: «Фараб...округ...в среднем течении Сыр-Дарьи, по обеим ее берегам, там, где в нее справа впадает Арыс. ...Главный город (касаба) назывался Кедер и лежал...восточнее Сыр-Дарьи, следовательно, его следует искать западнее руин позднейшего Отрара; от Сыр-Дарьи

до Отрара нужно было проехать 2 фарсаха. На западном берегу Сыр-Дарьи, в 2 фарсахах ниже Кедера, лежал Весидж, согласно Ибн Хаукалю, родиной философа Абу Насра аль-Фараби. Согласно Макдиси (273), главный город назывался так же как и сам округ. Фараб...следует считать новым городом, а Кедер-старым; даже позднейший Отрар постоянно отождествлялся с городом Фарабом. ...Ислам был принесен в Фараб, очевидно, лишь в саманидское время, после покорения Асбиджаба (или Исфиджаба) Нухом б.Асадом в 225/839-40 г.» [4. Б.525-526].

Сонымен Фараб, ең алдымен, округтың аты (нақтырақ болу үшін округ: Макдисиде - рустак, Якутта - вилайя); екіншіден, осы аттас округтің басты қаласы; үшіншіден, Фараб өзіне дейінгі ескі қала Кедердің орнына салынған, ал Весидж Кедердің іргесіндегі шағын қалашық болып табылады. Сондықтан ортағасырлық араб ғалымдарының әл-Фарабиді бірде Весидж (дұрысы - Уасидж), бірде – Кедер, бірде – Фараб, ал кейінірек Отырарда туған деп жазуындағы бәрінің айтып жүргені мұсылман дүниесінде Фараб деген атпен танылған өлкедегі осы аттас қала мен округ болып шығады [1.Б.4].

Отырар (арабтар оны Фараб деп атаған) – орта ғасыр заманындағы – Оңтүстік Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орта Азияның мәдени, ғылыми және саяси ірі орталықтарының бірі. 1956 жылы Мәскеуде жарық көрген көп томды «Дүниежүзілік тарихта» біздің заманымыздың III-IV ғасырларында Отырар өлкесі мәдениетінің жоғары болғаны айтылған.

Отырар шаһары ежелден келе жатқан түркі халықтарының, оның ішінде қаңлы, үйсін, қыпшақ, т.б. тайпалардың мекені болған. М.Қашқари «Диуани Луғат ат-

түрік» атты еңбегінде «Фараб қаласының түрікше аты-Қарашоқы» деген [5. Б.6].

Ал енді ру жағына келгенде әл-Фарабидей ұлы адамды халық адамы деп тану керек. Оның кезіндегі рулар басқаша болған. Сондықтан оны ұсақ руға байланыстыру шатастыру болады. Шындығында, әл-Фараби түркі нәсілдес тайпадан шыққан, туған жері Сыр бойы, Отырар десе болғаны, сонда ол өзінен өзі қазақ болып жатыр. Кейде оның жалпы руын қыпшақ деп кетеді. Бірақ әл-Фараби заманындағы қыпшақ сол кездегі, онан да бұрынғы түркі нәсілді халықтардың бәріне ортақ мемлекеттік, хандық ат, аңыздағы Өгіз ханның Қыпшағы деп білу керек [3. Б.59]. Осының дәлеліндей әл-Фараби есейген шағында Шам шаһарында жүргенде мына өлең жолдарын жазған:

Кеткенім жоқ, елім, сенен атақ, бақыт, тақ іздеп,
Шықтым, жұртым, шалғай ғылым атты шам іздеп...
Айналайын атам Қыпшақ, туған жерім, сағындым,
Өз атыңа, үрметіне қайда жүрсем табындым [6. Б.6].

Ұлы бабамыздың аты-жөні мен туған жерін анықтап алған соң, оның туған жылына қатысты мағлұматтарды да беруді жөн көрдік.

Ұлы ұстаз туралы неміс, ағылшын, француз, т.б. тілдердегі батыс авторлары, орыс ғылыми әдебиеттері мен энциклопедияларда оны 870 жылы туып, 950 жылы қайтыс болған деп жазады. Осы деректер Қазақ энциклопедияларының барлық басылымдарында да қайталанып, көптеген зерттеушілер еңбегінде де осы дата өзгеріссіз беріліп отырады. Мұның заң ғылымдарының докторы, профессор, 2003 жылы Дамаск қаласындағы баба зиратына барып қайтқан қоғам қайраткері М.Құл-Мұхаммед «жаңылыс есептен туған жаңсақ дерек» екенін айтады [35]. Оның туындауына төмендегідей жағдай себеп болғанын

атап көрсетеді: «Ортағасырлық араб зерттеушілері көбінесе әл-Фарабиді 80 жасқа келіп қайтыс болды деп жазады. Әл-Фараби зиратының басындағы жазуда ол хижраның 260 жылында туып, 339 жылдың реджеб айында, яғни желтоқсанның аяғы, қаңтардың басында, басқаша айтсақ, 79-дан асып, 80-ге қараған шағында қайтыс болғаны анық көрсетілген. ...Араб авторлары әл-Фарабидің туған, өлген жылдарын хижра бойынша көрсеткен. Біздің қазіргі қолданып жүрген григориан күнтізбесі бойынша хижраның алғашқы жылы 622 жылға сәйкес келеді, нақтырақ айтсақ, 622 жылдың шілде айының 15-інен 16-сына қараған түнге.... Хижра бойынша әрбір 30 жылдың 11 жылы 355 күннен, ал 19 жылы 354 күннен тұрса, григорианда 365-366 күннен тұрады. Айырма -11 күн. Сол себепті мұсылмандық жыл есебі 32-33 жылда григорианнан бір жыл қалып отырады. Сондықтан екі күнтізбедегі айырымды төмендегідей формуламен анықтауға болады: $260-260:33-622=874,12$. Осы есеп бойынша әл-Фараби қазір біз қолданып жүрген григориан күнтізбесі бойынша осы күнге дейін батыс және орыс энциклопедиялары жазып жүргендей 870 жылы емес (нақты мысал үшін: «Оксфорд» энциклопедиясы, 7-том, 2002, 304-бет; «Российский энциклопедический словарь», БРЭ, 2001, 2-том, с.1656), 874 жылдың басында туған болып шығады. Зират басындағы жазу бойынша ол хижраның 339 жылы қайтыс болған. Жоғарыдағы формула бойынша: $339-339:33+622=950,72$. Демек, әл-Фараби, григориан бойынша 950 жылдың екінші жартысында 77-ге қараған жасында қайтыс болған» [1. Б.4].

Қазіргі таңда педагогика ғылымының әдіснамасын жетілдіру және мазмұнын байыту үшін ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, өзінің жалпыадамзаттық және педагогикалық құндылығын жоғалтпаған рухани

мұраларымызды пайдаланудың теориялық және практикалық мәні зор. Теориялық тұрғыдан алатын болсақ, жалпыадамзаттық педагогикалық құндылықтар білім беру мазмұнын жаңа сапаға көтереді, педагогика ғылымының қайнар көздерін анықтайды, тұжырымдамалық негіздерін айқындайды. Практикалық тұрғыдан педагогика ғылымының қолданбалы қызметін іске асырып, тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді.

Ұлттық мәдениеттің тарихи аясының кеңейіп, қайта жаңғырып өркендеуі, халықтың рухани мұрасы мен дәстүрлерін бүгінгі күннің игілігіне жарату оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік дербестігін айғақтайды. Осы көшпелі өркениеттің тіршілік тынысына үлес қосып, биіктерге көтеретін болмыс – Адам. Бұл жөнінде түркітанушы ғалым А.Егеубаев былайша ой тұжырымдайды: «Осыдан он ғасыр бұрынғы бабалар сөзі көңілге үйірілгенде, көне дәуір ғұламаларының ой-толғамдары ұшқын атып санаға сіңгенде Адам баласының қарапайым, ғажайып даналығына, құдыретті мәңгілік қымбат қасиеттеріне үнсіз мойынсұнасың. Өмірдің өзіндей мәңгілік даналық. Тарихтың көзі де, өзі де – адам. Дамудың лүп-лүп соққан ыстық жүрегі де - адам. Адам пендесінің құйттай әжімді алақанынан нұр шашып жатқан тас дәуірі мен атом ғасырының небір кереметтері тарих атты ұлы көштің құс жолындай жарқырайды» [7. Б.5].

Философиялық тұрғыдан адам үшін пайдалы мәнге ие болатындардың барлығы, яғни адамзат қоғамының іргелі дамуы мен адамның жеке тұлғасын жетілдіруге тиімді ықпал ететіндердің барлығы құндылық болып табылады.

Қазіргі кезде мыңжылдық тарихы бар, ұлы бабаларымыздың қолымен жазылып, бүгінгі ұрпаққа жеткен құнды дүниелер даналықтың, парасаттылықтың құндылығы

ретінде жоғары бағаланып отыр. Олардың жалпыадамзаттық құндылық ретінде мәнін былай ашып көрсетуге болады:

- біріншіден, адамгершілік, руханилық, әсемдік, ақиқат, ізгілік, еркіндік, рахымшылдық, кешірімділік, тәуелсіздік сияқты жалпы құндылықтар жүйесі;

- екіншіден, ұлттың өз мәдениетін меңгере отырып, әлемдік рухани ынтымақтастық рухта дүниежүзі мәдениетімен байланысын қамтамасыз ететін ұлттық құндылықтар жүйесі;

- үшіншіден, тұлғаның жан дүниесін байытатын адами құндылықтар жүйесі.

Мұның өзі ортағасырда өмір сүрген ұлы ғұлама әл-Фарабидің еңбектерінің жалпы, ұлттық және адами құндылықтар жүйесі ретінде жалпыадамзаттық құндылық болып табылатындығын дәлелдейді.

Бақылау сұрақтары:

1. Ұлы бабамыз әл-Фарабидің әлем мойындаған толық есімі қандай болған?
2. әл-Фарабидің туған жері туралы не білесіз?
3. әл-Фарабиді қазақ еткен ғалым кім?
4. әл-Фарабидің Отаны Отырар қаласының тарихы туралы не білесіз?
5. әл-Фарабидің зираты қай жерде орналасқан?
6. әл-Фарабидің өмір сүрген жылдарын атаңыз.

Тапсырмалар:

1. «әл-Фараби Отаны – Отырар» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. <http://www.peoples.r> сайтынан ұлы бабамыздың өміріне қатысты материалдарды жинақтаңыз.
3. 06.11.2007 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Дамаскідегі Әл-Фараби тарихи-мәдени орталығының іргетасын қалау рәсімі туралы материалдар бойынша хабарлама дайындаңыз.
4. әл-Фарабидің туған жері Отырар қаласының тарихына байланысты фотоальбом дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
2. Құл-Мұхаммед М. Ұлттың ұлы ұстазы. – Егемен Қазақстан. – 2003. – 12 желтоқсан. – Б.3-4.
3. Абдраман Ш. Әл-Фараби және Әл-Машани // Әл-Фараби көпірі. – Алматы: Алатау, 2005. – 352 б.
4. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
5. Бартольд В.В. Работы по исторической географии. – М., 2002.
6. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы: Санат, 2002. – 176 б.
7. Әдекенұлы М. Ұстаз ұлағаты. – Орталық Қазақстан. – 2006. – 4 сәуір. – Б.6.

Тақырып 2. Фарабитану мәселелері

Жалпыадамзаттық құндылық ретінде ұлттың ұлы ұстазы әл-Фарабидің өмірі мен ғылыми мұрасы бүгінде әлемнің алуан тілде жазатын аса ірі ойшылдар еңбегімен толығып, «Фарабитану» атты тұтас бір ғылым саласына айналды. Фарабитануды құрайтын мол мұраны шартты түрде бес топқа жіктеуге болады.

Бірінші топқа ортағасырлық араб, парсы оқымыстыларының жазбалары кіреді. Олардың бастауында XII ғасырда өмір сүрген араб тарихшысы Абдул Хасан әл-Байхақидің «Даналық сөздерге толықтырма», Ибн Саид әл-Қифтидің «Ғұламалар мен ойшылдар туралы ақпарлар», Ибн Аби Усайбиғаның «Тәуіптер біліктілігі туралы мағлұматтар қайнары», Ибн Халликанның «Белгілі адамдардың опат болуы мен замана перзенттері туралы мағлұматтар» атты еңбектері тұрады.

Екінші топқа XIX-XX ғасырдағы Египет, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан ғалымдарының еңбектері жатады. Олардың ішінде Ш.Сами, Ю.Кумер, Д.Салиб, О.Амин, әл-Фақұр, әл-Жарр, А.әл-Ихвани, И.Мадкұр, К.Раджаби, Табризи, З.Сафа, М.Мехрдада, О.Фаррух, т.б. бар.

Фарабитанудағы үшінші топты батыс авторлары құрайды. Бұл саладағы ұстаз мұрасына ықылас XV ғасырдан басталады. Оларды А.Шмельдерс, М.Штейншнейдер, Ф.Дитерици, О.Шпенглер еңбектері құрайды. Сонымен бірге XIX-XX ғасырлардағы батыс ғалымдары ішінде неміс М.Хортен, Ф.Кирхнер, голланд де Буур, француздар И.Форгет, С.Дугат, Л.Гухтер, М.Мунк, Э.Ренан, И.Финнеген, итальяндар А.Нагу, К.Наллино, Г.Куадри, А.Кортабарин, испандықтар А.Г.Паленсия, М.Алонсо, американдық Г.Сартон, Р.Хаммонд,

Д.М.Дунлоп, Г.Фармер, Н.Решер, т.б. ғалымдар еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Фарабитанудағы төртінші үлкен топты патша және кеңес заманындағы орыс шығыстанушылары құрайды. Олардың ішінде В.В.Бартольд, В.В.Розен, М.Е.Оболенский, М.М.Филлипов, Е.Э.Бертельс, С.Н.Григорян, А.В.Сагдеев және тәжіктің көрнекті ғалымы Б.Ғафуровтар бар.

Фарабитану ғылымының бесінші тобына түркі тілдес халықтар ғалымдарының еңбектерін жатқызуға болады. Өткен ғасырдың ортасында бұл іске түрік оқымыстылары белсене атсалысты. Олардың ішінде А.Атеш, К.Бурслан, Н.Кеклик, С.Ануар, Х.Үлкендер бар. Әсіресе, Ахмед Атештің «Фараби шығармаларының библиографиясы» (1951), Зия Үлкеннің «Ислам философиясының тарихы» (1957), Нихат Кекликтің «Мантық тарихы» (1969) еңбектері - түрік фарабитануының көш басында тұрған дүниелер. Профессор А.Атештің библиографиясында әл-Фарабидің 160 трактатының аты аталып, олардың қашан, қай жерде жарық көргені немесе қайда сақталғаны жөнінде толық мағлұматтар келтірілген.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдарында Қазақстан фарабитанудың әлемдегі ең ірі орталықтарының біріне айналды. Қазақ фарабитанушыларының көш басында академик А.Машанов пен педагог-ғалым А.Көбесов тұрғанын ерекше атап өткен жөн. Сонымен бірге өткен ғасырдың соңғы ширегінде А.Қасымжанов, М.Бурабаев, Ә.Дербісалиев, Қ.Жарықбаев, Г.Шаймұхамбетова, С.Сатыбековалардың еңбектері қазақстандық фарабитанудың көкжиегін кеңейте түсті.

Фарабитану ғылымына өзбек ғалымдары М.Хайруллаев, О.Матякубов, тәжік ғалымы А.Джахид, т.б. өзіндік үлестерін қосты [1. Б.3].

әл-Фараби мұрасының педагогика ғылымында жалпыадамзаттық құндылық ретінде мәні орасан зор. Себебі, ғұламаның еңбектері педагогика ғылымының қайнар көзі бола отырып, оның философиядан бөлініп шығуы мен ғылыми жүйеге енуіне негіз болып табылады. әл-Фарабиді ірі педагог-ғалым ретінде неміс педагогы К.Шмидт өзінің көптомдық «Педагогика тарихы» еңбегінде атап өткен [8]. Ғұламаның педагогикалық көзқарастары туралы кеңестік педагогика тарихында ең алғаш рет А.Саади «Шығыстың педагогикалық ой-пікірлері» атты баяндамасында мәлімдеме жасады [9]. Ол тезис формасында әл-Фарабидің тәрбиеге байланысты айтқан ой-пікірлеріне қорытындылар жасайды, оның ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығын атап көрсетеді, бірақ ғұламаның педагогикалық көзқарастарын оның нақты ой-пікірлері арқылы мазмұндық тұрғыдан ашып көрсетпейді. Сонымен бірге әл-Фарабидің педагогикалық ой-пікірлері туралы Қ.Б.Жарықбаевтың [10;11], Х.Х.Тллашевтің [12;13], М.М.Хайруллаевтың [14] жекеленген еңбектерінде қарастырылып, ғұламаның адам мәселесі мен оның тәрбиесі, тәрбиенің мақсаты мен құралдары, ғылыми білім алу әдістері, оқушы мен мұғалім арасындағы қатынастар және т.б. айтқан идеяларына шолу жасалынады, олардың әлеуметтік міндеттерді шешудегі және ұрпақ тәрбиесіндегі құндылығына баса назар аударылады.

Қазақстандық көрнекті ғалым А.Көбесов «әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы» тақырыбына орындаған докторлық диссертациясында [15] ғұламаның педагогикалық көзқарастарын ғылыми тұрғыдан анықтап, педагогика ғылымының қалыптасу тарихына тың серпін берді. Ол зерттеу аумағында жүзден астам еңбектер жазып, ғұламаның белгілі еңбектері мен оның ғылыми-

философиялық мұрасы бойынша жарияланған басылымдар негізінде ұлы ойшылдың атақты педагог, әдіснамашы және әдіскер ретіндегі бейнесін жасап берді. А.Көбесовтың «Педагогическое наследие аль-Фараби» [16] «эл-Фараби» [17], «Математическое наследие аль-Фараби» [18], «Астрономия в трудах аль-Фараби» [19], «Сөнбес жұлдыздар» [20], «эл-Фарабидің ашылмаған әлемі» [21], т.б еңбектерінде эл-Фарабидің Шығыс Ренессансы дәуірінде философия, ғылым және ағарту ісінің алғашқыларының бірі болып, ортағасырлық таяу және орта Шығыста педагогика мен ғылыми білімнің философиялық негізін қалағанын, оның өзінің алдындағы, әсіресе Платон мен Аристотельдің педагогикалық мұраларын шығармашылықпен дамыту арқылы өзіне тән тәрбие мен білім беру туралы ілімді жасағанын анықтайды, эл-Фарабидің дидактикаға қосқан ерекше үлесін бөліп көрсетеді, оның ғылымдар жіктемесін ұсынғанын, олардың мазмұнын анықтағанын ғылыми тұрғыдан тұжырымдайды, «Музыканың ұлы кітабы» атты еңбегінің оқу-педагогикалық шығарма екендігін дәлелдей отырып, дидактикалық құндылығын ашып көрсетеді, ғұламаның математика, астрономия, әдіснама және әдістеме ғылымының қалыптасуына қосқан үлесін айқындайды және өзінен кейінгі таяу және орта шығыста, Европада педагогикалық ойлардың дамуына тигізген ықпалына ғылыми негіздеме береді. эл-Фарабиді ұлы педагог ретінде анықтап, педагогика ғылымының әдіснамасын дамыту бойынша зерттеу жүргізген көрнекті ғалым А.Көбесовтың еңбегі орасан зор, ешқашан құндылығын жоғалтпайтын рухани мұра болып табылады. Дегенмен, бүгінгі таңда эл-Фарабидің педагогикалық идеялары әрқырынан терең қарастырылып отырған шақта оның педагогиканың ғылым ретінде қалыптасуының бастау-бұлағы, қайнар көзі

екендігін ашып көрсету қажеттілігі артып отыр. Сондықтан қазіргі кезде педагогиканың арнайы зерттеу пәні бар ғылым ретінде қалыптасуы әл-Фараби есімімен байланысты екендігін дәлелді түрде негіздеу, Фараби еңбектерінің педагогика ғылымының әдіснамасын жасаудағы практикалық мәнін ашып көрсету, ұрпақ тәрбиесі туралы тұжырымдамалық идеяларының негіздерін айқындау, әлемдік педагогикамен үндестігі мен сабақтастығын анықтау, бүгінгі таңдағы педагогика теориясы мен практикасында алатын орнын бөліп көрсету, оларды білім беру жүйесінде қолдану бойынша нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жасау заман талабынан туындайды. Ұлттық педагогиканың адамзаттық өркениет құбылыстарымен терең байланыстылығы, ол үрдісті өз мәнінде зерделеу егеменді еліміздің жалпыадамзаттық даму жолындағы үлесін айқындап, рухани өсудің болашақ белестерін саралап көрсетеді. әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы сонау көне заманнан бүгінгі күнге дейін жеткен рухани даму үрдісінің үздіксіз желісін үзбей келе жатқан педагогика ғылымындағы жалпыадамзаттық құндылық ретінде әрқашан биіктерде тұратынын анық.

Бақылау сұрақтары:

1. Фарабитанудың бірінші тобын құрайтын зерттеулерге не жатады?
2. Фарабитанудың екінші тобын қандай ғалымдардың еңбектері құрайды?
3. Фарабитанудың үшін тобын қандай ғалымдардың еңбектері құрайды?
4. Фарабитанудың төртінші тобын қандай ғалымдардың еңбектері құрайды?

5. Фарабитанудың бесінші тобын қандай ғалымдардың еңбектері құрайды?

6. Фарабитанумен айналысатын қазақстандық ғалымдарды атаңыз.

7. әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы бойынша зерттеулер жүргізген ғалымдарды атаңыз.

8. «әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы» бойынша докторлық диссертациялық зерттеу жүргізген ғалымды атаңыз және оның қандай еңбектерін білесіз?

Тапсырмалар:

1. «әл-Фараби - дүние жүзіне әйгілі ғалым» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. әл-Фараби туралы дүние жүзі ғалымдарының, ойшылдарының, оқымыстыларының айтқан пікірлерін Интернет ресурстарын пайдалана отырып, жинақтаңыз.
3. әл-Фарабиді танытқан қазақстандық ғалым Ақжан әл-Машани туралы ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
2. Құл-Мұхаммед М. Ұлттың ұлы ұстазы. – Егемен Қазақстан. – 2003. – 12 желтоқсан. – Б.3-4.
3. Абдраман Ш. Әл-Фараби және Әл-Машани // Әл-Фараби көпірі. – Алматы: Алатау, 2005. – 352 б.

4. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
5. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы: Санат, 2002. – 176 б.
6. Жарықбаев К.Б. Психолого-педагогические воззрения аль-Фараби. – В кн. Материалы первой республиканской конференции по методике преподавания и педагогики высшей школы. – Алма-Ата, 1971. – С.265-276.
7. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – Б.10-39.
8. Тллашев Х.Х. Общепедагогические и дидактические идеи ученых-энциклопедистов Ближнего и Среднего Востока эпохи средневековья. – автореф. дисс. на соискание д.п.н. – М., 1986.
9. Хайруллаев М.М. Абу Наср аль-Фараби. – В кн.: Антология педагогической мысли Узбекской ССР (сост. С.Р.Раджабов и др.). – М., 1986. – С.44-46.
10. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – дисс. на соискание ученой степени д.п.н. в форме научного доклада. – Ташкент, 1990. – 39 с.
11. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 152 с.
12. Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 171 б.

Тақырып 3. әл-Фараби – педагогиканың негізін салушы

Педагогика ғылымының жүйесіндегі негізгі ғылыми пән болып табылатын жалпы педагогиканы оның жалпы негіздері, дидактика (оқыту теориясы), тәрбие теориясы және мектептану құрайды. әл-Фараби өз дәуірінде сол уақыттың талаптарына сәйкес осы мәселелерді қарастырып, еңбектеріне арқау еткенін бүгінгі күнде педагогика ғылымының даму тұрғысынан талдау арқылы көз жеткізуге болады. Сондықтан біз әл-Фараби еңбектеріндегі педагогикалық ой-пікірлерді қазіргі педагогикамен салыстыра отырып, қарастыруды жөн көрдік.

Халқымызға білімнің нәрін сепкен ұлттың ұлы ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби «кез келген адамның қалайтыны, мақсаты бақыт болып табылады» деп көрсете отырып, осы бақытқа жетудің жолы адамның бойында ізгілікті қасиеттердің қалыптасуы деп біледі: «Қайырымдылық бақытқа жету үшін керек. Ол табиғи түрде де, қалау түрінде де бола алады. Зұлымдық бақытқа жетуге кедергі жасайды» [22.Б.301]. Ал бақытты зерттейтін ғылымды азаматтық ғылым деп бөліп көрсетеді: «Азаматтық ғылым ең бірінші кезекте бақыт дегеннің не екендігін зерттейді: ал бақыт атаулының екі түрі болады. Оның алғашқысы – сырттай қарағанда бақыт болып көрінгенімен де, шын мәнісінде нағыз бақыт болып табылмайтын түрі. Ал екіншісі - өзінің мәнділігімен ерекшеленіп, ешқашанда айырбастауға болмайтын шынайы бақыт...Одан кейін азаматтық ғылым танып-білу және үлгі өнегелілік мақсатында адамның қылықтарын, өмір салтын, әдет-ғұрыптарын, мінез-құлықтарын, ерік-жігер қабілеттерін зерттейді» [23.Б.56]. Ғұламаның азаматтық ғылымға берген анықтамасы қазіргі

педагогиканың адамды тәрбиелеу туралы ғылым деген анықтамасына сәйкес келеді. Педагогиканың мақсаты, мұраты туралы Фараби ұсынған гуманистік идеялар мен қорытындылар адам өмірінің қазіргі кезеңінде де ағартушылықтың маңызды тіректерінің бірі болып отыр. «Біздің міндетіміз – бақытты адам тәрбиелеу. Бақыт материалдық және рухани игіліктерді өзіміздік мақсатта тұтытуда адамзат мұраттары мен құштарлықтарынан тыс та оқшау өзіне ғана тән жан рахатын беретін кішкене дүние жасауда емес. Азаматтың бақыты - асқақ та биік мақсат – жаңа өмір жолындағы жасампаз рухани күштердің гүлденуін терең сезінуде» [23.Б.147].

Ұрпақ тәрбиесімен, адамды тәрбиелеу мәселесімен айналысатын ұстаздардың қажеттілігі туралы әл-Фараби «Азаматтық саясат» еңбегінде былай дейді: «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болатын болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек. Әр түрлі индивидтердің түрліше қасиеттерінің айтылғанынан мынадай айқын қорытынды шығады: білуі тиіс болған нәрселер мен бақытты кез келген адам біле бермейді. Бұл нәрсе кез келген адамға бітетін қасиет емес. Ол үшін ақылгөй ұстаз керек» [22. Б.306].

Педагогикалық ойлардың даму тарихы ғылымдағы ұғымдар аппараты біртіндеп қалыптасқанын және олармен өзара байланыста педагогиканың жаңа ұғымдары пайда болғанын дәлелдейді. Педагогика ғылымында ұғымдардың пайда болуы негізінен адамзат қоғамының даму тарихымен тығыз байланысты. Алғашқы адамдардың пайда болуымен бірге үлкендердің өзінен кішілерді үйрету тәжірибесі

қалыптасып, ол ұрпақтан ұрпаққа «оқыту», «тәрбиелеу» ұғымдары ретінде жетіп отырды.

Қазіргі педагогика ғылымының мәнін және оның зерттейтін салаларын толық түсіну үшін, ең алдымен оның негізгі педагогикалық ұғымдарын қарастырудың маңызы зор. Әрбір ғылымның өзіне тән тану саласы және ғылыми ұғымдары бар. Мысалы, философияда мұндай ұғымдар - болмыс, материя, қозғалыс, саясаттануда - қоғамның өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастары, ал педагогикада - тәрбие, оқыту, білім беру.

Ұғымдар - объективтік құбылыстарды, қасиеттерді және қатынастарды бейнелейтін ойлау формасы. Сонымен бірге ұғымдар - біздің санамыздың сатылары. Педагогикалық ұғымдар арқылы педагогикалық құбылыстарды, олардың өзара байланысын танып-білуге болады. Педагогикада «мақсат», «әдіс», «кұрал», «даму», «қалыптасу» сияқты ұғымдар да кездеседі. Бірақ олар барлық ғылымдарға ортақ ұғымдар болғандықтан, педагогикада тек оқу, тәрбие мәселелеріне сәйкес қарастырылады.

Әл-Фарабидің педагогика ғылымының негізін салушы екендігін оның еңбектерінде қарастырылған педагогикалық ұғымдардың анықтамалары неғұрлым нақтылай түседі. Педагогиканың негізгі ұғымы болып табылатын оқыту мен тәрбиеге ғұлама мынадай түсініктеме береді: «Оқыту адамдар мен халықтарда теориялық қайырымдылық дарыту болады, ал тәрбие - білім-білікке негізделген өнер арқылы оларға этикалық қайырымдылық дарыту тәсілі. Оқыту сөз арқылы жүзеге асырылады, ал тәрбие кезінде адамдар мен халыққа белгілі қимыл-әрекет дағдысын егеді...» [24].

Әл-Фарабидің педагогикалық ұғымдарға берген анықтамасы қазіргі педагогикада «оқыту» мен «тәрбие»

ұғымдарына берген анықтамалармен сабақтасып, өзара байланысып жатады.

Қазіргі педагогикада «тәрбие» ұғымы кең және тар әлеуметтік мағынада, сонымен бірге кең және тар педагогикалық мағынада қолданылады.

Кең әлеуметтік мағынада, тәрбие - аға ұрпақ өкілдерінің жинақтаған тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізу. Тәжірибе деп барлық адамдарға белгілі білім, білік, ойлау тәсілдерін, адамгершілік, этикалық, құқықтық ережелерді, яғни бір сөзбен айтқанда, адамзаттың тарихи даму процесінде жасалынған рухани мұраны айтады. Тәрбие адамзат қоғамымен бірге қалыптасып, оның өмірі мен дамуының құрамдас бөлігі саналады, сондықтан қоғам бар жерде тәрбие де өмір сүріп, баршаға ортақ және мәңгілік категория ретінде әрекет етеді.

Көптеген философтар қоғамдық өмірді басқаратын заңдарға талдау жасай отырып, тәрбие мен қоғамның өндіргіш күштерінің даму деңгейі арасындағы объективті байланысты анықтады. Тәрбие қоғамның дамуына әсер етеді, өз кезегінде қоғам тәрбие үшін мүмкіндіктер жасайды. Тәрбиенің бағыты мен сипаты өндіргіш күштердің даму деңгейі мен өндірістік қатынастардың сипатына сәйкес келеді. Сондықтан тәрбие нақты тарихи сипатқа ие болады. Қоғамдық-экономикалық формация типінің өзгеруі тәрбие типінің өзгеруіне әкеліп соқтырады. Қоғамдық қатынастардың өзгеруі тәрбиенің мақсатын, міндеттерін, формалары мен ұйымдастыру жолдарын түбегейлі өзгертеді. Өмірдің әлеуметтік жағдайы да тәрбиенің сипатын және оның адамдардың санасы мен мінез-құлқына әсерін өзгертеді.

Қоғамда таптардың пайда болуымен байланысты тәрбие таптық сипатқа ие болады. Ол үстемдік етіп отырған

тапқа қызмет етеді, осы тап өкілдері тәрбиенің бағытын, мақсатын, мазмұны мен формасын анықтайды.

Тәрбиенің кең әлеуметтік мағынада алғанда, нақты әлеуметтік, әсіресе педагогикалық мәні - тәрбиемен, яғни жинақталған тәжірибені жеткізумен тек маман педагогтар арнайы құрылған оқу-тәрбие мекемелерінде айналысады. Қазіргі қоғамда өзінің күшін тәрбиеге бағыттайтын институттардың тұтас кешені әрекет етеді, олар - отбасы, бұқаралық ақпарат құралдары, әдебиет, өнер, еңбек ұжымдары, құқықтық тәртіп орындары.

Тар әлеуметтік мағынада, тәрбие деп қоғамдық институттардың адамға, оның бойында белгілі бір білім, көзқарас пен сенім, адамгершілік құндылықтар, саяси бағдар, өмірге дайындықты қалыптастыру мақсатымен ықпал жасауын айтады. Әрине, тәрбиенің табысты болуы барлық институттардың өзара бірлесіп, ұйымдасқан түрде жұмыс істеуіне байланысты екеніне күмән келтіруге болмайды. Дей тұрғанмен, қоғамда тәрбиелік ықпал ету орталығы арнайы ұйымдастырылған, мамандандырылған педагогтар басқаратын оқу-тәрбиелік мекемелер екендігі даусыз.

Кең педагогикалық мағынада алғанда, тәрбие деп - оқу-тәрбие мекемелерінде арнайы дайындалған мамандар арқылы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған біртұтас, саналы ұйымдастырылған педагогикалық процесті айтады.

Тар педагогикалық мағынада, тәрбие дегеніміз – нақты тәрбиелік міндеттерді шешуге бағытталған тәрбие процесі мен оның нәтижесі.

Оқыту - білім берудің жолы. Оқыту оқытушы мен оқушылардың біріккен іс-әрекеттері, сондықтан да ол екі жақты біртекті процесс: біріншіден, оқытушы оқушыларға білім беріп, олардың білік, дағдысын қалыптастырады,

екіншіден, оқушы таным міндеттерін жете түсініп, жаңа білімді, білікті, дағдыны игереді және оларды өмірде қолданады.

Міне, қазіргі педагогикадағы «тәрбие» мен «оқытуды» анықтау көрнекті ғалым А.Көбесовтің мына түсініктемесімен нақтыланып, әл-Фараби идеяларының бүгінгі күнмен үндесіп жатқанын аңғартады: «Фарабидің пайымдауы бойынша оқу – философия негіздерін, теориялық білімдерді игеру, ал тәрбие - ол мұғалімнің, тәлімгердің адамға белгілі бір адамгершілік, құлық қалыптарын және практикалық өнерді игеру дағдыларын қалыптастыру бағытындағы іс-әрекеті, ол шәкірттерге белгілі бір оң қасиетті, сапаны дарыту үшін қалай болса солай емес, белгілі бір мақсатты көздеген тәрбие жұмысына басты мән береді» [21.Б.150].

Әл-Фарабидің мұрасында педагогиканың негізгі ұғымы болып табылатын «білім беру» ұғымы да қарастырылған. «Оқу бастамасы біздерге болмыс бастауларын білу құралы болып табылады, ал олардан шығарылатын қорытындылар – ғылыми пәндерді игерудің бастамасы мен құралы» [24] деген ғұламаның анықтамасы қазіргі педагогикадағы «білім беру - оқыту нәтижесі, тура мағынасында ол оқып-үйренілетін пән туралы алғашқы түсініктің, ұғымның қалыптасуын білдіреді» деген анықтамамен өзара байланыс табады.

Сонымен бірге қазіргі педагогикада білім беру деп табиғат пен қоғам жайында ғылымда жинақталған білім, білік, дағды жүйесін жеке тұлғаның меңгеруін және оны өмірде тиімді етіп қолдана білуін айтады. Осы анықтамамен өзара тікелей мағыналас ғұламаның педагогика философиясы жайында айтқан ой-пікірі бар: «Көркемдіктің екі түрі, атап айқанда, тек білім және білім мен әрекет

болатындықтан, философия өнері де екі түрге бөлінеді: мұның бір түрі арқылы дүниеде бар заттарды, адам әрекеті дарымайтын заттарды танып, ол туралы білім аламыз. Бұл теориялық философия деп аталады. Екінші түрі арқылы адам әрекеті даритын заттарды, осындай қасиеті бар заттарды танып, сол туралы білім аламыз. Тамаша көркемдікті жасау қабілеті, атап айтқанда, дәл осы екіншісінде болады. Бұл өзі практикалық және азаматтық философия деп аталады...

Азаматтық философия екі түрге бөлінеді: оның біреуі арқылы жақсы әрекеттерді тудыратын және осы әрекеттердің себептерін анықтау қабілетін тудыратын жақсы әрекеттер мен мінез-құлықтарды танимыз. Осының арқасында тамаша нәрселер өзіміздің қасиетімізге айналады. Бұл түр этикалық өнер деп аталады... Екінші түрі қағидаларды, қағидалар дегенде, қала тұрғындары сол арқылы тамаша көркемдікке ие болу, оны сақтай білу қабілетіне жететін қағидаларды біліп алуды қамтиды. Бұл түр саяси философия деп аталады» [24].

Қазіргі кезде педагогиканың негізгі ұғымдарына «тұлғаны қалыптастыру» ұғымы да жатқызылады. Себебі, бүгінде білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты, бірінші кезекке оқушыларда пәндік білім, білік, дағдыны қалыптастыру емес, оның тұлғасын қалыптастыру қойылып, тұлғаға бағдарланған оқыту мен тәрбиелеуді іске асыру көзделуде.

Жеке тұлғаны қалыптастыру ұғымын ғұлама әл-Фараби былай анықтайды: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам

боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» [24].

Міне, осы айтылған мәселелер ұлы ойшыл әл-Фарабидің педагогиканың негізгі ұғымдарын анықтауға алғаш талпыныс жасаған ғалым екендігін дәлелдейді. Мұның өзі әл-Фарабидің педагогикалық идеяларын қазақ педагогика ғылымының қайнар көзі, бастау бұлағы ретінде қарауға толық негіз бар екендігін көрсетеді.

Бақылау сұрақтары:

1. әл-Фарабидің бақытқа жету туралы қандай пікірлерін білесіз?
2. Ұстаздардың қажеттілігі туралы әл-Фарабидің қандай пікірі бар?
3. әл-Фараби қандай педагогикалық ұғымдардың мәнін анықтаған?
4. әл-Фарабидің «оқыту» ұғымына берген анықтамасы қандай?
5. әл-Фарабидің «тәрбие» ұғымына берген анықтамасы қандай?
6. әл-Фарабидің «білім беру» ұғымына берген анықтамасы қандай?
7. әл-Фарабидің «тұлғаны қалыптастыру» ұғымына берген анықтамасы қандай?

Тапсырмалар:

1. «әл-Фараби іліміндегі педагогикалық ұғымдар» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. әл-Фарабидің «Бақытқа жол сілтеу» атты еңбегімен танысып, оның педагогикалық идеяларын айқындайтын негізгі ой-пікірлерін теріп жазыңыз.
3. әл-Фарабидің жалпы педагогикалық идеялары туралы ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
2. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы: Санат, 2002. – 176 б.
3. Жарикбаев К.Б. Психолого-педагогические воззрения аль-Фараби. – В кн. Материалы первой республиканской конференции по методике преподавания и педагогики высшей школы. – Алма-Ата, 1971. – С.265-276.
4. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – Б.10-39.
5. Тллашев Х.Х. Общепедагогические и дидактические идеи ученых-энциклопедистов Ближнего и Среднего Востока эпохи средневековья. – автореф. дисс. на соискание д.п.н. – М., 1986.

6. Хайруллаев М.М. Абу Наср аль-Фараби. – В кн.: Антология педагогической мысли Узбекской ССР (сост. С.Р.Раджабов и др.). – М., 1986. – С.44-46.
7. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – дисс. на соискание ученой степени д.п.н. в форме научного доклада. – Ташкент, 1990. – 39 с.
8. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 152 с.
9. Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 171 б.
10. Сарбасова Қ.А. Әл-Фараби – қазақ педагогика ғылымының негізін салушы. - Қазақстан және Ресей: ынтымақтастық жолы, мәдени байланыс, ғылым мен білім беру интеграциясы// Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Көкшетау, 2006. Т.1. - Б.201-205.
11. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 2-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 480 б.
12. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 3-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
13. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. / Құраст. Т.Ғабитов, Ғ.Құрманғалиева. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
14. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975.
15. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.

Тақырып 4. әл-Фарабидің педагогикалық мұрасындағы ізгілендіру идеялары

Қоғамда болып жатқан түбегейлі өзгерістер ХХІ ғасырда өндірістік парадигмадан жаңа білім мен ойлаудың жалпы әлемдік қағидаларына негізделген мәдениет парадигмасына; машиналы технологиядан әлеуметтікке; ғылыми білімдер түріндегі білім беру нәтижелерінен іс-әрекет әдіснамасына; ұлттық экономикадан әлемдік экономикаға көшу үрдістерінің дүниеге келуіне себепші болды. Мұның өзі білім беру жүйесінде жаңа парадигманы - ізгілендіру парадигмасын тудырды.

Ізгілендіру әл-Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған, ғұлама білім берудің ізгілендіру принципіне негізделуі қажет екендігін өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен. Міне, бүгінгі таңда әл-Фарабидің көрегендігі мен ғұламалығы дәлелденіп, мыңдаған жылдар өтсе де, жаңа білім беру парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр.

әл-Фараби білімді болудың нәтижесінде бақытқа жету үшін оны ізгілендіру керектігі туралы былай деп жазады: «Жаратылысында әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділік дәрежесіне жету үшін көп нәрсе керек, ол мұны өзі жалғыз жүріп таба алмайды және бұған жету үшін ол қандай да бір адам қауымын қажет етеді, осы қауымдағы адамдардың әрқайсысын оған қажетті нәрселердің жалпы жиынтығынан қандай да бір затты тауып беріп отырады. Оның бер жағында әрбір адам өзінен басқа екінші адам жөнінде де нақ осындай күйге түседі. Міне, сондықтан да бір-біріне көмектесіп отыратын біреуі екіншісінің өмір сүруіне қажетті нәрселердің бір бөлігін тауып беріп отыратын көптеген адамдар бірлестіктері

арқылы ғана адам өзінің жаратылысына сай кемелділік дәрежесіне жете алады» [24]. Кемелділік дәрежесі адамның білімділігімен, мәдениеттілігімен, парасаттылығымен, инабаттылығымен сипатталады. Сондықтан кемелділік дәрежесіне ие болу бақытқа қол жеткізудің басты, әрі қажетті шарты болып табылады. Ол жөнінде ұлы ұстаз былай дейді: «Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз...Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз» [24].

Адамдардың арасындағы қатынастардың да ізгілікке құрылу қажеттілігі туралы: «Адамдар туралы айтсақ, оларды қосатын, байланыстыратын дәнекер, тұтқа - адамгершілік болып табылады. Сондықтан адамдар адамзат тегіне жататын болғандықтан, өзара бейбітшілік, татулық сақтауы ләзім» [24]. Ғұламаның осы ойлары лаңкестік пен экстремизмге қарсы күрес бүгінгі күні барлық өркениетті елдердің басты мәселесі болып отыр шақта білім беруді ізгілендіру парадигмасының құндылығын арттыра түсетіні анық.

Ізгілендіру мәдениеттің объективті құбылысы бола отырып, жеке тұлғаны өз халқының рухани қазынасы, ұлттық мәдениеті, игі дәстүрлері негізінде рухани-адамгершілік тұрғыдан қалыптастыруды көздейді. Сондықтан бүгінгі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған негізгі міндет әрбір адамның өзін өзі тануға, өзінің ұлттық мәртебесіне ие болуға және қайырымдылық пен адамшылықты бойына сіңірген маңызды тұлға болуына көмектесу болып табылады.

әл-Фарабидің білім беруді ізгілендіру туралы педагогикалық көзқарастары бойынша Қ.Жарықбаев пен С.Қалиев мынадай түйін жасайды: «әл-Фарабидің оқу-білім, тәлім-тәрбие мәселелері жайлы айтқан пікірлерінің құятын үлкен бір арнасы адам атаулыны гуманистік, ізгілік қасиеттерге баулу мәселесіне келіп тіреледі. Адам деген ардақты атты лайықпен алып жүруден артық бақыттылық жоқ. Нағыз бақыт осы дүниеде ғана, оны басқа жерден іздестірудің қажеті жоқ. Әлемдегі жаман мен жақсыны адамның ақылы ғана ажыратады. Ақылды болу үшін ғылым меңгеру, өнерге жетілу аса қажет. Осы жолда өмір бойы еңбектеніп, әрекеттенген абзал, мұның өзі адамға зор бақыт. Бірақ дүниеде жалғыз жүріп бақытқа жетуге болмайды. Ол үшін бірлесіп, қоғамдасып әрекет ету керек. Адам алдымен ойлы, парастты болуға, ақыл-ойының жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөлуі қажет, парасаттылық адамға өзінен-өзі келмейді. Ол ұлан-ғайыр еңбек етіп, ғылым-біліммен молынан сусындаған кісіге ғана қонады. Бақытты болу, кәметке келу, қоғамдық тіршілікті жақсарту – барлығы да білімділікке байланысты» [25. Б.100].

Бақылау сұрақтары:

1. «Ізгілендіру» және «ізгілік» ұғымдарының мәнін ашып көрсетіңіз?
2. әл-Фарабидің қандай еңбектерінде ізгілендіру идеясы айқын көрінеді?
3. әл-Фарабидің ізгілендіру туралы негізгі ой-пікірлерін ашып көрсетіңіз?

4. әл-Фараби адамдардың арасындағы қатынастардың ізгілікке құрылуы туралы қандай ой-пікірлер айтады?

Тапсырмалар:

1. «Ізгілендіру - әл-Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. әл-Фарабидің ізгілендіру туралы ой-пікірлерінің қазіргі таңда білім беруді ізгілендіру тұрғысынан маңыздылығын ашып көрсетіңіз.
3. «әл-Фарабидің ізгілендіру идеяларының дамуы» тақырыбына ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
2. Жарықбаев К.Б. Психолого-педагогические воззрения аль-Фараби. – В кн. Материалы первой республиканской конференции по методике преподавания и педагогики высшей школы. – Алма-Ата, 1971. – С.265-276.
3. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – Б.10-39.
4. Тллашев Х.Х. Общепедагогические и дидактические идеи ученых-энциклопедистов Ближнего и Среднего Востока эпохи

- средневековья. – автореф. дисс. на соискание д.п.н. – М., 1986.
5. Хайруллаев М.М. Абу Наср аль-Фараби. – В кн.: Антология педагогической мысли Узбекской ССР (сост. С.Р.Раджабов и др.). – М., 1986. – С.44-46.
 6. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – дисс. на соискание ученой степени д.п.н. в форме научного доклада. – Ташкент, 1990. – 39 с.
 7. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 152 с.
 8. Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 171 б.
 9. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 2-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 480 б.
 10. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. / Құраст. Т.Ғабитов, Ғ.Құрманғалиева. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
 11. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975.
 12. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.

Тақырып 5. әл-Фараби еңбектеріндегі білім беру философиясы мәселесі

Қазіргі таңда педагогиканың әдіснамасын тек теориялық педагогика ғана емес, білім беру философиясы да құрайды. Сондықтан бұл мәселемен педагогтармен қатар кәсіби тұрғыдан білім беру проблемасын зерттеп жүрген психологтар мен философтар да айналысады.

әл-Фараби педагогиканың философиялық негіздерін зерттей отырып, білім беру философиясын жасаған, оны өркендетуге үлес қосқан ұлы ғалым-ұстаз болып табылады. Ол педагогиканы азаматтық немесе саяси философия құрамына жатқыза отырып, мынадай келелі ой-пікір айтады: «Тек тамаша көркемдікке жетуді мақсат ететін өнер философия немесе абсолюттік мағынада айқанда, даналық деп аталады...[24].

Білім беру философиясы - аксиология, онтология, гносеология, антропология тұрғысынан білім беруді әлеуметтік-мәдени гуманитарлық тәжірибенің ерекше саласы ретінде қарастыратын жалпы ілім, яғни шынайы кемеңгерлікке, парасаттылық пен данышпандыққа жетелейтін басты әдіснамалық негіз болып табылады. «Біз бақытқа тек әдемілік, пәк тазалықты бойға сіңіру арқылы жетеміз, ал ондай кемел тазалық пен әдемілік философия өнері арқылы келетіндіктен біз бақытқа нақты философия арқылы ғана жетеміз» [24]. әл-Фарабиді ғұлама етіп отырған осы ғылыми әдіснамалық ой-тұжырымдардың құндылығының жоғары екендігіне еш күмән келтіруге болмайды, себебі бүгінгі таңда білім беру философиясы педагогика әдіснамасы бойынша орындалатын зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Педагогиканың әдіснамасын анықтауда зерттеуші-ғалым В.В.Краевский өз көзқарасын былай білдіреді: «Педагогиканың әдіснамасы - бұл тек педагогика ғылымының негіздері мен құрылымы, педагогикалық болмысты бейнелейтін білімге қол жеткізудің жолдары мен тәсілдерінің принциптері туралы білім жүйесі ғана емес. Ол осындай білім алуды және арнайы-ғылыми педагогикалық зерттеулерді әдіснамалық қамтамасыз етуді, жаңа әдіснамалық білім алуды көздейтін іс-әрекет жүйесі» [26]. Осыдан мынадай қорытынды шығаруға болады, педагогика ғылымының объектісі педагогикалық практикалық іс-әрекет, ал педагогика ғылымы әдіснамасының объектісі ғылыми іс-әрекет болып табылады. Бұл мәселе ең алғаш рет әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» атты ғылыми маңызды еңбегінде қарастырылған. Осы кітаптың алғы сөзінде былай жазылған: «Қандай ғылым болсын, оның теориясына жетік болу үшін үш түрлі шарт керек: ғылымның барлық түпкі негіздерін – принциптерін білу керек; сол принциптерден осы ғылымға жататын қажетті қорытындыларды, салдарларды шығара білу керек; осы ғылым жайлы бұрын-соңды айтылған пікірлерді талдап, түзете білу керек.

Осы негізге сүйеніп, мен өз еңбегімді екіге бөлдім: бірінші бөлімде музыка ғылымының негіздерін түсіндіруге тырыстым, сонан кейін ол негіздерден қандай қорытындылар мен салдарлар шығатынын талдап көрсеттім. Екінші бөлімде музыка теориясын жасаушы аса көрнекті ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды...» [27].

Педагогиканың әдіснамасы мәселесі әл-Фарабидің педагогикалық мұрасының негізгі арқауы болғанын А.Көбесов былай атап көрсетеді: «Фарабидің пікірінше, ғылымдарды оқып-үйрену көп тәсілдермен жүзеге асады,

бірақ қайсысын басшылыққа алғанда да ғылымдағы бастапқы ұғымдарды, қағидаларды, алғышарттарды біліп алудан бастау қажет. Осының нәтижесінде түпкі шындық – болмыс және оның көріністері танып білінеді» [21.Б.159]. Мұның өзі әл-Фарабидің теориялық іс-әрекетті ғылыми іс-әрекетпен байланыстыра алғандығының белгісі болып табылады.

Педагогика ғылымының негізгі әдіснамалық негізі таным теориясы болып табылады. әл-Фараби философиясында таным теориясының тұжырымдамалық негізі жасалған. Бұл жөнінде белгілі философ ғалымдар Ж.Абдильдин, Ғ.Есім, Ә.Нысанбаев, А.Х.Қасымжанов, А.А.Қасымжанова және т.б. өз еңбектерінде қарастырып, ғылыми негіз берген болатын. Ж.Абдильдин өзінің «әл-Фарабидің логикасы және таным теориясы» деген ғылыми мақаласында былай деп жазды: «Ол таным теориясын дүниені, оның түрлерін тану, сана мен түйсік туралы ілім деп біліп, арнайы айналысты... әл-Фарабидің таным теориясы оның адам субъект ретінде сыртқы әлемге-объектіге қатынасы туралы ілімімен байланысты. Таным процесін басқаратын орталық адамның жаны болып табылады. Жанға адам денесінде өмірді сақтайтын және адамның сыртқы әлеммен байланыс жасауына ықпал ететін әртүрлі күштер тән» [28. Б.333]. Ал Ғ.Есім әл-Фараби ілімінің ерекшеліктерін бөліп көрсете отырып, мынадай тұжырым айтады: «Таным мәселесіне келсек, Фараби ақыл қуатына сенген. Ол «Ақыл туралы» трактатында адам ақылы жаратушы құдыретінің бір көрінісі деген. Ғылым-Фарабидің айтуынша ақылдың нәтижесі, оның екі түрі болады: теориялық және практикалық. Теориялық ғылымдар: логика, табиғаттану ғылымдары, метафизика, практикалық – этика мен саясат» [29. Б.45].

Сонымен данышпан ғалым әл-Фараби педагогика ғылымын білімнің ерекше түрі, іс-әрекеттің ерекше түрі, әлеуметтік институт ретінде қарастыра отырып, оның негізін қалаған ғұлама болып табылады.

Қазіргі кездегі ғылыми педагогика педагогика ғылымының тарихымен тығыз байланысты. Тарихи принцип дегеніміз қандай да болсын ғылым дамуының аса маңызды принципі, өйткені өткенді зерттеу, оны қазіргімен салыстыру осы заманғы құбылыстардың дамуының негізгі кезеңдерін жақсылап қадағалауға немесе өткеннің бағалы тәжірибелері мен жетістіктерін пайдалануға көмектесіп қана қоймайды, сондай-ақ қателіктерді қайталаудан сақтандырады және болашаққа жол сілтейтін ұсыныстарды неғұрлым негізді ете түседі.

Бақылау сұрақтары:

1. «Білім беру философиясы» ұғымының мәнін ашып көрсетіңіз.
2. әл-Фарабидің қандай ғылыми философиялық еңбектерін білесіз?
3. әл-Фарабидің ғылыми философиялық көзқарастарына сипаттама беріңіз.
4. әл-Фарабидің ғылымдардың шығу төркініне байланысты қандай пікірлерін білесіз?
5. әл-Фарабидің «Музыканың ұлы кітабы» атты еңбегінің мазмұнын қандай мәселелер құрайды?
6. әл-Фарабидің философиясындағы таным теориясының мәні неде?

Тапсырмалар:

1. «әл-Фарабидің философиялық көзқарастары» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. Белгілі философ Ж.Әбділдиннің «әл-Фарабидің логикасы және таным теориясы» атты мақаласына ғылыми педагогикалық тұрғыдан талдау жасаңыз.
3. әл-Фарабидің ғылыми философиялық еңбектері туралы ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 2-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 480 б.
2. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 3-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
3. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. / Құраст. Т.Ғабитов, Ғ.Құрманғалиева. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975.
5. Абдильдин Ж. Собрание сочинений в пяти томах. Т.5. – Алматы: Өнер, 2001. – 455 с.
6. Есім Ғ. Фалсафа тарихы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2000. – 278 б.

7. Кішібеков Д. Философия. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 210 б.
8. Құрманалиева А.Д. Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық іліміндегі әлеуметтік танымның онтологиялық және әдіснамалық негіздері. – философ. ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореф. – Алматы, 2003. – 27 б.
9. Даукеева С. Философия музыка Абу Насра аль-Фараби. – Алматы: Фонд Сорос Қазақстан, 2002. – С.23.
10. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
11. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
12. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы: Санат, 2002. – 176 б.
13. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – дисс. на соискание ученой степени д.п.н. в форме научного доклада. – Ташкент, 1990. – 39 с.
14. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 152 с.
15. Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 171 б.
16. Краевский В.В. Методология педагогики. – Чебоксары: Изд.-во Чуваш.унив-та, 2001. – 244 с.

Тақырып 6. әл-Фараби дидактикасы

Педагогикалық ойлардың тарихында әл-Фараби оқыту теориясын білім жүйесі ретінде анықтауға алғаш талпыныс жасады деуге толық негіз бар. Енді әл-Фараби еңбектеріндегі дидактика мәселелерін ашып көрсетейік.

әл-Фараби еңбектерінде дидактиканың негізгі ұғымдары «оқыту» мен «білім берудің» мән-мағынасы ашып көрсетіледі. «Оқыту адамдар мен халықтарда теориялық қайырымдылық дарыту болады», «Оқу бастамасы біздерге болмыс бастауларын білу құралы болып табылады, ал олардан шығарылатын қорытындылар – ғылыми пәндерді игерудің бастамасы мен құралы» [22]. Сонымен бірге ол «Бақытқа жету жайында» атты еңбегінде білім, оқыту мәселесіне ерекше мән бере отырып, «Егер өмірде бар нәрселердің әрбірі жөніндегі алғашқы білімдер зерттеушіні осы тектес көздеулі мақсаттағы анық білімге жеткізетін қағидалар мен шарттар болатын болса – ол сол заттағы оқу-білімнің негіздері» [22] дей отырып, оқудың, білімнің негізгі мағынасын ашып көрсетеді.

Оқыту процесінде басты әрекет танымдық іс-әрекет болып табылады. Ерте заманнан-ақ адам өзін қоршаған дүниенің заңдылықтарын және өзін-өзі, өзінің табиғатқа және басқа адамдарға қатынасын танып-білуге тырысты. Адамнан тыс таным процесінің болуы мүмкін емес. Сондықтан адам танымы белгілі бір қоғамда қоғамның практикалық қажеттілігіне сәйкес жүріп жатады. Ендеше адамзат дамуында адам танымының қоғамдық, тарихи сипаты болады. Таным-адам санасын дамытудың негізі. Танымды адамның жаңа, әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп есептеуге болады.

Г.Гегель «Таным дегеніміз - сыртқы заттар мен құбылыстар қасиеттерін, мәнді қатынастарын адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнелеудің қайшылыққа толы күрделі процесі» - деді [30]. әл-Фараби танымның екі жолын бөліп айтады. Адамның көрінеу (айқын) болмысы – бес сезім мүшесі. Көмес (жасырын) болмысы – рухани күш қуаты. Рухани күш-қуат, Фарабише, екеу: іс-әрекетпен айналысушы, таныммен айналысушы күш-қуат. Алғашқысы өсімдік дүниесінде, мақлұқат әлемінде және адам болмысында кездеседі. Танымның мақлұқаттық (түйсіктік) және адами (ғақыли) түрлері бар. Танымның бұл екі түрінің арақатынасын әркім өзінше шешкен. Демокрит пен Платон түйсікті бірінші қойғаны белгілі. әл-Фараби мұндай біржақты пайымға бармайды. Ол адамның денесінде пайда болған сезім оның ой ойлауынан туатынын айта келіп, таным процесін «тән» мен «жанның» өзара шарттылығы түрінде көрсетеді. Тән сырқат болса, дұрыс мағлұмат бере алмайды, соған сәйкес жан беретін ақпар да жалған болмақ. Түйсік (сезім) ғақли танымнан төмен. Шын білім ғақли таным арқылы келеді. Ғақли таным айнала дүниенің деректі жағын қалдырып, дерексіз жағын түгел қамтиды. Танымның бұл түрі кезінде адам «ақылға салады». Ақылдың өзі екі түрлі. Ақыл түріндегі кез келген адамның табиғи қабілеті және таным тереңдеген кезде қалыптасатын адамзаттық сипаттағы ақыл-парасат. Соңғысы әрекетшіл және бұл дүниеге тән, осы дүниенің заңдылығы. Тән өледі, бірақ әрекетшіл ақыл-парасат өлмейді [31.Б.17]. әл-Фараби «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайындағы пайымдама» атты еңбегінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне терең талдау жасай отырып, оны «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты

категорияларға бөліп, әрқайсысына мағыналық сипаттама береді. Ол «Актуальды интеллект, бұлар актуальды пайымдалғыш болғандықтан интеллектінің формалары болып табылатын интеллекцияның пайымдағыш объектілерін пайымдағанда, бұған дейін актуальды саналып келген интеллект жүре келе дарыған интеллектіге айналады» [22] дей отырып, интеллект ұғымын адам бойындағы парасаттылық қасиет ретінде түсіндіреді. «Адам бұл қасиетке тек ұлғая келе ие болады, өйткені жанның бұл бөлшегі ұзақ тәжірибені керек етеді, ал тәжірибе тек ұзақ уақыт бойына жинақталады және ол адамда (ілгеріде айтылған) ой қорытындыларымен нығая түседі» [22] деген ой тұжырымдары адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтыныны, интеллектінің өзі жүре келе, естіп, көріп барып дамидынын ескертеді. Сонымен бірге ғұлама өзінің «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» атты еңбегінде «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, ізгілік пен жаман қылық та адамға әуел бастан, жаратылысынан дарымайды. Бірақ ізгіліктер немесе жаман қылықпен (байланысты) күйге жаратылысынан бейім болуы мүмкін, сонда оған қандай да болсын басқа әрекеттерден гөрі әлгі (күйден) туатын әрекеттерді істеу оңайырақ болады. Дәл сол сияқты, ол жазумен немесе қандай да болсын басқа өнермен байланысты әрекеттерге бейім болуы мүмкін, сонда ол қандай да болсын басқа әрекеттерден гөрі әлгі әрекеттерді оңайырақ орындайды» [23.Б.158] дей отырып, адамның бойындағы жақсы және жаман қасиеттердің жаратылысынан емес, тұлғалық сапаларының даму жағдайына байланысты қалыптасатынын тұжырымдайды.

Табиғатты және қоғамды танудағы ең басты принцип - адамдардың әлеуметтік қызметінің мәнін ашып, оның сан

қилы қасиеттерін, түрлері мен формаларын, қоғамдық қатынастар мен сананың арақатынасын анықтау қажет. Адамның әлеуметтік мәні қанша бай, терең болса, адам қызметі сонша көп түрлі болып келеді. Таным процесінің диалектикасы белгілі бір тарихи дәуірде өндірістің, ғылымның даму дәрежесінен, білімдеріміздің шағындығы мен мәңгі дами беретін объективтік шындықтың шексіз күрделілігінің, ұшан-теңіз көптігінің арасындағы қайшылықтан көрінеді. Бұл қайшылық біздің білімдерімізді кеңейтетін, тереңдететін және анықтап отыратын ғылымның үсті-үстіне жаңа табыстарға жетуі формасында үнемі шешіліп, жеңіп алынып отырады, бірақ ешқашан да толық жоғалып кетпейді. Мұны танымның субъектісі мен объектісі арасындағы шешуші қайшылық дейді. Ол үнемі практика негізінде шешіліп, онан басқа формада қайта пайда болып отырады. әл-Фараби адамның танымдық әрекеті мәселесін зерттей отырып, мынадай құнды пікір айтады: «Адам зерттеу және оқу арқылы танып білуге талпынатын нәрселер алғашқыда белгісіз болады. Ал егер адам оны зерттеп, оған қол тигізсе, олар көздеулі мақсатқа айналады, егер де осылайша зерттеп, оқығаннан кейін адамда сенім, көзқарас немесе білім қалыптасатын болса, онда бұлар қорытындыға айналады» [22], яғни педагогикалық тұрғыдан келетін болсақ, таным – «адамның сана-сезіміндегі шындық құбылыстардың бейнесінің ерекше процесі» екендігін көрсетеді.

әл-Фараби еңбектерінде дидактиканың негізгі мәселесі білім беру мазмұны терең қарастырылған. Ол «Ғылымдар энциклопедиясы» атты еңбегін жаза отырып, оның кіріспесінде былай деп жазады: «Бұл кітапта біз белгілі ғылымдардың әрқайсысын дара-дара саралап, мазмұнын

толық баяндауды көздедік; сонымен қатар ол ғылымдардың бөліктері болса, оларды да атап, мазмұнын келтірмекшіміз.

Бұл кітап мынадай бес тараудан тұрады: 1. Тіл білімі және оның тараулары. 2. Логика және оның тараулары. 3. Математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астрономия, музыка, статика, айла-әрекет жөніндегі ғылым. 4. Физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары. 5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және кәлям (дін ғылымы). Бұл кітапта қамтылған нәрселердің барлығы да пайдалы деп білеміз, өйткені егер кімде-кім осы ғылымдардың кейбіреуін терең зерттеп, үйренбекші болса, ол құрғақ жоба, соқыр сезіммен емес, білікті және саналы түрде алдын-ала нені, не үшін үйренбекші екендігін, одан қандай пайда, абырой, атақ алатынын біліп отырады» [22]. Ғұламаның өзі айтып отырғанындай, аталмыш еңбекте көрсетілген әрбір ғылымның мазмұны толық ашып көрсетілген, ал оқу пәні ғылымдардың негізі болса, онда осы ғылымдар бойынша білім беру мазмұны айқындалып отыр. Мәселен, математикалық білім беру мазмұны былайша ашып көрсетіледі: «Өмірдегі заттардың зерттелетін, адамды ақыл-ойы ауытқуы мен абыржуынан құтқаратын бірінші тегі - сан мен шама. Сан мен шамаларды қамтитын ғылым – математика. Ең алдымен, біз саннан бастаймыз. Оқушының сан жөніндегі білім мағлұматтары бар, осының нәтижесінде есептеу жүргізіледі, сонымен қатар есептеуге, саналуға тиісті басқа шамалардың қалай есептелетіндігі жөнінде білім алынады. Онан соң ол шама, кескін, жағдай, реттілік, үйлесімділік пен жүйелілік жөнінде білім алады; ол сан барлық шамаларды оқып зерттейді...» [22].

әл-Фараби математиканы ірі жеті тарауға бөліп қарастырады: арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, жаратылыстану және метафизика. Осыдан кейін, математиканың осы әрбір саласы бойынша білім мазмұнын айқындайды. Мәселен, «Геометрия екі ғылымды біріктіреді: біріншісі – практикалық геометрия, екіншісі теориялық геометрия. Практикалық геометрия сызықтар мен беттерді ағаш ұстасы, темірші, тас қалаушы, жер өлшеушілердің ыңғайына лайық ағаш, темір, тас денелердің бетінде немесе жер бетінде қарастырады.

Осыған ұқсас практикалық геометрияның маманы сызықты, жазықты, шаршы, дөңгелек, үшбұрышты денелерді заттай материя түрінде белгілі бір өнердің пәні ретінде зерттейді.

Теориялық геометрия сызықтары мен жазықтарды абсолют мағынада барлық денелерге ортақ мағынада қарастырады» [22].


Азаматтық ғылымның мазмұнын былайша анықтайды: «Азаматтық ғылым ең бірінші кезекте бақыт дегеннің не екендігін зерттейді: ал бақыт атаулының екі түрі болады. Оның алғашқысы – сырттай қарағанда бақыт болып көрінгенімен де, шын мәнісінде нағыз бақыт болып табылмайтын түрі. Ал екіншісі - өзінің мәнділігімен ерекшеленіп, ешқашанда айырбастауға болмайтын шынайы бақыт...Одан кейін азаматтық ғылым танып-білу және үлгі өнегелілік мақсатында адамның қылықтарын, өмір салтын, әдет-ғұрыптарын, мінез-құлықтарын, ерік-жігер қабілеттерін зерттейді» [23.Б.56].

Сонымен әл-Фараби білім беру мазмұнын қарастыра отырып, оның негізгі элементтері білім, білік, дағды жиынтығы, танымдық іс-әрекет және әлемге, адамдарға қатынас нормалары екендігін ашып көрсетеді, олардың

әрқайсысы әлем бейнесін қалыптастырудың әдіснамалық негізін, мәдениетті қайта жаңғыртуды, сақтауды және дамытуды, еңбекке, оның өнімдеріне, адамдарға қатынас жасауды қамтамасыз етеді.

әл-Фараби еңбектерінде оқытудың принциптері де жүйеленген. Жүйелілік пен бірізділік принципі ғылыми білімнің жүйелі түрде берілуіне негізделеді, әл-Фарабидің ілімі бойынша математиканы оқу кезінде ой қозғалысы дерексізден деректіге, абстрактылардан нақтылыққа қарай бағытталуы, яғни арифметикадан геометрияға, геометриядан оптикаға, сонан кейін астрономияға, музыкаға, статикаға, айла-әрекеттер жайлы ғылымға көшуі қажет. Сондай-ақ, әл-Фараби музыка теориясын жасауда теория мен практиканың өзара байланысын принцип ретінде тұжырымдайды: «Ғылым мен өнер философия мен кемеңгерліктің нәтижесі деген пікір көп адамды адастырып жүр. Біз үшін маңыздысы мынау: музыкалық практика теориядан көп бұрын шығады. Практика дамудың барлық сатысынан өткен кезде мелодиялар пайда болып, музыкалық шығармаларды сезіну белгілі бір табиғи қалыпқа келген кезде және басқа музыкаға қатысты көптеген нәрселер шыққаннан кейін ғана теория пайда болады» [23]. әл-Фараби музыкасының философиясын зерттеген С.Даукеева «Ғалымдардың ақылмен ұғынуға болатын білім мен практика арасындағы байланысты анықтауға тырысуы ортағасырлық мәдениеттің өзіндік ерекшелігі болатын» деп есептейді. Мұны көптеген музыка теоретиктерінің ғылыми қызметті әртүрлі аспапта музыкалық шығармаларды орындаумен бірге алып жүргенінен көруге болады. әл-Фараби бұл мәселеге «Музыканың үлкен кітабында» тоқталып кетіп, рационалды-логикалық жолмен алынған мәліметтерді және

ғалымның «музыкант-практиктерден алғышарттар ретінде алуы керек» қазіргі заманғы музыка өнері мәліметтерін теорияда үйлестіру керектігін айтады [32.Б.23]. Жалпы, әл-Фараби еңбектерінде айқындалған дидактика принциптерін былай көрсетуге болады (Сурет 1):



Сурет 1 – әл-Фараби тұжырымдаған дидактикалық принциптер

Оқыту әдісі алға қойылған мақсатқа қол жеткізудің жолы екендігі белгілі. әл-Фараби еңбектерінде ғылым мен философияны оқып-үйрену үшін жекелеген әрекеттерден, тәсілдерден тұратын оқыту әдістері нақты тұжырымдалған. Оның «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактатында» Аристотельдің ғылымын, философияны меңгеру үшін қажет болатын тоғыз шарт айқындалады, осы шарттың әрқайсысы оқыту әдістеріне негізделеді:

- философиялық ағымдардың аты-жөнін білу;
- өткендегі ірі философтардың еңбектеріндегі негізгі мақсаттарды тану;
- философияға қажетті ғылымдарды тани білу;
- философия ғылымын үйретудегі мақсатты түсіну;
- Аристотель еңбектеріндегі қолданылған ғылыми ұғымдарды талдау;
- Аристотель өзінің еңбектерін оқыған адамнан терең жұмбақ сырларды шешуді талап еткен себебін білу;
- философ адамның міндеті мен тіршілік ережесін – қалпын түсінуі;
- Аристотель ілімін үйрену үшін қандай нәрселер мұқтаж екенін білу.

Осы шарттардан көріп отырғанымыздай, әл-Фараби оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған дамыта оқытудың талдау-жинақтау, ізденгіштік-зерттеушілік және эвристикалық әдістерін ұсынады.

Дамыта оқытудың бұл әдістерінің мәні мынадай белгілермен ерекшеленеді: әр адамның білімді өз бетімен дербес меңгеруі; оқытушының дайын білімді баяндауы іске асырылмайды, көрсетілген шарттарға сәйкес оқушылар жаңа білімді іздеуді ұйымдастырады; әрбір туындаған проблемалық жағдайларды өз бетімен шешіп, талдайды, салыстырады, тұжырымдап қорытындылайды. Осылардың нәтижесінде оларда нақты, берік білім қалыптасады.

әл-Фараби еңбектерінде оқытудың құралдарына да көп орын берілген. Ғұлама музыканы, сөз өнерін, философияны және басқа ғылым салаларын оқытудың құралдарына нақты мазмұндық сипаттама береді. Мәселен, музыканы оқыту құралы музыкалық аспаптар, сөз өнеріне баулу құралы тіл, ғылымды таныту құралы табиғат деп біледі. Сондықтан ол «жаныңды ақиқатқа жетелейтін, аузына даналық дәмін

толтыруға себеп болар жайларды бақылап, ойланып жүрсең, сонда ғана дүниенің кейбір жасырын сырларын түсіне аласың» деп, өмір шындығын, ақиқат кілтін ғылымның және ғылымды тудыратын табиғаттан іздейді.

әл-Фараби еңбектерінде оқытуды ұйымдастыру формалары туралы нақты жазбағанымен, өзінің педагогикалық іс-әрекеттерінде кеңінен пайдаланғаны туралы деректер бар. Бұл жөнінде фарабитанушы ғалым А.Көбесов былай деп жазады: «Фараби шәкірттерді оқытуда дәріс (сабақ) берудің қандай түрін қолданғаны туралы анық дерек жоқ. Алайда ол жоғары бағалап, құрмет тұтқан Ежелгі Грекиядағы Сократ, Платон, Аристотель мектептерінде білім беру, оқыту кейде лекциялар жиынтығы, кейде сократтық әңгімелесу түрінде, диалогтық сұхбат түрінде жүргізілгені мәлім. Мәселен, Фараби пір тұтқан Аристотель өз шәкірттерін көлеңкелі бақтың саясында сайрандап жүріп оқытады екен (осыдан барып «перипатетиктер»-сайрандаушы, қыдырушы философтар деп атап кеткен). Ол сабақтар күніне екі рет ертеңгілік және кешкілік болып өткен. Ертеңгі оқытылатын лекциялар дайындығы мол зерделі де зерек оқушыға, түсінікті болатын қиын мәселелерге (мысалы, философия) арналып, кешкілері көпшілік шәкірттерге жалпы білім беретін, көпке түсінікті де, қызықты тақырыптарға (мысалы, поэзия, музыка) бағышталған. Фараби де ұстазына еліктеп, Бағдат маңындағы бір баққа күзетші бола жүріп, сонда шәкірттеріне әңгіме, лекция түрінде сабақ бергенін көрсететін деректер бар. Әрине, ғұлама бұлардан өзгеше өз тарапынан ашқан және сол кездегі Шығыс педагогикасында қалыптасқан басқа да оқыту формаларын пайдалануы табиғи нәрсе» [21. Б.159].

Әбу Насыр әл-Фарабидің дидактикаға қатысты еңбектеріне талдау жасай отырып, оның дидактиканы оқыту теориясы ретінде алғашқылардың бірі болып тұжырымдағанына көз жеткіздік.

Бақылау сұрақтары:

1. әл-Фараби еңбектерінде дидактиканың қандай ұғымдары қарастырылады?
2. әл-Фарабидің таным процесі туралы ой-пікірлерін анықтаңыз.
3. әл-Фарабидің «интеллект» ұғымына берген анықтамасы қандай?
4. әл-Фараби «адамның танымдық әрекеті» туралы қандай құнды пікір айтты?
5. әл-Фараби еңбектерінде білім беру мазмұны мәселесі қалай ашып көрсетілген?
6. әл-Фараби қандай дидактикалық принциптерді тұжырымдады?
7. әл-Фарабидің педагогикалық мұрасында оқыту әдістеріне қандай орын берілген?
8. әл-Фарабидің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактаттыңда» философияны меңгеру үшін қандай шарттар бөліп көрсетілген?
9. әл-Фарабидің педагогикалық мұрасында оқытуды ұйымдастыру формаларына қандай орын берілген?

Тапсырмалар:

1. «әл-Фараби еңбектеріндегі дидактика мәселелері» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. әл-Фарабидің дидактиканың негізгі ұғымдарына қатысты ой-пікірлеріне талдау жасаңыз.
3. әл-Фарабидің еңбектеріндегі дидактикалық ұғымдар туралы ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 2-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 480 б.
2. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 3-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
3. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. / Құраст. Т.Ғабитов, Ғ.Құрманғалиева. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975.
5. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
6. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы: Санат, 2002. – 176 б.

7. Жарикбаев К.Б. Психолого-педагогические воззрения аль-Фараби. – В кн. Материалы первой республиканской конференции по методике преподавания и педагогики высшей школы. – Алма-Ата, 1971. – С.265-276.
8. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – Б.10-39.
9. Тллашев Х.Х. Общепедагогические и дидактические идеи ученых-энциклопедистов Ближнего и Среднего Востока эпохи средневековья. – автореф. дисс. на соискание д.п.н. – М., 1986.
10. Хайруллаев М.М. Абу Наср аль-Фараби. – В кн.: Антология педагогической мысли Узбекской ССР (сост. С.Р.Раджабов и др.). – М., 1986. – С.44-46.
11. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – дисс. на соискание ученой степени д.п.н. в форме научного доклада. – Ташкент, 1990. – 39 с.
12. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 152 с.
13. Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 171 б.
14. Сарбасова Қ.А. Әл-Фарабидің педагогикалық іліміндегі негізгі ұғымдар. - Қазақстан жоғары мектебі. - 2007. №1. - Б.15-18.
15. Сарбасова Қ.А. Орта ғасыр ғұламаларының еңбектеріндегі дидактика мәселелері. - Қарағанды университетінің хабаршысы. - 2007. - № 4 (48). - Б.87-93.

Тақырып 7. әл-Фарабидің тәрбие теориясы

Педагогиканың мәңгілік мәселелерінің бірі адамға тәрбиенің әсерін күшейту болып келеді. Жеке тұлғаны мақсатты түрде қалыптастыру мен дамыту ғылыми тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған тәрбие арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие бар жерде дамудың қозғаушы күштері, қоғамның және табиғи ортаның қолайлы әсері, барлық қоғамдық институттардың жұмысы ескеріледі. Тәрбиенің қазіргі ғылыми анықтамасы, яғни жеке тұлғаны мақсаты түрде қалыптастыру мен дамыту процесі ретіндегі тұжырымдамасы педагогикалық идеялардың ұзаққа созылған қайшылықтарының нәтижесінде пайда болды. Ұлы бабамыз әл-Фараби жалпы педагогиканың бір саласы болып табылатын тәрбие теориясының негізін салуға да орасан зор үлес қосты. Оны ғұламаның тәрбиенің мақсаты, принциптері, әдістері және мазмұны мәселелерін өз еңбектерінде қарастырып, тұжырымдамалық негіз жасағанынын байқауға болады. әл-Фарабидің тәрбие теориясын көрсетуді жөн көрдік (Сурет 2).

әл-Фарабидің «бақыт жолын сілтеу», «бақытты адамды тәрбиелеу» мәселелерін көтеруі тәрбиенің мақсатын айқындағанын білдіреді. Өйткені тәрбиенің нәтижелігін қамтамасыз ету үшін мақсат қою керек, сол сияқты бақытқа жету де мақсат. «Бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жату артық сөзді керек етпейді, өйткені бұл – мейлінше белгілі нәрсе. Жетушіліктің кез келгені адам талпынатын мақсат, өйткені жетілу дегеннің өзі бір игілік және оның өзі, күмән жоқ, адамның қалауы. Адам талпынатын қалаулы игілік ретінде мақсаттардың саны көп болғандықтан, бақыт солардың ішіндегі ең пайдалысы



Сурет 2 - әл-Фараби тәрбие теориясының мәні

болып табылады. Игіліктердің ішінде бақыт ең үлкен игілік екендігі және қалаулы заттардың ішінде адам талпынатын ең жетілген мақсат екендігі айқын» [24].

әл-Фарабидің бақыт пен жетілгендік өлшемдерін мақсат етіп қойған қоғамның жетік мүшесі – күш-қуатын, жан-тәнін қоғам өміріне құрбан етіп, өз бақытын қоғамға қызмет еткеннен табатын адам. Ондай адам байлығына, дәулетіне қарай емес, рухани қазына-байлығына қарай бағаланады. Қайырымды қоғамда білім мен білік байдың байлығын көркемдесе, кедейдің кедейлігін жасырады. Ойшылдың осы орайдағы «білім» тұжырымдамасы бойынша жетік басшы қоғамды үйрету жолымен, яғни теориялық ізгілік дарыту арқылы және тәрбие жолымен, яғни этикалық ізгілік пен өнер арқылы кемелдендіреді [31. Б.18]. Ғұламаның бұл тәлімдік ой-пікірлері қазіргі педагогикадағы «тәрбие - жеке тұлғаны мақсатты түрде қалыптастыруға бағытталған процесс, бұл тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің арнайы ұйымдастырылып, басқарылатын және бақылауға алынатын өзара іс-әрекеті, негізгі мақсаты - қоғамға керекті және пайдалы жеке тұлғаны қалыптастыру» деген тұжырымымен сабақтастық тауып, өзара астарлас болып келеді.

Педагогика ғылымында адамгершілік тәрбиесі тәрбиеленушілердің бойында қоғамдық мораль талаптарына сай келетін адамгершілік сапаларды қалыптастыру мақсатында олардың сана-сезіміне, мінез-құлқына саналы, әрі жүйелі түрде әсер ету ретінде анықталатыны белгілі. Ал адамгершілік адамдардың күнделікті қарым-қатынасына байланысты ізгілендіру принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет болып табылады. Қоғамдық сана формасына жататын мораль - адамның бір-біріне деген қатынасын белгілеп, тарихи өзгеріп отыратын

нормалардың, принциптердің, ережелердің белгілі жиынтығы. Мораль принциптері мен ережелерін орындау қоғамдық пікірге негізделген. Оның ережелерін бұзғаны үшін ешкім заң бойынша қылмысқа тартылмайды, бірақ оның әсері құқықтан кем емес. Мораль - адамдардың адамгершілік дамуының ең жоғарғы сатысы. Адамгершілік тәрбиесі адамгершілік ұғым, принциптер, мінез-құлық нормалары жайында біліммен қаруландырады. Адамгершілік ұғымдарды тек қана жаттап алып, есте сақтап қана қоймай, оларды оқу-тәрбие, еңбек процесінде іске асыру қажет. Сонда ғана адамгершілік принциптері моральдық сенімге айналады.

Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері:

- адамның әрбір жеке қасиетінің (ізгілік, адалдық, батылдық, т.б.) жиынтығы болатын адамгершілік сенімді, сезімді және әдетті қалыптастыру;
- адамдарға құрмет сезімін дамыту, кішіпейілдікті, қайырымдылықты тәрбиелеу;
- жеке мүддені қоғамдық мүддемен ұштастыра білуге тәрбиелеу;
- патриотизм мен интернационализмге тәрбиелеу.

Біз ғұламаның еңбектеріне талдау жасай отырып, оның педагогикалық мұрасында жеке тұлғаның адамгершілік тәрбиесі мәселесі басты орын алғандығына көз жеткіздік.

әл-Фараби тұлғаның адамгершілік тәрбиесіне байланысты әлеуметтік-этикалық трактаттар жазып, адамдардың арасындағы адамгершілік қатынастардың болуы мен адамгершілік мінез-құлықты игеру мәселесіне ерекше мән берген. Оның «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері, «Бақытқа жету жайында», «Қайырымды қала (ел) тұрғындарының көзқарастары», «Кеңес (танбих) кітабы»

деп аталатын ғылыми еңбектерінде адамгершілік сапаларға сипаттама беріліп, оны қалыптастырудың әдіс-тәсілдері мен жолдары көрсетілген. әл-Фараби өз зерттеулерінде этика, мораль мәселелеріне ерекше назар аударып отырған. Этиканың зерттеу объектісі - мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген. әл-Фарабидің айтуы бойынша, этиканың ең жоғары категориясы - бақыт болып табылады. Сондай-ақ, ол адам бойындағы ақыл-парасатты этикалық-адамгершілік қасиеттерден бөліп қарауға болмайды деген пікір айтады. Ақыл мен адамгершілік, қайырымдылық өзара табиғи түрде байланысып жатқан құбылыстар екенін түсіндіреді.

әл-Фараби «кез келген адамның қалайтыны, мақсаты бақыт болып табылады» деп көрсете отырып, осы бақытқа жетудің жолы адамның бойында ізгілікті қасиеттердің қалыптасуы деп біледі: «Біз жақсы мінез-құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз...Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз» [22.Б.335].

әл-Фараби өзінің әлеуметтік-этикалық трактаттарында адамның бойындағы жақсы және жаман мінез-құлықтарға сипаттама бере отырып, солардың негізінде адамның жасайтын әрекеттерін анықтайды: «Жақсы мінез-құлық беретін әрекеттер - әдепті кісілерде болатын әрекеттер. Жаман мінез-құлық беретін әрекеттер болса, әдепсіз кісілердің іс-әрекеттері болып табылады» [23.Б.138].

Ғұламаның «Бақытқа жету жайында» атты еңбегінде тұлғаның адамгершілік сапалары мен оны қалыптастырудың әдіс-тәсілдері, жолдары көрсетіледі. «Енді біз жақсы адамгершілік сапалар туралы, сондай-ақ

осылардың негізінде туатын және мораль саласында ең абзалы болып табылатын нәрсеге қарай ойымызды сілтейтін мінез-құлық туралы әңгімелегеніміз жөн» [20.Б.337] дей отырып, әрбір адамшылық қасиет туралы, оның тең ортаға түсуі, шектен шығуы немесе жетіспеуі қандай әрекеттерге апаратынын негіздейді, мінез-құлықтағы кемшіліктерді орта шамаға келтіру арқылы түзету жолдарын ұсынады. «Доскерлік адамшылықтағы жақсы қасиет, бұл өзі адамның басқа адамдармен тиісті шамада қарым-қатынас жасауынан туады, осының арқасында ол өзінің жүріс-тұрысынан, сол адамдармен әңгімесінен жақсы ләззат алады. Бұл жөнінде артық кету – жарамсақтыққа соғады, ал достыққа кемтар болу – тәкаппарлыққа итереді. Ал енді осы ретте ол басқаны ренжітетін іс жасаса, онда бұл дұрдараздыққа апарып соқтырады» [22.Б.338] - деген сияқты, «ержүректілік», «жомарттық», «ұстамдылық», «сөзге тапқырлық», «шыншылдық» қасиеттеріне мазмұндық сипаттама береді. Сонымен бірге адам бойындағы жақсы және жаман-мінез құлық сапаларының туа пайда болмайтынына, өмір тәжірибесі негізінде қалыптасатынына ерекше мән береді: «Этикалық ізгіліктер мен жаман қылықтар адам жанында кісілік (сападан) туатын әрекеттердің белгілі бір уақыт бойына көп рет қайталануы және оған бой үйренуі нәтижесінде пайда болып, тұрақтайды. Дәл өнердегі сияқты мұнда да ізгілікті әрекеттер қайырымдылыққа, теріс әрекеттер жаман қылықтарға бастайды, мәселен, жазу өнерінде осылай болады, бір жазумен (байланысты) әрекеттерді сан рет қайталап, оған дағдылансақ, мұнан бізде жазу өнері пайда болып, тұрақтайды, егер қайталау арқылы өзімізде дағдыға айналдырған бұл әрекеттер жаман болып шықса, біз жаман жазып дағдыланамыз, жақсы болып шықса, жақсы жазып дағдыланамыз» [23.Б.158].

«Тәрбие теориясы» курсы бойынша адамгершілік тәрбие беру мәселесін қарастырғанда, әл-Фарабидің педагогикалық идеяларын негізге алу тақырыптың мәнін ашуға, әрі теориялық тұрғыдан мазмұнын толықтыруға мүмкіндік береді. Оларды мынадай бағыттарда пайдалану қажет:

- ізгілік – адамгершілік арқауы;
- адам бойындағы адамгершілік сапалар – рухани даму көзі;
- адамның ізгілікті және теріс әрекеттері - жақсы және жаман мінез-құлық дағдысын қалыптастыру негізі ;
- тәрбие әдістерін дұрыс таңдап алу – тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудің кепілі.

Енді осы бағыттар бойынша әл-Фарабидің «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» еңбегінен дәйекті идеяларды бөліп көрсетейік. Мәселен, 1-ші бағыт бойынша: «Ізгілік жағынан бірауыздылық бөтенсінуге және ала ауыздықтың тууына жол қалдырмайды, өйткені ізгіліктің мақсаты бір: ол-игілік, оны адамдар басқа бір нәрсе үшін емес, соның өзі үшін тілейтін игілік. Екі (адамның) тілегі және олардың ниеті игіліктің өзі болып танылатын, олардың бұған жеткізетін жолы да бір, бұған деген сүйіспеншілігі де бір. Осындай мақсаты бір болып тұрғанда, олардың арасында еш уақытта ала ауыздық болмайды. Ала ауыздық тек тілектің әртүрлі болуынан және мақсаттың өзгешілігінен туады» [23. Б.204].

Екінші бағыт бойынша ғұламаның мынадай керемет тәрбиелік мәні зор идеясы бар: «Игілікті болып табылатын әрекеттер – екі карама-қарсы шектің арасындағы бірқалыпты істер, ал ол екі шектің екеуі де жаман әрекеттер. Дәл сол сияқты, ізгілік те – екі түрлі күйдің арасындағы

рухани күйлер мен қасиеттер, ол екі шеткі күйдің екеуі де теріс жағдай. Біреуі – ысырапшылық, екіншісі – тапшылық. Мәселен, пәктік – құмарлық пен ләззат сезімінің жоқтығының аралығы, бұл екеуінің бірі – құмарлық артықшылық, екіншісі – тапшылық... Қарапайымдылық қасиет – бір жағынан тәкаппарлықтың және, екінші жағынан, ұялшақтықтың аралығындағы кісілік қасиет. Ізгілік – бір жағынан – мақтаншақтықтың, менмендіктің, атаққұмарлықтың және екінші жағынан, мүсәпірліктің аралығы. Мейірбандық – шексіз ашу мен (адамның) мүлде еш нәрсеге ашуланбайтын (күйінің) аралығы. Ұялшақтық – бір жағынан» ұятсыздықтың және екінші жағынан, жасқаншақтық пен ұяндықтың аралығы. Достық көңіл – жек көрушілік пен жарамсақтықтың аралығы. Басқа (қайырымдылықтардың) бәрінде де істің жай осындай» [23.Б.161].

Адамның ізгілікті және теріс әрекеттері - жақсы және жаман мінез-құлық дағдысын қалыптастыру негізі екендігін әл-Фараби өзінің мынадай тәлімдік-тәрбиелік ой-пікірлері арқылы дәлелдейді: «Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жүзеге асыруға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істер мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары – сұрқиялық, кемістік немесе опасыздық болып шығады» [23.Б.154].

Тәрбие әдістерін дұрыс таңдап алу тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудің кепілі екендігін ең алғаш әл-Фараби бабамыз өз еңбектерінде тұжырымдаған болатын. Оның дәлелі ретінде ғұламаның еңбектерінен құндылығы жоғары педагогикалық идеяларды молынан көрсетуге болады. Ол «Ұғымталдықтың түрі көп болады. Үйдің істерін басқару тәсілдері жөніндегі тамаша пайымдау – бұл отбасындағы пайымдағыштық. Қалаларды басқарудың

неғұрлым қолайлы тәсілдері туралы тамаша пайымдау – бұл мемлекеттік пайымдағыштық. Бақытқа жетудегі пайдалылығына және қажеттілігіне қарай байлық, ұлылық және басқа сондайлар сияқты адамзат игіліктерін табу жолымен жақсы тұрмысқа жетуде ненің қолайлы, лайықты болатыны жайындағы тамаша пайымдау. Кеңесумен байланысты болатын, атап айтқанда, адам өзінің пайдалануы үшін емес, үйді, қаланы немесе тағы сондайды басқару ісінде басқаларға кеңес беру табатын ақыл да сондай. Ерекше (қабілет), атап айтқанда, жауға немесе жалпы бақталасқа қарсылық көрсету және оны тойтару тәсілдері жөнінде дұрыс, жақсы көзқарасты таңдап ала білу қабілеті де сондай. Сірә, адамға өзіне қатысты барлық істе азды-көпті пайымдағыштық қажет болса керек. Бұл адамның өзі шұғылданатын іске байланысты: ісі зор немесе үлкен болса, оған неғұрлым күшті және жетік пайымдағыштық керек болады, ал егер іс кішкене немесе маңызсыз болса, оған болмашы пайымдағыштық да жеткілікті. Пайымдағыштықты қатардағы қарапайым адамдар ақыл деп атайды. Егер адамға осындай күш тән болса, жұрт оны ақылды деп атайды» [23.Б.173] дей отырып, қандай да бір тәрбиенің әдіс-тәсілдерін таңдап алуда терең ой-сананың, ақыл-парасаттың қажеттілігін көрсетеді. Бұл бүгінгі таңда педагогиканың негізгі аксиомасы болып табылады.

Ғұламаның жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеуде ұсынған әдістерінің бірі тең орта шаманы табу болып табылады: «Тең орта шаманы табу алғаш қарағанда өте қиын болғандықтан, адам өзінің мінез-құлқын нормаға келтіруге немесе мүмкіндігінше нормаға жақындатуға бағытталған амалдарды пайдаланады... Мінез-құлықтың орташа шамасына жету үшін қолданылған амалдар өзімізде

дағдыға айналған мінез-құлықты қарастыру болып табылады, егер мінез-құлқымызға тән нәрсе артық кету болса, онда біз өзімізді осының қарама-қарсысынан, атап айтқанда, жетімсіз болудан түсетін әрекеттерге баулимыз, егер мінез-құлқымызға жетімсіздік тән болса, онда өзімізді артық кетуге сәйкес әрекеттерге баулимыз. Біз осыны біраз уақыт жасаймыз. Сонан соң өзімізде қандай мінез-құлық қалыптасып шыққанын ойластырып қарастырамыз» [22.Б.340].

Осылайша әрбір бағыт бойынша ғұламаның адамгершілік тәрбие туралы өте құнды идеяларынан бірнеше мысалдар келтіруге болады. Осындай тәлімдік ой-пікірлер арқылы қазіргі таңда педагогика пәнінен білім беру мазмұнын жаңарту, толықтыру және байыту ұрпақ тәрбиесіне игі әсерін тигізетіні анық. Сондықтан педагогика салалары бойынша оқытылатын пәндердің білім беру мазмұнын терең талдап, әл-Фарабидің адамгершілік тәрбие туралы құнды идеяларын тақырыптарға сәйкес пайдалануды әрбір оқытушының міндетіне айналдыру аса қажет.

Қоғамдық сананың формасы ретінде өнердің негізгі атқаратын қызметі - дүниені көркемдік тану, өмірге эстетикалық қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның азаматтық және рухани адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие - адамның өмірдегі, өнердегі, табиғаттағы әсемдікті, асқан сұлулықты сүйсініп, сезім арқылы ұнатуы, дұрыс ұғынып, ләззат алуы. Көркемдік негіз еңбекті одан сайын қасиеттендіреді, тұрмысты сәндендіреді және адамның жоғары моральдық қасиетін қалыптастырады. Міне, осы мәселе ең алғаш рет эстетика ғылымының негізін салушы әл-Фараби еңбектерінде қарастырылды. Оның эстетикалық

көзқарастары бойынша жүргізілген зерттеулер екіге бөлінеді: ғұламаның эстетикалық көзқарастары (А.В.Сагадеев, М.С.Бурабаев, А.Х.Қасымжанов, Н.Х.Жолмухамедова және т.б.) және оның музыкалық эстетикасы (О.Матякубов, А.В.Бряннов, В.П.Шестаков, М.М.Хайруллаев, т.б.). әл-Фараби әдіснамалық тұрғыдан эстетикалық мәселелерді философияның құрамдас бөлігі ретінде қарастырады, сондықтан оның көзқарастарында эстетикалық, әлеуметтік-саяси және өнер мәселелері өзара астасып жатады. әл-Фарабидің эстетика және өнер туралы ой-пікірлерінің және музыкалық шығармашылығының екі негізгі қайнар көзін бөліп көрсетуге болады: 1) ежелгі грек философтары Гераклит, Демокрит, Платон, Аристотель және т.б. теориялық мұрасы; 2) Шығыстың бай әдебиет пен музыка дәстүрлері.

Эстетиканың негізгі категориясы мен «әсемдік» әл-Фарабиде екі ұстаным тұрғысынан тұжырымдалады:

1) қайырымды мен пайдалы әсемдігінің өзара байланысы;

2) табиғат сұлулығына және адам сұлулығына тиеселі детерминизмдер.

Иерархия тұрғысынан ол алғашқы және мәңгілік деп ол табиғаттағы әсемдікті мойындайды, ал адамнан шығатын және өнер арқылы іске асырылатын қайырымдылық пен әсемдікті ол екінші деп біледі [33. Б.110].

әл-Фараби эстетикалық тәрбие мәселесін көтере отырып, тән сұлулығы мен жан сұлулығы жарасқан адамның кемелділігі туралы тағылымдық ой-пікір айтады. «Адамның мінез-құлқын кемелдендіретін іс-әрекеттер адамның тәнін кемелдендіретін іс-әрекеттерге ұқсайды. Тәннің кемелдігі-денсаулық.. денсаулық бар болса, оны сақтау керек. Жоқ болса, оған жетуге тырысу керек. Тәнді

сауықтыратын іс-әрекеттер тек қалыпты деңгейде болса ғана, саулыққа жетуге болады. Мысалы, тамақ қалыпты деңгейде болса, онымен саулыққа жетуге болады. Сол сияқты шаршау орта деңгейде болса, ол арқылы қуатқа ие болуға болады. Дәл сол секілді іс-әрекеттер де орта деңгейде болса, солар арқылы жақсы мінез-құлыққа ие боламыз» [23. Б.139] дей отырып, тән сұлулығы адамның денсаулығында, ақыл-парасат күшінде және адамгершілік сапаларында екендігін баса көрсетеді. Ақыл-парасаттың әсемдікті, өнерді сезінудегі, қабылдаудағы, түсінудегі, қоршаған орта тылсым сырларын ұғынудағы және жақсы мен жаманды айырудағы күші туралы мынадай келелі ой айтады: «Ақыл-парасат күші – адам ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш» [23. Б.157].


әл-Фараби еңбектерінде жан сұлулығы да эстетикалық тәрбиенің мазмұны ретінде қарастырылады. Ол өз еңбектерінде, әсіресе «Музыканың үлкен кітабында» әуездің адам сезімдеріне қалайша әсер ететіндігі, оның жағымды, жағымсыз көңіл-күйлерін қалайша туғызатындығы, адамның сұлулық талғамы, яғни әсемдік пен ұсқынсыздықты, көріксіздікті бағалай алуы, музыканың адам организмін бір қалыпты күйге келтіруі жайлы сөз қозғайды, эстетикалық талғам мен этикалық түсініктің тығыз байланыстылығын айтады [25. Б.97]. Бұл туралы әл-Фараби адам жанына әртүрлі әсер ететін музыкалық жанр түрлерін бөліп көрсете отырып, былай дейді: «Біз музыканың үш тегін (түрін) ажыратамыз. Бірінші тектегі музыка жай ләззат береді; ол [адам] жанында жағымды, тамаша және тыныштандыратын сезім тудырады, сәндік сурет біздің көзімізге қандай әсер берсе, бұл музыканың

есту мүшелеріне (кұлаққа) әсер етуі дәл солай. Музыканың екінші түрі ынтықтықты тудырады, бұған қоса, ол адам жанында қиял туғызып, [қиялда] заттар бейнесін беретіндей әсер береді. Бұл музыка белгілі бір ойларға итермелейді және бұл ойларды адам жанында белгілі бір формаға енгізеді. Ол көзбен сезілетін сурет пен мүсін өнері сияқты әсер етеді. Музыканың үшінші түрі біздің қиялымызды тудырады. Музыканың бұл түрі біздің ынтықтықтарымызбен, біздің көңіл-күйімізбен беріледі» [34. Б.308].

Эстетика әсемдікті зерттейтін ғылым болса, әсемдікті танытатын қоғамдық сананың ерекше түрі өнер болып табылатыны белгілі. әл-Фараби еңбектерінде өнердің бірнеше түрлері көрсетіледі: сөз өнері - әдебиет, оның өзі поэзия мен прозаға бөлінсе, ал ауызекі тілде қолданатын риторика әңгіме түрінде айтылады. Мұның барлығы, сайып келгенде, эстетикалық тәрбие берудің құралы болып табылады.

әл-Фарабидің еңбектерінде тұжырымдалған эстетикалық тәрбие бойынша ой-пікірлерін жинақтай отырып, оның мазмұнын көрсетуге болады (Сурет 3).

әл-Фараби еңбектерінде еңбек тәрбиесіне де маңызды орын беріледі. Еңбектің адам өміріндегі мәні, оның өнермен байланысы, еңбек ету дағдысын қалыптастыру, адам еңбегінің заттары мен құралдары мәселелері ғұламаның негізгі тағылымдарында айқындалады. әл-Фарабидің еңбек тәрбиесі туралы педагогикалық ой-пікірлерін зерттей отырып, оның тәжірбиелік маңызын ғалым Ж.Әбиев былай көрсетеді:



Сурет -3 - әл-Фараби бойынша эстетикалық тәрбиенің мәні

- еңбек әрбір қоғамдық құбылыс ретінде өзгеріп отырады, еңбек - еңбек тәрбиесінің мазмұны мен мәнін өзгертеді;
- әл-Фараби ілімі тәрбиенің әлеуметтік мәнін ашты. Фараби ілімі тәрбие – еңбек, адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесінің негізін қалыптастырады;
- ғылымдар тізбегін жасау, оны әрбір топқа бөлу арқылы – болашақ жасөспірімдерді жан-жақты жетілдірудің қажеттілігін ғылыми тұрғыдан

- дәлелдеді, ғылымның еңбек пен еңбек тәрбиесіндегі негізін және оның теориясын жасады;
- еңбектің, еңбек тәрбиесінің ғылыми негізін сала отырып, оны практикада, өмірде қолданудың тәжірибесін көрсетті [35.Б.59].

Қазіргі педагогикада ақыл-ой тәрбиесі деп оқушылардың ақыл-ой күштерін, ойлауын дамытудағы және ақыл-ой еңбек мәдениетін дарытудағы тәрбиешілердің мақсатты іс-әрекетін айтады. Ақыл-ой тәрбиесі тұлғаның жан-жақты дамуының және адам зиялылығының негізі. Онсыз дүниеге адамгершілік көзқарас, саналы тәртіп пен орынды мінез-құлық, еңбек нәтижесі, экономикалық білімдер, дағдылар, тіршілік ету ортасы, табиғат және қоғам құбылыстарына талғампаздық, дене күш-қуатын арттыру жолдарын білу, қоғам өмірінің құқықтық негіздері игеру мәселелерін шешу мүмкін емес [36. Б.135-136]. әл-Фараби еңбектерінде ақыл-ой тәрбиесіне көп орын берілген. Ғұлама ақыл, ойлау, парасаттылық, ғылым-білім негіздерін игеру туралы мәселелерді көтере отырып, білімді адамның адамдық бейнесі қандай болу керектігі туралы тәлімдік ой-пікірін айтады, ғылым-білімді үйренудің негізгі жолы ақиқат пен шындық жолында екендігін ескертеді. «Адамға тән ең қайырлы қасиет - ақыл» [23. Б.150] дей отырып, оның екі мағынаға ие болатындығын бөліп көрсетеді: 1) адамның санасында бір нәрсені білуі; 2) ол арқылы қабылдауға болатын нәрсе, яғни ақыл-парасаттың теориялық және практикалық бөлігі болады. әл-Фараби осы әрбір бөліктің ізгілігі туралы былай дейді: «(Жанның) ақыл-парасатты теориялық бөлігінің де, ақыл-парасатты ойлау бөлігінің де өздеріне сәйкес ізгілігі болады. Теориялық бөлігінің ізгілігі – теориялық ақыл-парасат, білім және даналық. Ойлау бөлігінің ізгілігі – практикалық ақыл-парасат, естілік,

зеректік, көзқарастың артықшылығы және пікірдің дұрыстығы» [23. Б.169]. Осы ұғымдардың әрқайсысының педагогикалық мәнін аша отырып, ақыл-ой тәрбиесінің теориялық негізін тұжырымдайды.

әл-Фараби еңбектерінде патриоттық тәрбие мәселесі де назардан тыс қалмаған. Бүгінгі таңда жастарға патриоттық тәрбие беруді өзінің туған өлкесін қастерлеуге үйретуден бастаудың маңызы зор. Туған өлке әркімнің өз үйінің табалдырығын аттап шыққанда табаны тиіп, қолымен ұстап, көзімен көріп жүрген жердің тарихы, географиясы, халқы, жеткен жетістіктері мен құндылықтары болып табылады. Әр адам неғұрлым өзінің туған жерінің табиғатымен етене жақын жүріп, табиғи құбылыстарды зерттеп білуге құштар болса, олардың жан-дүниесі бай, көңіл-күйі сергек болады, әрі Жер-ананың қадір-қасиетін білген адам өзін оның перзенті санап, оған жауапкершілік сезіммен қарайды. әл-Фарабидің өз заманында талантты да білімді ақын болғандығы белгілі. Оның дәлелі Аян Нысаналиннің 1944 жылы Бейрутта шыққан Аббастың кітабынан алып аударған ғұламаның өлеңдері болып табылады [37]. Осы өлеңдерінде әл-Фарабидің әрбір ой түйіндеуінен оның Отанына деген асқақ сезімін байқауға болады, әрбір философиялық ой-пікірлерінде туған елінің бүгінгі мен болашағына алаңдаушылық байқалып тұрады, халқы үшін қызметі оның патриоттық сана-сезімін білдіреді:

Кешір мені, туған жер,
Сені артқа тастадым.
Кешір мені туған ел,
Жолды алыс бастадым.
Кешірет мені, ұлыс-ұрпағым,
Бақ, байлық, даңқ таппадым.
Кешірет мені, ар-ұжданым,

Білім болды баққаным.

Немесе

Қашықтасаң туған жер-қалың елім,
Не бір жүйрік болдырған жарау керім.
Қамығамын...сағынып, алау денем,
Шаршадым мен, қанатым талды менің,
Шаңыт жолға сарсылып қарауменен,
Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О жаратқан, көп күткен ақымағың,
Құм сияқты тез ысып,тез суынар.

Өмірін ғылым жолына сарп еткен ұлы ойшыл қанша жырақта жүрсе де, елін, жерін, туған өлкесін ешқашан ұмытпаған. Мұның өзі қазіргі кезде жастарға үлгі-өнеге болартын патриот бабамыздың бейнесін анықтайды.

Қоғамдық сананың тағы бір формасы - дін. Иmandылық тәрбие жаратушының барлығына күмәнсіз сену, илану ғана емес, сонымен қатар бұл сенім-білімдерді күнделікті тұрмыста, адамдармен қарым-қатынаста, мінез-құлықта қалыптасқан оңды, игілікті әдет-дағдыға айналдыру, жақсылыққа пайдалана білу керек. Діни тәрбие мен адамгершілік, мінез-құлық тәрбиесі бөлінбей, ажырамай, қосарлана, қатар жүргізілуі - негізгі шарт, бұлжымас қағида. Оларды біріктіретін, ең әуелі - әділет, ынсап, ұят, Құран аяттары мен пайғамбар хадистері. әл-Фараби өз еңбектерінде алғашқы себеп деп Құдайды айтады. Алайда, ол Аристотельдің ізімен құдай дүниені бар етуші, қозғалысқа келтіруші бірінші себеп, алғашқы түрткі ғана, одан кейін табиғат өз бетімен, өз заңдылығымен тәңірге тәуелсіз даму жолына түскен деген идеяны қуаттайды. Бұл әрине қаламшылардың «жақсылық та жамандық та құдайдан» қағидасына мүлдем қайшы. Кертартпа дін

басылары мен оларды қолдаушы философтар осындай көзқарастары үшін Фарабиді қудалаған еді. әл-Фараби ақиқат біреу-ақ, бірақ оған әр жақтан, әртүрлі деңгейден қарауға болмайды, сондықтан ол туралы түрліше балама қорытындылар жасау мүмкін деп санайды. Оның философиялық көзқарастарын нақтылы тарихи жағдайда, белгілі бір дәуірмен байланысты қарағанда ғана ерекшеліктерін дұрыс түсінуге болады. Яғни, әл-Фарабидің философиялық ілімі – негізінен дүниені бір құдай жаратты деген қағиданы басшылыққа алған идеалистік ілім болып табылады [21;38].

Ұлы бабамыздың дін - ислам жолын жете меңгеріп, оны аса шыншылдықпен, ерекше махаббатпен таза ұстағаны белгілі. Әсіресе, оның әйгілі «Философияның дінге қатынасы» атты еңбегі, тарихи-философиялық, әлеуметтік-этикалық трактаттары - имандылық, адамгершілік мәселелерін терең қозғаған біртума дүниелер, оларды тіпті мұсылман дінінің көкейкесті, зәру проблемаларына бағышталған арнайы трактаттар деп айтуға болады.

Сонымен бірге әл-Фараби еңбектерінде дене тәрбиесінің де көкейкесті мәселелері қарастырылады. Оның әсіресе, салауатты өмір салтына байланысты денсаулықты сақтау туралы ой-пікірлерінің құндылығы жоғары. Ғұламаның «Адамның дене мүшелері хақында», «Аристотель мен Галенге қарсы айтылған дау хақында», «Аристотель мен Галеннің арасындағы дәнекер», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», т.б. трактаттарында дене тәрбиесінің негіздері тұжырымдалады. әл-Фараби түйіндерінің бұл жердегі негізгі арқауы: адам нәтижелі еңбек етіп, дұрыс дем алып, жақсы өмір сүру үшін тән сұлулығына ерекше назар аудару қажет, яғни тәні

саудың – жаны сау дей келіп, «тәнді емдеу, Гиппократтың сөзімен айтқанда өмірді ұзартатын болса, жанды емдеу онан да жақсы нәтижеге жеткізуі тиіс», ғұлама адамның психологиялық, әсіресе физиологиялық әрекетіне тәннің, дененің жеке мүшелерінің (аяқ, қол, т.б.) атқарылатын қызметіне, әсіресе жүйке саласының әрекетіне ерекше мән береді [25. Б.99]. Ғұлама өз еңбектерінде жақсы денсаулық пайдалы еңбек және маңызды қоғамдық іс-әрекетке белсене қатысудың маңызды кепілі екендігін дәлелдейді.

әл-Фараби еңбектерінде тәрбиенің әдіс-тәсілдері ғылыми тұрғыдан негізделген, оларды бүгінгі күнде жас ұрпақты тәрбиелеуде пайдаланудың маңызы зор. Оның мінез-құлықтағы кемшіліктерді жоюға арналған «тезге салу», яғни мінез-құлықтағы орташа шаманы – қалыпты жағдайды табу әдісі өзінің қолданылуы, адамның санасына ықпал етуі жағынан өте қолайлы болып табылады. Сонымен бірге жүйелі түрде жаттығу, дағдыландыру, сендіру, еліктіру, үлгі көрсету, өнеге болу, өзін-өзі тәрбиелеу әдістеріне де ерекше мән беріледі.

әл-Фараби тәрбие процесінде «қатты әдіс» пен «жұмсақ әдісті» ұштастыруды талап етеді. Ол оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. Қазіргі тәрбие процесі тұрғысынан қарағанда, «қатты әдіс» - деп отырғаны жазалау да, «жұмсақ әдіс» деп отырғаны мадақтау болса керек. Демек, әл-Фараби педагогикалық ықпал ету әдістерін алғаш ұсынған, оның тиімділігін, қолдану жолдарын дәлелдеп кеткен дана ғалым [39. Б.322].

әл-Фараби еңбектерінде ұстаздың тұлғасына ерекше орын беріледі. Ғұлама педагогиканы тәрбиеленушінің ерік-ниетіне, ерекшеліктеріне сәйкес белгілі құралдар мен тәсілдер арқылы басқару өнері ретінде анықтайды. Басқарушы адам педагог, ұстаз, тәлімгер болып

табылатынын көрсете отырып, олардың міндетін әрбір адамды бақытқа жеткізу деп біледі. Ол ұстаз өз шәкіртінен адалдық, қайырымдылық, ізгілік, сыпайлылық сияқты адамгершілік қасиеттерді көргісі келсе, онда өзінде де осындай тұлғалық сапалар болуы шарт деп есептейді. әл-Фараби «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактатында» ұстаздарға қойылатын талаптарды тұжырымдайды: «Мұғалімдік (ұстаздық) еткен адамның өлшеу әдісі тым өктем (қатаң) болмасын және тым асыра босаңсытқан төмендікпен де болмасын. Егер тым қатты, үнемі ызғарымен болса, онда оқушылар мұғалімін жек көретін халге жетеді. Егерде өте босатып жіберген кішіпейілділік болса, онда оқушылар жағынан мұғалімді кем санау, оның ғылымына жалқау қарау қаупі туады... Ұстаз ескеретін тағы бір жайт бұл шәкірттің мінез-құлқындағы жағымсыз мінезді, ұнамсыз қылықты болдыртпау, онда жақсы сипаттардың қалыптасуына мүмкін беру» [22]. әл-Фараби ұстазға тән негізгі қасиеттер ретінде әділдікті, зейінділікті, оқушыларға және өзіне талап қоя білуді, қаталдықты, ерік күшінің болуын, педагогикалық сыпайылықты бөліп көрсетеді. «Екінші ұстаз» атанған ғұламаның өзі де ұстаз ретінде бүгінгі жастарға үлгі-өнеге болып табылады, оның өзінің ұстазы Аристотельге деген шәкірттік құрметі - нағыз ұстазға тән қасиет.

әл-Фараби педагогикасының ең шарықтау шегі оның жетілген, кемелденген «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлғаның бейнесін жасауы болып табылады. Ол өзінің атақты «Ізгі (қайырымды) қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатының «Ізгі (қайырымды) қала басшысының қасиеттері» тарауында қайырымды халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы боларлық абзал

азаматқа тән тұлғалық сапаларды, адамгершілік ізгі қасиеттерді бөліп көрсетеді.

Сонымен әл-Фарабидің еңбектерін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан талдау, оның тәлімдік-тәрбиелік ой-пікірлерін жинақтап, қорыту ғұламаның педагогика ғылымының барлық салаларын қарастырғанын айқындайды. Мұны өзі ұлы ұстаз, кемеңгер ғалым, ғұлама ойшыл әл-Фарабиді педагогика ғылымының негізін салушы деп атауға толық негіз бар екендігінің шынайы дәлелі болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. әл-Фараби тәрбие теориясының мәні неде?
2. әл-Фараби тәрбиенің мақсатын қалай анықтайды?
3. әл-Фарабидің еңбегіндегі тәрбиенің мазмұнын ашып көрсетіңіз?
4. әл-Фарабидің тұжырымдаған тәрбие принциптері қандай?
5. әл-Фараби қандай тәрбие әдістерін бөліп көрсетті?
6. әл-Фарабидің адамгершілік тәрбие туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
7. әл-Фарабидің эстетикалық тәрбие туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
8. әл-Фарабидің еңбек тәрбиесі туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
9. әл-Фарабидің ақыл-ой тәрбиесі туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
10. әл-Фарабидің патриоттық тәрбие туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.

11. әл-Фарабидің имандылық тәрбие туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.
12. әл-Фарабидің дене тәрбиесі туралы идеяларын ашып көрсетіңіз.

Тапсырмалар:

1. «әл-Фарабидің тәрбиелік тағылымдары» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. әл-Фарабидің тәрбие әдістерін тандап алу туралы пікірлеріне талдау жасаңыз.
3. әл-Фарабидің еңбектеріндегі тәрбие мазмұны туралы ғылыми хабарлама дайындаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 2-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 480 б.
2. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. / Құраст. Т.Ғабитов, Ғ.Құрманғалиева. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975.
4. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. // Құраст.: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
5. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы: Санат, 2002. – 176 б.

6. Жарикбаев К.Б. Психолого-педагогические воззрения аль-Фараби. – В кн. Материалы первой республиканской конференции по методике преподавания и педагогики высшей школы. – Алма-Ата, 1971. – С.265-276.
7. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – Б.10-39.
8. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – дисс. на соискание ученой степени д.п.н. в форме научного доклада. – Ташкент, 1990. – 39 с.
9. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 152 с.
10. Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 171 б.
11. Акбаева Л. Эстетика Абу Насыра аль-Фараби в рамках этноэстетического образования в Казахстане. – Казахский язык и литература в русской школе. - №2004. - №4. – С.109-120.
12. Сарбасова Қ.А. әл-Фарабидің адамгершілік тәрбие туралы идеяларын іске асыру. - ҚазҰУ хабаршысы. - 2007. - № 2 (21). - Б.130-135.
13. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. – Алматы: Дарын, 2006. – 480 б.
14. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: «Эверо», 2004. – 420 б.
15. Нысаналин А. Фараби – поэзия падишасы // Қазақ әдебиеті. – 1971. – 7 май.
16. Бейсенов А. әл-Фараби тұжырымдары. – Ақиқат. – 2006. - №6. – Б.70-73.
17. Әбиев Ж., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика, - Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

Ұлттың ұлы ұстазы, ғұлама ғалым әл-Фараби туралы не білесіз?

Тест сұрақтары

1. Әлемге әйгілі ойшыл, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің туған жерін атаңыз
 - A) Түркістан
 - B) Тараз
 - C) Отырар
 - D) Дамаск
 - E) Ақмешіт
2. әл-Фарабидің өмір сүрген жылдары
 - A) 870-950 жж.
 - B) 872-956 жж.
 - C) 874-950 жж.
 - D) 874-955 жж.
 - E) 870-952 жж.
3. Ғұламаның толық есімі
 - A) Әбу Наср әл-Фараби
 - B) Әбу Наср Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби
 - C) Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан бин Узлағ аль машһур Абу Наср аль-Фараби
 - D) Әбу Насыр әл-Фараби
 - E) әл-Фараби
4. әл-Фарабидің зираты орналасқан қала
 - A) Түркістан
 - B) Тараз
 - C) Отырар
 - D) Дамаск
 - E) Ақмешіт

5. әл-Фарабиді қазақ еткен ғалым
- A) А.Ж.әл-Машани
 - B) А.Көбесов
 - C) Қ.Жарықбаев
 - D) С.Қалиев
 - E) А.Егеубаев
6. Фарабитанудың бірінші тобына қандай еңбектер жатады?
- A) ортағасырлық араб, парсы оқымыстыларының жазбалары
 - B) XIX-XX ғасырдағы Египет, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан ғалымдарының еңбектері
 - C) батыс авторларының еңбектері
 - D) патша және кеңес заманындағы орыс шығыстанушыларының еңбектері
 - E) түркі тілдес халықтар ғалымдарының еңбектері
7. Фарабитанудың екінші тобына қандай еңбектер жатады?
- A) ортағасырлық араб, парсы оқымыстыларының жазбалары
 - B) XIX-XX ғасырдағы Египет, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан ғалымдарының еңбектері
 - C) батыс авторларының еңбектері
 - D) патша және кеңес заманындағы орыс шығыстанушыларының еңбектері
 - E) түркі тілдес халықтар ғалымдарының еңбектері
8. Фарабитанудың үшінші тобына қандай еңбектер жатады?
- A) ортағасырлық араб, парсы оқымыстыларының жазбалары
 - B) XIX-XX ғасырдағы Египет, Сирия, Ливан, Иран және Ауғанстан ғалымдарының еңбектері

- C) батыс авторларының еңбектері
 - D) патша және кеңес заманындағы орыс шығыстанушыларының еңбектері
 - E) түркі тілдес халықтар ғалымдарының еңбектері
9. Фарабитанудың төртінші тобына қандай еңбектер жатады?
- A) ортағасырлық араб, парсы оқымыстыларының жазбалары
 - B) XIX-XX ғасырдағы Египет, Сирия, Ливан, Иран және Ауғаныстан ғалымдарының еңбектері
 - C) батыс авторларының еңбектері
 - D) патша және кеңес заманындағы орыс шығыстанушыларының еңбектері
 - E) түркі тілдес халықтар ғалымдарының еңбектері
10. Фарабитанудың бесінші тобына қандай еңбектер жатады?
- A) ортағасырлық араб, парсы оқымыстыларының жазбалары
 - B) XIX-XX ғасырдағы Египет, Сирия, Ливан, Иран және Ауғаныстан ғалымдарының еңбектері
 - C) батыс авторларының еңбектері
 - D) патша және кеңес заманындағы орыс шығыстанушыларының еңбектері
 - E) түркі тілдес халықтар ғалымдарының еңбектері
11. «әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы» бойынша докторлық диссертациялық зерттеу жүргізген ғалым
- A) А.Ж.әл-Машани
 - B) А.Көбесов
 - C) Қ.Жарықбаев
 - D) С.Қалиев
 - E) А.Егеубаев

12. әл-Фарабидің тұжырымдамасындағы тәрбие мақсатын белгілеңіз
- A) Қоғамға керекті тұлғаны қалыптастыру
 - B) Жас ұрпақты отанын қадірлеуге тәрбиелеу
 - C) Оқыту үрдісінде тәрбие құралдарын пайдалану
 - D) Білім-парасаты, мінез-құлқы кемелденген бақытты адамды тәрбиелеу
 - E) Қайырымдылыққа тәрбиелеу
13. Оқытудың жалпы мақсаты мен заңдылықтарына сәйкес оның мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін анықтайтын негізгі қағидалар (жүйелілік пен бірізділік, саналылық, көренілік, теория мен практиканың байланысы, ғылымилық, ізгілік) әл-Фараби еңбектерінде қандай ұғымға біріктірілген?
- A) Оқыту әдісі
 - B) Дидактикалық принциптер
 - C) Ұйымдастыру формалары
 - D) Білім беру жүйесі
 - E) Тәрбие құралы
14. әл-Фарабидің «Ғылымдар энциклопедиясы» атты еңбегінде дидактиканың қандай мәселесі қарастырылады?
- A) Оқыту әдісі
 - B) Дидактикалық принциптер
 - C) Ұйымдастыру формалары
 - D) Білім беру жүйесі
 - E) Білім беру мазмұны
15. Философияны меңгеру үшін қажетті шарттар әл-Фарабидің қандай еңбегінде қарастырылады?
- A) «Ғылымдар энциклопедиясы»

- B) «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактаттар»
 - C) «Азаматтық саясат»
 - D) «Музыканың ұлы кітабы»
 - E) «Бақытқа жету жайында»
16. әл-Фараби математиканы неше тарауға бөліп қарастырады?
- A) 3
 - B) 4
 - C) 5
 - D) 6
 - E) 7
17. әл-Фарабидің жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеуде ұсынған әдісі
- A) Тең орта шаманы табу
 - B) Ынталандыру
 - C) Мадақтау
 - D) Сөгіс
 - E) Жазалау
18. Өнердің адамның эстетикалық талғамына әсері қай еңбегінде терең қарастырылған?
- A) «Ғылымдар энциклопедиясы»
 - B) «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактаттар»
 - C) «Азаматтық саясат»
 - D) «Музыканың ұлы кітабы»
 - E) «Бақытқа жету жайында»
19. әл-Фарабидың өлеңдерін аударған ақын
- A) А.Нысаналин
 - B) М.Шаханов
 - C) О.Сүлейменов
 - D) М.Мақатаев

- Е) Ф.Оңғарсынова
20. әл-Фараби қай еңбегінде ұстаздарға қойылатын талаптарды тұжырымдайды?
- А) «Ғылымдар энциклопедиясы»
- В) «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактаттар»
- С) «Азаматтық саясат»
- Д) «Музыканың ұлы кітабы»
- Е) «Бақытқа жету жайында»

Дұрыс жауаптарының кілті

Сұрақтың нөмірі	Дұрыс жауабы
1	С
2	С
3	С
4	Д
5	А
6	А
7	В
8	С
9	Д
10	Е
11	В
12	Д
13	В
14	Е
15	В
16	Е
17	А
18	Д
19	А
20	В

Реферат тақырыптары

Әдістемелік нұсқаулар:

Реферат тақырыбын өзіңіздің қызығушылығыңыз мен ерік-күшіңізге сәйкес таңдап алыңыз. Педагогика тарихы, оның ішінде әл-Фараби педагогикасы бойынша жазылған рефераттар ғылыми басылымдар мен еңбектерді тек баяндау ғана емес, оларды сын тұрғысынан талдауды да қажет етеді. Қажетті әдебиеттерді іріктеп алыңыз (оқу құралында берілген әдебиеттерді пайдалануға болады). Жоспар құрыңыз. Ол үшін қандай басты мәселелерге көңіл аудару қажеттігін анықтап алыңыз (ереже бойынша жоспар 2-3 негізгі мәселелерді қамту керек). Реферат *кіріспеден* (онда таңдап алынған тақырыптың көкейкестілігі негізделеді), *негізгі бөлімнен* (тақырыптың басты мазмұны ашып көрсетіледі), *қорытындыдан* (тұжырымдар жасалады), реферат жазу барысында пайдаланылған *әдебиеттер тізімінен* тұрады.

- 1 әл-Фарабидің педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасуы мен дамуы
- 2 әл-Фараби мұрасының зерттелу жағдайы
- 3 әл-Фараби мұрасындағы негізгі педагогикалық ұғымдар
- 4 әл-Фараби ұстаздың ролі мен мәртебесі туралы
- 5 әл-Фарабидің педагогикалық мұрасында ізгілендіру идеяларының дамуы
- 6 әл-Фарабидің педагогикалық мұрасындағы білім беру мәселесі
- 7 әл-Фарабидің педагогикалық мұрасында дидактикалық принциптердің тұжырымдалуы
- 8 әл-Фараби білім беру мазмұны туралы

- 9 әл-Фарабидің педагогикалық мұрасында оқыту әдістерінің тұжырымдалуы
- 10 әл-Фараби адамгершілік тәрбиесі туралы
- 11 әл-Фараби эстетикалық тәрбие туралы
- 12 әл-Фараби еңбек тәрбиесі туралы
- 13 әл-Фарабидің педагогикалық мұрасындағы ақыл-ой тәрбиесінің мазмұны
- 14 әл-Фарабидің педагогикалық мұрасындағы патриоттық тәрбиенің мазмұны
- 15 әл-Фарабидің педагогикалық мұрасындағы имандылық тәрбие
- 16 әл-Фарабидің педагогикалық мұрасындағы дене тәрбиесі
- 17 әл-Фарабидің педагогикалық мұрасында тәрбие әдістерінің тұжырымдалуы
- 18 әл-Фарабидің педагогикалық мұрасында тәрбие принциптерінің тұжырымдалуы
- 19 әл-Фараби тұлғаны қалыптастыру туралы
- 20 әл-Фарабидің педагогикалық ілімінің тарихи маңызы
- 21 әл-Фараби еңбектерінің педагогика ғылымын дамытудағы ролі
- 22 әл-Фарабидің тәрбие теориясының мәні
- 23 әл-Фарабидің дидактикалық ой-пікірлері
- 24 Тұлғаны қалыптастыруда әл-Фарабидің тәлімдік ой-пікірлерінің маңыздылығы
- 25 әл-Фарабидің педагогикалық ілімінің әлемдік педагогикамен үндестігі

Шығармашылық тапсырмалар

Әдістемелік нұсқаулар:

Ұсынылып отырған шығармашылық тапсырмалар студенттерге өздерінің жеке қабілеттерін көрсетуге, әл-Фараби педагогикасына қызығушылықтары мен қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді.

Жұмыстың бұл түрін орындау үшін ең алдымен, тапсырманы таңдап алып, оның мақсатын анықтау және қажетті әдебиеттерді іріктеп алу керек.

Шығармашылық тапсырмалар толық дәйектемені қажет етеді және талқыланып отырған мәселеге сіздің өз көзқарасыңыз мен ой-пікіріңізді білдіруді көздейді.

1. әл-Фарабидің педагогикалық ой-пікірлерінің қалыптасуының әлеуметтік-мәдени және тарихи алғышарттарын айқындаңыз.

2. әл-Фарабидің педагогикалық көзқарастарының қалыптасуына ықпал еткен тарихи кезеңге сипаттама беріңіз.

3. әл-Фараби мұрасындағы негізгі педагогикалық ұғымдардың графикалық сұлбасын жасаңыз.

4. әл-Фараби тұжырымдаған дидактикалық принциптердің графикалық бейнеленуін көрсетіңіз және оған мәтіндік түсініктеме беріңіз.

5. әл-Фараби тұжырымдаған оқыту әдістерінің графикалық бейнеленуін көрсетіңіз және оған мәтіндік түсініктеме беріңіз.

6. әл-Фараби тұжырымдаған тәрбие әдістерінің графикалық бейнеленуін көрсетіңіз және оған мәтіндік түсініктеме беріңіз.

7. әл-Фараби педагогикасындағы «тұлға» және «табиғат» ұғымдарының өзара қатынасының графикалық сұлбасын жасаңыз.

8. әл-Фараби педагогикасындағы «тәрбие» және «бақыт» ұғымдарының өзара қатынасының графикалық сұлбасын жасаңыз.

8. Ізгілендіру педагогикасы тұрғысынан адам тәрбиесі туралы әл-Фараби мен Абайдың көзқарастарына салыстырмалы талдау жасаңыз.

Салыстыруға арналған мәселелер	әл-Фараби	Абай
Тәрбие мақсаты		
Тәрбиелеу мен оқытуда ұстаздың ролі		
Балаға қатынас		
Педагогикалық принциптер		
.....		

9. әл-Фараби қазіргі білім беру теориясы мен практикасы үшін маңызды қандай мәселелердің шешімін тапты?

10. әл-Фарабидің педагогикалық ілімінің қазіргі мектеп үшін көкейкестілігі мен маңыздылығын ашып көрсетіңіз.

Қосымша материалдар

ал-Фарабидің педагогикалық еңбектерінен үзінділер¹

интеллект сөзінің мағынасы жайындағы пайымдама

Интеллект деген сөзді түрлі мағынада қолдануға болады. Бірінші - қарапайым сөзде, адам жөнінде, парасатты адам жөнінде айтқан кезде қолданылады. Екінші - әркім оны өзінше түсініп, мутакаллимдердің үнемі айтысқа түскенде айтатын мағынасында. Олар былай дейді: «Бұл өзі парасат растаған кезде айтылады» немесе: «Бұл парасат теріске шығарған кезде айтылады». Интеллект сөзінің үшінші мағынасы Аристотельдің «Дәлелдеме» деген трактатында айтылған. Төртінші мағынасы - тағы да сол Аристотельдің «Этика» деген еңбегінің алтыншы кітабында айтылған. Бесіншісі – «Жан туралы» трактатта. Алтыншысы – «Метафизикада» айтылған.

1. Ал енді қарапайым сөзде қолданылатын ол өзі парасатты адам дейтін кездегі мағынасына келсек, мұны интеллектция актысы деп түсінеді. Сонымен, - қосымша мысал - ретінде - кейде оны адамды парасатты деп атайды, ал кейде оны бұлай атаудан тартынып қалады. Олар былай дейді: «парасаттыға сенім керек», ал, олардың пікірінше, сенім дегеніміз қайырымдылық. Олар парасатты деп қайырымды адамды жақсылыққа асық, жамандықтан қашық адамды айтады.

¹ Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 2-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 480 б.

Жұрт былайша айтқанда жамандық жасауға бейім адамдар жөнінде бұл эпитетті қолдана бермейді, мұндай адамды «зұлым», «қу», тағысын-тағы сондай атпен атайды. Өзі де сондай жақсылық жасау үшін шынында да жақсылық дегеннің не екенін немесе жамандықтан қашу үшін жамандықтың не екенін біле білу, түсіну дегеніміз де - міне осы. Олар интеллект деп басқа ештеңені де емес, Аристотельдің интеллекция актысы деген түсінікке берген жалпы мағынасын ғана түсінеді. Демек, егер әлде біреу мысал үшін, басқа біреуді парасатты десе, онда оның айтайын дегені - нені қадір тұту керек екенін немесе неден аулақ болу керек екенін ажыратуға сол адам әбден қабілетті деген сөз.

Егер осы мысалға әлгі адамдардың назарын аударып, олардың ойынша, парасатты деп кімді айтуға болатынын тексеріп көрсек, - өзінің тапқырлығын өз ойынша жамандық болып табылатын нәрсеге пайдаланатын адамды да парасатты адам деп атай ма екен деп тексерсек - олар бұл арада тоқталып қалады және мұндай адамды парасатты деп атаудан бас тартады. Ал егер олардан өзінің тапқырлығын жамандық жасау үшін қолданатын адам «қу», «зұлым» деген, тағысын-тағы сондай атпен атала ма деп сұраса, онда олар бұлай деп атаудан тартынбайды.

Сонымен, олардың пайымдауларынан шығатын қорытынды, қайырымды адам болудың үстіне, ақылды және тапқыр адам өзінің бұл сапаларын мадақтауға тұрарлық істер жасау үшін, немесе бұзақы істерден аулақ болу үшін қолданатын адам ғана парасатты адам деп саналады. Парасатты адам осындай.

Осыны қалай түсінетіндігіне қарай, адамдар екі топқа бөлінеді: оның бірі нанымы жоқ адам парасатты бола алмайды, ал жаман адам, егер ол өзінің тапқырлығымен

жамандықты ойлап шығару қабілетіне жеткен болса, онда ол парасатты деп аталуға лайықты бола алмайды деген пікірге өзінен-өзі келіп отыр. Екінші топтағылар тегі не істесе де тапқырлық көрсетсе болғаны, оны парасатты адам деп атайды.

Бірақ, егер олардан: жамандық жасау жағынан тапқырлық көрсеткен жаман адамды парасатты деп атамай ма деп сұраса, онда олар жауап қатудан не тартынып қалады немесе жоқ деп жауап береді. Сондықтан да олардың бәрі қарапайым сөзде «интеллектісі бар» деген сөзді парасатты деген мағынада қолдана бастады, ал Аристотельдің түсінігінше ұғыну дегеніміз қажет кезінде және ыңғайы келгенде лайықты іс істеуге тапқырлық жасау деген сөз. Демек, парасатты адам сонымен бірге қайырымды адам болып табылады.

II. Әрқайсысы өзінше түсініп, үнемі айтысуға құмар мутакаллимдер *интеллект* жөнінде былай дейді: «Мұның өзі парасат нені құптаса, сол»; немесе Парасат нені қабылдаса сол», немесе «нені қабылдасамаса сол» дейді; бұлай дегенде олар әуел бастан-ақ барша жұртта қалыптасқан пікірді айтады. Сөйтіп, барша жұрт қабылдаған немесе көпшілік қабылдаған пікірді бұлар интеллект деп атайды. Сіз мұны олардың нені мақұлдайтынын және осы сөзді пайдалана отырып, өз кітаптарында олардың не жазатынын біртіндеп ұғына келе түсінесіз.

III. «Дәлелдеме» деген кітабында Аристотель айтатын *интеллектіге* келетін болсақ, ол мұны жанның қабілеті ғана, - өзіне қалай және қайдан келіп қалғанын білмесе де, - аналогия жасау немесе ой толғау арқылы емес, туа біткен - жаратылысынан немесе жастайынан біткен - қасиеті арқылы универсалды, ақиқат және қажетті посылкалар жөнінде

анық мағлұмат алу үшін адамға жағдай жасайтын жан қабілеті деп қана түсінеді. Бұл қабілет ешбір ойланбай-ақ, ой талқысына салмай-ақ алғашқы мағлұматты қабылдайтын жанның бір тарабы. Ал осы бірінші посылкаларды жете білу қабілет арқылы келеді, мұның қасиеттері туралы біз жоғарыда айтып өткенбіз. Міне, осы посылкалар ақыл зердесімен келетін білімдердің негіздері болып табылады.

IV. «Этика» деген шығармасының алтыншы кітабында Аристотель *интеллект* деп өзіне сәйкес келетін тектегі объектілерге ұдайы қолданудан келіп туатын сол жанның бір бөлігін айтады. Бұл өзі жүре келе тәжірибеден туады, жан бұл тәжірибені объект тегінің ішіндегі әрбір дара нәрседен алады. Пікірлер мен посылкалардың анықтығы ерік істерінен туады; оның қабылданылатыны немесе қабылданылмайтыны ерік істерінің жаратылысында болады. Жанның нақ осы бөлігін Аристотель «Этиканың» алтыншы кітабында интеллект деп атаған. Сондықтан адамның осы арқылы жасайтын пікірлері интеллектісі бар адамдар үшін және ерік нәрселерінің ішінен ерікте осылар әуел бастан бар қайсысын қабылдау немесе қабылдамау жөнінде ақылға салып кесіп-пішетіндер үшін жанның бұл бөлігінде принциптер болып табылады.

Бұл пікірлер де «Дәлелдеме» деген кітапта айтылған алғашқы ой қорытындыларының зерттеу құралы болатыны сияқты, интеллектция актысы арқылы зерттелетіндер қатарына жатады. Және осылардың көмегімен теоретиктер елеусіз қалдырмайтын және үйренетін ақыл-ой зерттейтін нәрселері сияқты, дәл бұл принциптер де заттардың, еріктердің және практиканың жәрдемімен танып-білуге тиіс нәрселерді зерттеуде интеллектілі және парасатты адамға қызмет етеді.

«Этиканың» алтыншы кітабында Аристотель айтатын интеллект адамның бүкіл өмірі бойына көбейе береді; ал ілгеріде сөз болған ой қорытындысы шыңдала түседі және бұған бұрын болмаған жаңа ой қорытындылары үнемі қосыла береді. Аристотель интеллект деп атаған жанның осы бөлшегі жөнінде адамдар бірінен бірі озуға тырысады - адамдардың бірінен бірінің айырмасы жанның осы бөлшегінде. Сондықтан нәрселердің әлдебір саласы жөнінде осы ой қорытындысы әбден жетілген адамдар, істердің сол саласында беделге ие болады. *Беделді* адам дегеніміз, егер ол бір мәселе хақында пікір айтса да, оның пікірі даусыз қабылданады және тексеруді қажет етпейді. Тіпті ешқандай дәлелдемемен негізделмесе де, оның айтқаны қабылданады.

Адам бұл қасиетке тек ұлғая келе ие болады, өйткені жанның бұл бөлшегі ұзақ тәжірибені керек етеді, ал тәжірибе тек ұзақ уақыт бойына жинақталады және ол адамда ілгеріде айтылған ой қорытындыларымен нығая түседі.

Интеллект ұғымын осы жөнінде өзара айтыс құмар мутакаллимдер Аристотельдің «Дәлелдеме» деген кітабында айтқан интеллектісі деп, немесе қандай болған күнде де сол тәрізді бірдеңе деп ойлаған. Ал егер мутакаллимдер келтіретін алғашқы посылкаларды алып қарасақ, онда бұлардың бәрі де жалпы жұрт қабылдаған посылкалар болып шығады. Сондықтан олар өздерінің пікірін айтқанда бір нәрсеге сүйенген де, ал іс жүзінде басқаша істеген.

V. «Жан туралы» трактатында Аристотель айтатын *интеллектіге* келетін болсақ, ол мұны төрт түрге бөледі: а) потенциалды; б) актуальды; в) жүре келе дарыған және г) әрекетшіл интеллект.

Потенциалды интеллект — бұл өзі әлдебір жан, жанның бір бөлшегі, жан қабілеттерінің бірі немесе материядан дүниеде бар заттардың парқы мен формасын абстракциялай алатын немесе соған даяр әлде бірдеңе.

Актуальды интеллект. Егер субстанциядан абстракцияланған интеллекцияның пайымдалғыш объектілері осы парықта жүзеге асатын болса, онда бұл объектілері интеллекцияның актуальды объектілеріне айналады. Субстанциядан абстракцияланудан бұрын бұлар интеллекцияның потенциалды объектілері болып еді ғой, ал субстанциясынан айырылып, олар актуальды объектілерге айналады, өйткені сол парықтық формаларында жүзеге асты. Сонымен, бұл парық интеллекцияның актуальды объектілері арқылы актуальды интеллектіге айналады. Демек, интеллекцияның пайымдалғыш актуальды объектілері мен актуальды интеллект сайып келгенде бір нәрсе. Сөйтіп, біздің сөздеріміз тек мынаны ғана: танушы [парық] интеллекцияның пайымдалғыш объектілерінің өзі соның формаларына айналғандығын, өйткені бұл объектілер формамен бара-бар болғанын білдіреді. Демек, актуальды танушы [парық] пен актуальды интеллект және интеллекцияның актуальды зерде жетерлік объектісі - бұлар бір нәрсе.

Жүре келе дарыған интеллект. Актуальды интеллект, бұлар актуальды пайымдалғыш болғандықтан интеллектінің формалары болып табылатын интеллекцияның пайымдалғыш объектілерін пайымдағанда, бұған дейін актуальды саналып келген интеллект жүре келе дарыған интеллекттіге айналады.

«Жан туралы» трактатының, үшінші кітабында Аристотель айтқан *әрекетшіл* интеллект дегеніміз - еш

уақытта да материяда болмаған және онымен мүлдем байланысы жоқ абстракцияланған форма. Бұл интеллект қайсыбір жағынан қарағанда актуальды интеллект болып табылады және жүре келе дарыған интеллектіге өте жақын. Потенцияда болатын парықты актуальды интеллектіге айналдыратын және интеллекцияның пайымдалғыш потенциалды объектілерін тиісті актуальды объектілерге апаратын да осы.

БАҚЫТ ЖОЛЫН СІЛТЕУ

Бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жату артық сөзді керек етпейді, өйткені бұл - мейлінше белгілі нәрсе.

Жетілушіліктің кез келгені адам талпынатын мақсат, өйткені жетілу дегеннің өзі бір игілік және оның өзі, күмән жоқ, адамның қалауы. Адам талпынатын қалаулы игілік ретінде мақсаттардың саны көп болғандықтан, бақыт солардың ішіндегі ең пайдалысы болып табылады.

Игіліктердің ішінде бақыт ең үлкен игілік екендігі және қалаулы заттардың ішінде адам талпынатын ең жетілген мақсат екендігі айқын. Басқаларынан гөрі қадірлі игіліктер не басқа бір мақсатқа жету үшін таңдап алынды (мысалы, математика, дәрі-дәрмек қабылдау) немесе сол игіліктердің өзі үшін таңдалады. Солардың өзі үшін қалап алынатындар [игіліктер], басқа бір мақсат үшін қалап алынатындардан анағұрлым қадірлірек болуға тұратыны анық. Бірақ мынадай да жағдайлар болады: соның өзі үшін қалаулы саналатындар басқа бірдеңе үшін де қалаулы болады.

Бұған білім мысал болады. Кейде біз оны басқа бір мақсатқа жету үшін емес, соның өзі үшін қалап аламыз, ал кейде біз оны сол арқылы байлық-дәулетке жету үшін немесе өкіметке және білімге ие болу арқылы қол жететін тағы басқа бірдеңелер үшін қалап аламыз.

Қалаулы игіліктерге сондай-ақ еш уақытта басқа бірдеңеге бола емес, сол игіліктің өзі үшін қалап алатындар да жатады. Бұл игіліктер ең қадірлі, ең жетілген және басқа бірдеңеге бола қалап алатын игіліктерден гөрі қадірі артығырақ болады.

Бақытқа жетіп алғаннан кейін біз басқа бір мақсатқа талпынуға тіпті де зәру емес екенімізді көреміз, солай болғандықтан, бақыт ешқашан да басқа бірдеңеге бола емес, сол бақыттың өзі үшін қадірлі екендігі айқын болады. Бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені екені осыдан айқын көрінеді.

Мұнымен бірге біз бақытқа жетіп алғаннан кейін басқа ештеңеге мұқтаж емес екенімізді де көреміз. Ал осыған қолы жеткен адамға ең жарастығы - қанағатшылық жасау.

Бұл пайымдау әрбір адам бақытты өз түсінігінше бақыт деп білетіндігін көрсетеді. Кейбіреулер байлықты бақыт деп есептейді, басқа біреулер басқа бірдеңені бақыт деп біледі, сөйтіп әрбір адам абсолюттік бақыт туралы оның өз түсінігі ең дұрыс және ең ұлы немесе ең жетілген игілік деп сенеді.

Игіліктер ішінде бақыттың орны осындай, мұнан шығатын қорытынды: адам бакытының шыңына жету өзі үшін соған жетуді қалайтын адамнан оны игерудің әдісі мен амалын табуды талап етеді.

Алдымен ескертіп алайық, адам өмірінде кездесетін жағдайлар мыналарға бөлінеді: артынан мадақтауға және жазғыруға болмайтын жағдайлар және мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлар.

Артынан не мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайларда адам бақытқа жете алмайды. Нәтижесінде әрі мадақтауға, әрі жазғыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосыла келгенде ол адам бақытқа жетеді.

Әрі мадақтауға, әрі жазғыруға соқтыратын мұндай жағдайлар үшеу.

1. Бұл - әрекеттер, адам өзінің дене мүшелерін пайдалану үшін керекті әрекеттер, мысалы, орнынан тұру, отыру, көлікке мініп жүру, көру, есту үшін керекті әрекеттер. 2. Жан аффектілері. Мысалы, құштарлық, рақат, қуаныш, ашу, қорқыныш, жабырқау, күйіну, қызғаныш және сол сияқтылар. 3. Ақыл-парасат. Бұл үшіншісі адамның бүкіл өмірі бойында болады немесе кейде болып, кейде болмайды.

Бұлардың әрқайсысы адамда не мақталады немесе жазғырылады. Егер ол оңбайтын іс істесе, онда ол жазғырылуға, ал егер ісі тамаша болса, онда мадақталуға лайық. Егер оның жан аффектісі ойлаған жерден шықпаса, онда ол жазғырылуға лайық, ал егер күткендей болып шықса, онда мақталуға лайық. Егер ол жаман ақыл-парасат көрсетсе, онда жазғырылуға лайық, ал жақсы парасат көрсетсе, онда мақталуға лайық.

Жақсы ақыл-парасаттылық адамның ақиқатқа көзі жеткенінде немесе сол ақиқатқа жеткізетін не нәрсе екенін ажыратуға қабілетті болуында.

Адамның танып білгісі келгені ақиқат па немесе жалған ба, оған оның көзі жетпесе, онда ақыл-парасаттың жаман болғаны.

Әрекетіміз дұрыс болу үшін біздің соған баратын жолымыз қандай болу керек екенін, ал ойдағыдай болу үшін жайымыздың аффектісі қандай болуға тиіс екенін және

жақсы ақыл-парасатқа жету үшін ол парасат қандай болуға тиіс екенін біз анықтап алуға тиіспіз.

Ең алдымен біліп алатын нәрсе: адам тамаша әрекеттерді кездейсоқ жасауы және өзінің ықтиярынсыз жасауы мүмкін. Осындай жағдайларда жасалған ондай тамаша әрекеттер бақытқа жеткізбейді. Егер осы әрекеттер оның өзінің ықтиярына және өз еркімен таңдауына негізделген болса, сол жағдайда ол бақытқа жетеді. Егер ол осы әрекеттерді тек кейбір нәрселер жөнінде ғана және оқта-текте ғана жасайтын болса, мұндай кезде де ол бақытқа жете алмайды. Адам өзінің барлық әрекетінде тамаша әрекетті қалайтын болса және өмір бойында осылай ететін болса, сонда ғана ол бақытқа жетеді. Дәл осы шарттарға жанның да тамаша аффектілері сәйкес келетіндей болуға тиіс.

Нақ осы сияқты, адам жақсы ақыл-парасатқа кездейсоқ ие болуы мүмкін. Адамның ақиқатқа сенуі әдейілеп және жасанды болуы мүмкін. Адам алдын-ала даярланып, жасанды жолмен жасаған ақыл-парасат арқылы бақытқа жете алмайды, егер ол нені және қалай ажыратуды біліп отырса, бірақ бұл сана барлық жағдайда және барлық кезде бола бермесе, онда ол бақытқа жете алмайды. Жақсы ақыл-парасат осындай шамада болса, онда ол бақытқа жете алмайды. Нені және қалай ажырататынын ол өзінің бүкіл өмірі бойында біліп отыратын ақыл-парасаттың тұсында ғана адам бақытқа жетеді.

Егер әрекеттері, жан аффектісі және ақыл-парасаты жоғарыда көрсетілгендерге қарама-қарсы келетін болса, атап айтқанда, егер ол өзінің барлық өмірі бойында оңбаған әрекеттерді өз ықтиярымен және ерікті түрде қалауымен жасайтын болса, (бұл айтқанымыз оның жанының жаман аффектісіне де қатысты) және егер ол бүкіл өмірі бойында

нені болса да ажыратқанда, оның ақыл-парасаты нашар болса, онда ол адам бақытсыздыққа ұшырайды.

Енді біз әрекеттер, жан аффектілері және ақыл-парасат қандай жағдайда, ненің арқасында бақытқа сөзсіз жететінін, сондай-ақ қандай жағдайда осы үш нәрсе бақытқа жеткізбей қоймайтынын айтуымыз керек. Содан кейін біз бұл тақырыпты қойып, басқасына көшеміз.

Әрбір адам, деймін мен, өз өмірінің басынан-ақ жаратылысында қабілетті болады, соның арқасында оның әрекеттері, жан аффектілері және ақыл-парасаты тиісінше жақсы болады немесе тиісінше жақсы болмай шығады.

Осы қабілеттің арқасында адам тамаша да, оңбаған да әрекеттер жасайды. Бұның себебі мынада: адамда тамаша әрекет жасауға да, оңбаған әрекет жасауға да әуел бастан мүмкін қабілет бар. Дәл осы қабілеттің арқасында ол жақсы да, жаман да ақыл-парасатқа ие болады. Нақ осы сияқты, бұл қабілеттер жан аффектілеріне әсер етеді. Оларда оңбаған әрекеттер жасау мүмкіншілігі тамаша әрекеттер жасау мүмкіншілігімен пара-пар.

Содан кейін адамда басқа бір күй пайда болады; бұл жағдайда жаңағы үш нәрсе тек екі күйдің бірінде ғана, атап айтқанда, не жақсы немесе тек жаман күйде болады. Жақсы әрекет жасау мүмкіншілігі жаман әрекет жасау мүмкіншілігіне пара-пар болмайды, алайда осы мүмкіншіліктің арқасында ол екі әрекеттің бірі екіншісінен басым болады.

Адам өмір сүре бастағаннан-ақ жаратылысында болатын оның бойындағы қабілетке келетін болсақ, бұл қабілетке адам жүре келе ие бола алмайды. Ал енді адамдағы басқа күйді алатын болсақ, бұл күйге адам тек жүре келе ие болады. Бұл күй екі түрге бөлінеді: осы күйдің біреуінің арқасында адамда не тек қана жақсы ақыл-парасат

немесе тек қана жаман ақыл-парасат болады, ал екіншісінің арқасында не тек қана тамаша әрекеттер мен жан аффектілері немесе тек қана оңбаған әрекеттер мен жан аффектілері болады.

Жақсы немесе жаман ақыл-парасат тудыратын күйдің түрі тағы да екі түрге бөлінеді. Оның біреуінің арқасында жақсы ақыл-парасат туады және мұның өзі ақыл күші деп аталады, екінші түрінің арқасында жаман ақыл-парасат туады, ал бұл ақыл кемдігі және кешелік деп аталады.

Тамаша немесе оңбаған әрекеттер мен жан аффектілерін тудыратын күйдің түрін мінез-құлық деп атайды. Мінез-құлықтың арқасында адам оңбаған да, тамаша да әрекеттер жасайды.

Адамды бақытқа жеткізетін әрекеттер мен ақыл-парасат жоғарыдағы шарттарға байланысты болғандықтан, ал мұның бірі барлық жерде де, әр кезде де болуға тиісті нәрсе болып табылатын болғандықтан, нақ сол кезде және сол жағдайларда осы әрекеттер мен осы ақыл-парасатты тудыратын тағы да бірденелер қалай да болуға тиісті; бұған екі жағдайдың бірі тән; адам осының арқасында жақсы әрекеттер мен жақсы ақыл-парасатты барлық жағдайда да тұрақты ете алады. Адамның туа біткен қасиетіне екі жағдайдың екеуі де тән болады, ал осының артынан жүретұра бойға даритын қабілет пайда болады, бұған осы жағдайлардың біреуі ғана, әрекеттер мен жан аффектісін тудыратын жағдай ғана тән. Мүмкін, тек осылардың арқасында ғана бізде бақытқа жеткізбей қоймайтын жақсы мінез-құлық пен жақсы ақыл-парасат пайда болатын шығар. Осылардың арқасында бақытқа жетуіміз үшін ақыл күшіміз еш уақыт жоғалмайтын немесе оңайлықпен жоғалмайтын бойға біткен қасиетімізге айналады.

ал-Фараби өлеңдері²

Қашықтасың туған жер - қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен
Қанатым талды менің
Шаңқыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түңіледі.

Кайтейін мен көкжиек көңілімді,
Келер күнге үмітпен жол ашамын.
Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді,
Соны медет етеді болашағым.

Бір шөлмекте көк сия толып турса,
Екіншіде - шарап бар жайы мәлім.
Даналықты сиямен толықтырсам,
Шарабымен шерімнен айығамын.

² Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана: Елорда, 2000.
– Б.156-158.

Бауырым, қанша сүйгенмен,
Өтеді өмір күйбеңмен.
Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ.

Жататын дәйім жаңғырып,
Бұл ғұмыр емес мәңгілік.
Бейопа мына заманда,
Бақұл боп кетер адам да.
Жұрт кілең күнін көп қызық,
Жіберер зая өткізіп.

Қағаздың түсті бетіне,
Сызықтай бейне тартылған.
Тап болып, жігер сарқылған,
Кездейсоқ өмір өтіне,
Қайыспай тұрса нар тұлған.

Сонда да беріп кетеміз,
Жүректің отын молында,
Арманды аңсап өтеміз
Біз ұлы мұрат жолында.

Тамылжып бал тыныштық айналамнан,
Тылсым түнге құшағын жайған далам.
Мен жатырмын ұйқысыз жапа-жалғыз,
Жанымды ой жарығы аймалаған.

Аққан жұлдыз құласа кейде егер,
Сенің нұрлы бейнең боп кеудеме енер.

Әлдеқайда ғайыптан ынтызар ғып,
Өміріме бір ғажап сәуле берер.

Үнің жетер жаңғырып жырақтан ең,
Сезініп мен демінді гүл атқанмен,
Оның өзі бір-ақ сәт... содан кейін,
Мұңды әуенді жалғаймын бірақ та мен...

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса әзәзіл азғырған.

Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңінің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.

Орта ғасыр ғалымдарының Әл-Фараби туралы ой-пікірлері³

Әбу Наср әл-Фараби туралы сол кездегі көптеген ғалымдар өздерінің ой-пікірлерін жазып қалдырған. Ұлы ойшыл Әбу Әли ибн Сина (980-1037), тарихшы-ғалымдардан Захируддин әл-Байхакий (1169 жылы қайтыс болған), Жамолуддин ибн әл-Кифтий (1172-1248), Ибн Әби Усайба (1203-1270), Ибн Халликон (1211-1282) сияқты атақты ғалымдар өз шығармаларында ұлы философ Әбу Наср әл-Фараби жөнінде кейбір мәліметтер беріп кеткен. Белгілі шығыстанушы-ғалым А.Ирисов солардың бірқатарын араб тілінен өзбекшеге аударып жариялаған екен. Біз соны өзбек тілінен қазақшаға тәржіма жасап, оқырманға ұсынуды жөн көріп отырмыз.

Әбу Әли ибн Сина: Мен мантик (логика), жаратылыстану және риезиет (математика, геометрия) ғылымдарын жақсылап меңгердім. Сосын теологияны оқып үйренуге кіріскенімде Аристотельдің «Метафизика» кітабын оқыдым. Бірақ онда не жазылғанын оқып түсіне алмадым. Бұл кітапты жазған кісінің мақсаты маған құпия болып қала берді. Тіпті оны қырық рет қайталап оқып шықтым. Бұл кітапты жаттап та алдым. Бірақ соның өзінде мен оны түсіне алмадым. Ақыры одан үмітді үзіп, бұл түсінуге болмайтын кітап екен деген қорытындыға келген едім.

Бір күні бесін намазы кезінде кітап сатушыларға бардым. Онда бір делдал мұқабалы бір кітапты қолына ұстап алып, мақтап тұр екен. Ол мені қасына шақырып, маған кітапты көрсетті. Сонда мен бұл ғылымды білудің

³ Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана: Елорда, 2000. – Б.158-163.

пайдасы жоқ деген оймен әлгіні жақтырмай, алмайтынымды айттым. Делдал маған: «Бұл кітапты ал, бағасы арзан - үш дихрам, кітаптың иесі ақшаға мұқтаж», - деді. Осылайша мен кітапты сатып алдым. Қарасам, ол Әбу Наср әл-Фарабидің «Метафизика» кітабының мақсаты жайында жазылған шығармасы екен. Үйге келген бойда оны оқуға кірістім. «Метафизика» ойымда жатталып қалған себепті сол сәтте-ақ кітаптың мазмұнын түсініп алдым. Бұған қатты қуанып кеттім. Мұндай кітаптың табылғанына шүкіршілік жасап, ертеңінде-ақ кедейлерге біраз нәрсе садақа бердім.

Захируддин әл-Байхакий: Шейх Әбу Наср әл-Фарабидің аты Мұхаммед ибн Тархан болып, шыққан тегі Түркістанның Фараб деген жерінен екен. Бұл кісі «Муаллим ас Саний» - «Екінші ұстаз» деген лақап есім алған. Ислам ғалымдары арасында одан бұрын мұншалықты ақылы алғыр адам болмаған еді.

Әбу Насрдың көп трактаттары болған. Мен Рай шаһары бастығының кітапханасынан бұл кісінің шығармаларын көрдім. Сол жерде мен Әбу Насрдың небір шығармаларын көрдім, тіпті ондай кітаптар жайында ешқашан естімеген де екенмін. Тағы бір айта кететін жәйт – көрген кітаптарымның көпшілігі Әбу Насрдың өз қолымен жазылған яки оның шәкірті Әбу Закария Яхия ибн Адидің қолымен көшірілген еді.

.. Ғұлама Әбу Наср әл-Фараби айтқан екен: «Кімде-кім хикмат (философия, даналық) білімін оқып үйренуге кіріспек болса, ол ең алдымен жас болуы, ниеті дұрыс, әдепті, қайырымды адам болуы керек. Ондай кісі адамдарға мейірімді, таза, адал болуы, азғын қылықтардан: күнә, қиянат, зұлымдық пен аярлықтан таза болуы тиіс. Білім жолына түскен жан күнделікті күйбең тіршілікті ойламауы

қажет. Хикмат білімін оқып үйренуге кіріспек болған адам білімді де, ғалымдарды да құрмет тұтатын кісі болуы шарт. Ондай кісі ғылым адамдарынан басқа ешбір нәрсені қадірлейтін болмауы керек.

Білімді кәсіп, өнер етіп алмауы керек, әрі оны мал-дүние табу құралы етіп жібермеуі қажет.

Кімде-кім мұны керісінше істейтін болса, онда ол көзбояушы саналады.

Жалған ақша таза ақша есептелмейтіні сияқты, жалған сөз ешқашан мәнді сөз болмайды.

Егер мінез-құлқы біз айтқандай емес, теріс мінезді кісі болса, ол ешқашанда ғалымдар қатарына қосылмайды.

Ағаштың өсіп-жетілгенін бұтақтағы жемісіне қарай бағалайды ғой. Сондай-ақ адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты.

Кімде-кім өзін өз дәрежесінен жоғары көтермек болса, ондай адамның өсу жолына тосқауыл қойылады».

Жамолуддин ибн әл-Кифтий: Әбу Наср әл-Фараби Мауараннахрдағы түрік шаһарларының бірі болған Фарабан шыққан философ. Бұл кісі мұсылмандардан шығып, әлемге танылған данышпан саналады. Ол Иракка барып, Бағдад шаһарында тұрып қалады. Әбу Наср бұл қалада хикмат білімін үйренеді. Осы жерде Әбу Наср сол дәуірде теңдесі жоқ адам болып шығады. Логикаға қатысты кітаптарды зерттеу және оларға түсініктеме жазуда көп іс тындырды. Логиканың қиын тұстарын айқындай түсті, көпшілікке түсініксіз болған жасырын сырларын ашты, әрі бұл ғылымның пайдалану әдістерін жеңілдетті. Ол өз шығармаларында логикадан пайдалану үшін түсінікті сөз тіркестерін, астарлы меңзеу сөздер қолданып отырды. Тіті ол логиканы түсіндіру, үйрету және талдау жасаудағы Әл-

Киндий, тағы басқалар жіберген олқылықтарды да атап көрсетті.

.. Әбу Насрдың бұдан басқа «Ихсо ал-улум ва аттәриф» - «Ғылымды меңгеру және оның мақсатын түсіндіру» туралы жазылған құнды кітабы бар. Мұндай шығарма жазуда осы кезге дейін Әбу Насрдан ешкім озып кеткен емес. Тіпті бұл секілді ой-пікірлерді оған дейін әлі ешкім айта алмаған, ол кісі шыққан биікке ешкім көтеріле алмаған еді. Дамып келе жатқан ғылымдардың барлық салалары да оның салған дұрыс жолын пайдаланды деуге болады.

Әбу Насрдың Афлотун (Платон) және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді... Мен философияны үйренушілер үшін одан («Фараби кітабынан». - Н.К.) пайдалырақ бірер кітап бар деп ойламаймын. Бұл шығарма барлық ғылым салаларына ортақ әрі осы еңбек арқылы басқа ғылым салаларының өзіне тән мән-мағыналарын түсінуге болады. Бұрын логикадағы категориялардың мағыналарын, олардың неден құрылғанын түсіну мүмкін емес еді, қалайша сол мән-мағына барша ғылымға ең алғашқы негіз, іргетас болып қалануы мүмкін екендігі дәл осы Фараби шығармасында ғана түсіндірілген болатын...

Ибн Әби Усайба: Фараби шынайы философ, терең білімді данышпан еді, философияға қатысты пәндерді толық игерген болатын. Ол риезиет (математика, геометрия) ғылымдарына жетік, білгір, ірі ғұлама, мал-дүниемен ісі жоқ, қарапайым адам еді. Ол тағамға шыдамды, қанағаты мол жан болатын. Ол өзінің мінез-кұлқы жағынан ежелгі дәуір философтарына ұқсайтын.

Әбу Наср тәуіпшіліктен де едәуір хабардар еді. Тәуіпшіліктің теориялық жағын жақсы білетін. Бірақ тәуіптік тәжірбиені іс жүзінде қолдану және оның ұсақ-түйек емін жасау ісін айтарлықтай терең меңгермеген болатын.

.. . Әл-Фараби Дамаскіге алғаш барған кезінде бір бауға қарауыл еді, сол бау ішінде отырып ұдайы хикмат - философия ғылымымен айналысатын. Әбу Наср бұл жерде ежелгі дәуір ғалымдарының көзқарастарын, шығармалары мен оларға жазылған түсініктерді бас алмай оқып отыратын. Ол өзі жарлы кісі еді, тіпті түні бойы ұйықтамай, шығарма жазумен айналысатын, кедейлігі сондай, өзіне қарауылдығы үшін беретін шамның нұрын пайдаланатын еді.

Біраз уақыт Әбу Наср осылай өмір сүрді. Кейін оның есімі төңірекке мәлім болып, беделі артады, жазған шығармалары да мәшһүр болып кетеді. Сөйтіп, оның шәкірттері де көбейеді. Соның нәтижесінде ол өз заманының бірден-бір аса ірі ғалымы дәрежесіне ие болды.

Ел билеуші әмір Сайф ад-Даула (Абул Хасан ибн Абдуллох ибн Хамдан ат-Тағлабий) Фарабимен әңгімелесуді ұнататын болған, әмір оның біліміне таңданып, оған көп ізет-құрмет көрсетеді. Сол арқылы әмірдің Әбу Наср қатысатын жиындарының да данқ-дәрежесі артады, бұған әмірдің өзі де рахаттанады.

...Кейбір шейхтардың айтуына қарағанда, Әбу Наср әл-Фараби бір жолы Мысырға (Египетке) сапарлап барған, кейін Дамаскіге қайтып келіп, осы жерде Сайф ад-Даула Али ибн Хамдан әмірлігінде, осы елде ар-Розий халиф болып тұрған кезде қайтыс болды.

Әйтсе де Сайф ад-Даула өзінің жоғары мәртебелі он бес әкім кісілерімен бірге Әбу Насрдың жаназасында болды. Елдің айтуынша, Әбу Наср өте қанағатшыл адам болғаны

үшін әмірші Сайф ад-Дауланың ерекше құрметіне бөленген екен. Алайда, соған қарамастан Фараби күніне төрт дирхам күміс ақшадан басқа ешқандай сый-сияпатты пайдаланбайды. Сол төрт дирхамды тіршілікке зәрлі болған нәрселерге ғана жұмсайтын болған. Ол «тұрмыс-тіршілігім не болады» деп қайғырмайды екен. Тіпті баспана етерлік үй-жайды да, өзіне келетін бірнеше-саран пайданы да ойламай өтіпті.

...Елдің айтуына қарағанда, Әбу Наср қозы жүрегі мен райхан шәрбатын өзіне тамақ еткен екен. Әбу Наср алғашқы кезде қазы болып істеген дейді. Ғылым дүниесіне тереңірек бойлаған соң бұл жұмысты тастап, бар жан-тәнімен білімін асыра түсуге кірісіп кетіпті, мал-дүниеге ешқашан қызықпаған екен.

Ол қарауылдау үшін кешкісін бауға барады екен де, шырақты жағып, кітап оқуға кіріседі екен.

Музыка саласында да ол білімді болыпты. Бұл салада да оның зерттеулері шарықтау шегіне жетіп, барынша кемелденіпті, музыка өнерінде одан озып кету мүмкін емес екен.

Жұрттың айтуына қарағанда, ол ғажайып бір музыка аспабын жасапты, міне, сол аспаптан адамның жан жүрегін елжіретіп жіберетін сиқырлы бір ғажап әуен естіледі дейді.

Ибн Халликон: Әбу Наср әл-Фараби логика, музыка және бұл екі пәннен басқа да бірнеше ғылым салаларына қатысты шығармалардың авторы болған. Сондай-ақ, ол мұсылмандардың ең ірі философы саналады, ешкім ғылымда бұл кісінің дәрежесіне дейін көтерілген емес. Әбу Әли ибн Сина да оның кітаптарынан көп нерсе үйренген. Әбу Әли ибн Синаның сөзіне қарағанда, ол Фараби шығармаларын оқып ләззат алған екен. Бұл кісінің, шыққан

тегі түрік болған, ол сол өз елінде туып, сонда өскен. Кейін өз елінен шығып, басқа елдерге саяхат жасайды, ақыры Бағдад шаһарына барады. Сол кезде ол түрік тілімен қатар араб тілін, тағы басқа бірнеше тілді білген. Әбу Наср Бағдадта араб тілін үйренуге кірісіп, бұл тілді жан-жақты әрі терең біліп шығады. Соңынан осы тіл арқылы ол хикмат-философия ғылымын меңгеру жолына түседі.

...Адамдардың айтуынша, Аристотельдің «Жан туралы» кітабының Әбу Наср оқып шыққан нұсқасы табылған. Міне, сол кітапқа Фараби өз қолымен, «мен осы кітапты жүз рет оқыдым» деп жазып қойыпты. Бұл ғалым жайында пікір айтқандардың сөзіне қарағанда, Әбу Наср, сол философ Аристотельдің «Физика» деген шығармасын қырық рет оқыдым, бірақ оны тағы қайталап оқуым керек деген екен.

.. Бір жолы Әбу Наср әл-Фарабиден :

- Философия саласында кім мықты, Сіз бе, әлде Аристотель ме? –деп сұрапты:

Сонда әл-Фараби :

- Егер мен сол кісінің өзінен білім алу бақытына ие болғанымда, онда мен оның ең мықты шәкірттерінің бірі болар едім, - деп жауап беріпті.

...Білімге құштар жандар Әбу Насрға тыным бермей, бірі келіп, бірі кетіп жатады. Ол жазған шығармалар бөлек-салақ күйінде шашылып жатады екен. Еңбектерін ол үлкен дәптерге емес, жеке парақ қағаздарға жазып тастай берген. Сол үшін көпшілік шығармаларының жеке тараулары мен бөлімдері ғана сақталып қалған.

Ирандағы Фараби туындылары

Бүгінде Ирандағы көне қолжазбалар саны шамамен миллионға жетіп жығылады. ...Бұған дейін әртүрлі кітапханалардың қолжазба қорларынан Фарабидің 36 трактаты табылған еді. Солардың кейбірінің қайталай көшірлген нұсқаларын есептей келгенде, барлығы 98 қолжазбаның жайы белгілі болып отыр. Бұл әзірге белгілі болғаны ғана. ...Басы бар да аяғы жоқ, аяғы бар да бас жағы сақталмағана дүниелер қаншама. Бұған қоса қай Фарабидікі екені белгісіз туындылар да бар.

Иранның Тегеран, Құм, Мешхед, Тәбриз, Исфахан, Рәшт және Иезд шаһарларындағы кітапханаларда сақталған Фараби еңбектерінің бәрі де араб тілінде. Дегенмен, кей туындыларының аударма қолжазбаларына да сілтеме жасалып отырылған. Еегеран университеті кітапханасына сақталған «Қисын (Логика) іліміне кіріспе» трактатының еврей тілінде үш бірдей аудармасы бар. Муса бей Ладхейс Иахуди, Самуэл Бен Табун және Шалом бен Аюб аударған осы трактаттың тағы бір көшірмесі мен аударма қолжазбалары бүгінде Париж ұлттық кітапханасында сақтаулы тұр. Деректерге сенсек Фараби дүние салысымен оның дүниелереі шетінен еврей тіліне аударыла бастаған екен. Ендеше, ғұламаның көптеген еңбектері басқа тілге қарағанда, еврей тіліне көп аударылған болса, оған таңдануға болмайды. Сонымен қатар Мешхед шаһарындағы Резвани кітапханасында қолжазба күйінде сақталған Фарабидің қасиде қалыбында жазған жырлары қоса көшірілген өлең жинағы да назар аудартпай қоймайды. Жалпы, Фарабидің тек араб тілінде ғана емес, парсы тілінде де өлең жазғаны жайлы дерек бар. Алайда оның тек екі рубийі ғана бүгінге жетіп отыр.

Иран кітапханалары қорында сақталған Фараби трактаттарының бірнеше қолжазбасы Үндістан, Ливан және Мысырда жарық көргені айқындалды. Ол қолжазбалардың көбісі XVI–XVII ғасырларда жеткен көшірмелер. Солардың көпшілігі настаалиқ жазуымен таңбаланған. Арасында нәсх жазуымен таңбаланған нұсқалар да ұшырасады. Кейбірінде көшірмешінің аты-жөні, көшірген уақыты дәл көрсетілген. Мәселен, Мешхед қаласындағы Резвани кітапханасындағы трактат қолжазбалары арасында Мұқамед Мұмин және Әли табатаби көшірмелері жиі ұшырасады. Оған қоса, Әли Танкобени, Мұқамед Реза Түни Хорасани, тажедин Хусейн Со'ад, Сұлтанмақмұд Әл-Мир Буорги Мазендарани Ширази, Сұлтанмақмұд Хусейни Бузорги есімді көшірмешілердің де еңбектері кездеседі.

Адамзаттың «Екінші ұстазы» аталған Әбу Насыр әл-Фарабидің туындыларының санын ғалымдар әлі толық анықтаған жоқ. Нақты дәлелденбесе де оның трактаттарының саны кем дегенде 120, әрі дегенде 160-тан асады деп есептеледі. Ал Иранда сақталған қолжазбалардың ішінде қазірге дейін Фарабидің мынадай еңбектерінің бар екені анықталған:

- Трактат: қолжазба саны
- «Хихмет өзегі» - 19
- «Мәселелерді қарастыру» - 11
- «Ақылия» (Ақыл) - 9
- «Қос хакім көзқарастарының тоғысы»
(Аристотель және Аплатон ойлары жөнінде)- 6
- «Қала саясаты» - 5
- «Алшақтық дәлелі» - 5
- «Зәйтүн Кабир трактатына түсінік» - 5
- «Болмыс басы» (Саясат) - 3
- «Сяси қоғам» - 3

«Жұлдыз үкімдері» - 3

«Аристотель метафизикасы», «Заттар төркіні», «Фәлсафаның пайда болуы» және «Бақытты игеру» деп аталатын еңбектердің қос-қостан көшірмесі ұшырасады. Шолу, сауалдарға жауап, түсінік бағытында жазылған трактаттар саны -11. Сондай ақ, «Ибн Зәрийе салыстырмасы», «Геометрия түткіліліндегі анық руаханий күш пен табиғат сырлары», «Ескертуді ескерту», «Аплотонның намысты қоғам еңбегін қысқаша талдау», «Қысқаша қисын», «Қисын қалыптастыру», «Хихметке баулу әдебі», «Бақыт жолындағыларды ескерту» (Дүние бақытының дәлелі), «Жасампаз қала тұрғындарының көзқарасы» деп аталатын Фараби туындыларының әзірге бір-бір дана көшірмесіне кезігіп отырмыз.

Иран қолжазба қорларында Фараби трактаттарына түсінік жазған Нәсредин Туси, Жәлоладдин Дауани және Женди (?) тәрізді адамдардың да еңбектері сақтадған. Туси мен Дауанидің кім екендігі белгілі, ал Жендидіні кім болғаны әзірге беймәлім. Жалпы Иранда Женд шаһарынан шыққан бірқатар ғұламалардың еңбегі сақтаулы. Әбсаттар Дербісәлі өзінің «Қазақ даласының жұлдыздары» деген еңбегінде бес бірдей жендидің өмірбаянына тоқталған. Түрки, Түркістани, Шаши, Тәшкени, Бәнекенти есімдері шығыстанушылардың қолына түссе әр қайсысы бір-бір ғылыми жұмыс тақырыбы болып шыға келер еді. Фарабидің өзін қаншама парсы етіп шығаруға тырысқанымен, кейбір ынсапты ирандық зерттеушілер деректерге сүйеніп оның толық аты-жөні Фараби Түркістани, Фараби Түрки болғанын айтады. Ирандағы Тегеран университетінің кітапханасы қолжазба қорындағы Фарабидің өмірі мен қызметі жайында жазылған қос бірдей қолжазба да құнды деректердің бірі.

Иісі адамзаттың игілігін көздеген Фараби еңбектерін сақтап отырған Иран кітапханасының қолжазба қорында ислам діні пайда болғанға дейінгі деректер де ұшырасып қалады. Ал ислам дәуіріне қатысты басты мұра – Мұхаммед пайғамбардың ол кезде отқа табынатын зорастрим дініндегі парсы патшасы Хосрау пәрвизге дінге шақырып жазған хатының көшірмесі де бүгінде Тегеран университеті кітапханасында сақтаулы тұр.

... Еліміздің Ирандағы тұңғыш елшісі Мырзатай Жолдасбековтың басшылығымен Фараби трактаттарының біраз көшірмелері елге жеткізілген...

Қуанышбек Қари («Егемен Қазақстан» 14.12.2006 ж.)

әл-Фарабидің Үнді жерінде болған оқиғасы

әл-Фараби әлемнің көптеген елдеріне саяқаттаған. Ешкім танымау үшін бетіне бетперде (маска) киіп алады екен. Үндістанда жүрген бір күні ол Король армиясының формасын киіп алып, жәй адам ретінде Үндідегі ең атақты адам Король Суффудиннің үлкен соты өтетін бөлмеге кіреді. Король өзінің королдарға арналған бөлмесінен қарапайым адамды көріп таң қалады да, ол не істеп жүрген адам деп білгісі келеді.

-Сіз қайда болуға тиістісіз? – деді король.

-Мен ана сіз отырған тақта отыруға тиістімін – деп жауап береді. Сөйтіп тақтың қасына барып, оның бір шетіне отырады. Отырған соң біртіндеп королды ығыстыра бастайды. Король қатты ашуланды да, күзетшілердің бірін шақырып, оған өзге бір түсініксіз тілде бір нәрселерді сөйлейді. Ол түсініксіз тілде «Мына адамның есі тура емес болу керек немесе кісіні таңдандыратын ғажап адам шығар.

Мен бірнеше сұрақтар қойып, қандай адам екенін білейін» дейді.

Король сұрақ қою үшін әл-Фарабиге бұрыла беріп еді; бірақ аузын ашқанша әл-Фараби король сөйлеген түсініксіз тілде былай дейді: «Король сіз неге мазасызданасыз?» Осы мезеттен бастап король мен әл-Фараби бірнеше сағат бойы үздіксіз философиялық таласқа түседі. Королдың келтірген аргументтеріне нүкте-үтіріне шейін дәлелмен немесе қарсы дәлелмен жауап беріп отырады. Бұл дебатқа Үндінің ең атақты деген философ-шешендері қатысады. Олардың бәрі әл-Фарабиді сүріндіре алмай, таласта жеңіліс табады. Ақырында король жеңілісін шын жүректен мойындап, әл-Фарабиге, не қалайсың, сұрағаныңды үлкен ризалықпен берем дейді. әл-Фараби маған ештеме керек емес деп жауап береді. Содан соң король оны құрметті қонақ етіп, әлемдегі ең мықты деген музыканттарды жинап, оларға қонақтың құрметіне музыка ойнанандар деп бұйырады. Музыканттар ойнап жатқанда, әл-Фараби оларды тоқтатып, аспаптарының құлақ күйін басқаша келтіріп береді. Содан музыканы қайта ойнап шығуды сұрайды. Бұл жағдай жиі қайталанатын. Ақыры болмаған соң король өз музыканттарын қуып жібереді. Одан соң король Фарабиге: сен менің музыканттарымды жақтырмадың, енді өзіңнің олардан артық екеніңді дәлелде - дейді.

әл-Фараби қалтасынан кішкентай үш шек алды да оны керіп жоғары, шат-шадыман әуенді қойып ойнай бастады. Музыканың әр қайырмасында залдағылар, королда бар ішінде ду күліп жіберіп отырады. Музыка тыңдау жалғаса береді де, тыңдап отырғандар, король да ары-бері домалап еріксіз күле бастайды. Кенет, әл-Фараби кілт тоқтайды да, баяу, мұңлы әуен ойнай бастағанда тыңдап отырғандар бірі орындықта, бірі отырған жерінде Фарабиден басқасы,

шетінен тәтті ұйқыға кетеді. Осы кезде әл-Фараби бөлмеден жәйлап шығып кетеді. Содан кейін ол жерден оны ешкім көрмепті. Король оянғаннан кейін қанша іздетсе де таппапты.

(материал <http://myxatai2006.narod.ru/Alfaraby.html> көзінен алынды).

әл-Фараби және әл-Машани.

Қазақтың «қазақ» атанып тарих сахнасына шығудан 600 жылдай бұрын - Орта ғасырдың басында туған әл-Фарабиді қазақ еткен кім?

Ұлы Бабаның Дамаскідегі қабірін тауып, мінәжат еткен тұңғыш қазақ кім?

Әл-Фараби мен Абайдың арасындағы рухани байланысты ашып, қазақ халқының 1000 жылдық мәдени тарихының желісі – «Әл-Фараби және Абай» зерттеуін берген кім?

Жер ғылымының жаңа саласы - Геомеханиканың негізін салушы ғалым кім?

Қазақ фантастика жанрының алғаш қазығын қаққан кім? Осы сұрақтардың жауабы жалқы. Ол — ғұлама әл-Машани Ақжан Жақсыбекұлы.

А.әл-Машанидің саналы ғұмырының бүтіндей санаттық іс-әрекетіне түрткі беріп, ұлтшылдығын ұрықтандырып, ғұмырлық ізгі мақсатына азық болған оқиға 1943 жылдың басында болып еді.

Кешегі, Гитлер бастаған екінші дүниежүзілік соғыстан ығысып, батыстан КСРО-ның шығысына қарай қоныс аударған ғалымдардың үлкен тобын Қ.Сәтбаев маңына жинап, ұлттық ғылым академиясының негізін жасауға жұмылдырған-ды. Сол кезде жиі өтетін ғылыми мәслихаттың бірінде Чехословакия Академиясын басқарған,

математика тарихына жетік Кольман баяндама жасайды. Баяндаманың өзекті мазмұны Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының орта ғасырда ғылымға қосқан үлесіне арналып, олардың есімін түгелдей тізіп шығады ол.

Тұран тарихына құлағы түрік Ақан, аталған есімдердің арасынан өзіне беймәлім әл-Фараби атын тұңғыш естіді. Рас, Мағжанның «Түркістан» поэмасынан «Тұранның кім білмейді музыкасын, Фараби тоғыз шекті домбырасын» деген жолдары дәл мұндай әсер етпеген-ді. Фараби кім? Өзбек ағайындар именденіп алған әл-Беруни, әл-Хорезми, әт-Туси, әл-Хазни, Ұлықбектер есімдерінен бастай аталғай әл-Фараби тегін жан емес сірә, әрі Тұран, қыпшақ тумаларын түгендеп меншіктеуде бәйгені бермейтін өзбек ағайындарының білмеуі қалай оны? Тәжікте де жоқ бұл есім. Қазақ болмасын...

Осы кезде басталған диссертациялық зерттеулер, күнделікті істер, соғыстың қысбағы Ақжанға мойын бұрғызбағанмен ол қолда бар анықтама әдебиеттердің бәрін сүзіп өтсе де, әл-Фараби есімін кезіктіре алмады.

Әл-Фараби есімін алғаш естігенде, «сол - қазақ болмасын» деген сауал, араға он жылдай уақытты араға салып барып өткенде - Ақан оның Отырар-Фарабтан шыққан ғұламалығына көз жеткізген-ді. «Оны қайтсем де қазақ етем» деген санада бекіген шешім сол жолы шын айтпады демесек бұл, ғұламаның ғұмырлық мақсатына айналған серті болып, бақиға аттанғанша өзгермей кетті.

Баба жайында деректерді шетел кітапханаларынан табуға күмәнданбаған Ақан сирек кітаптардан сый-сыйапатын қосып тілек хатын Берлин, Лисабон, Париж, Каир, Мадрид қалаларына жолдады.

Әл-Фараби еңбегі табылар деген елдің бәріне баруға қаражат та, уақыт та көтермейтіндігі белгілі. Мұның

алдында Москва, Ленинград кітапханаларынан табылған баба жайлы аздаған мағлұмат пен деректердің ішінде шетелдерден алынған: неміс тіліндегі екі, ағылшын және түрік тілдеріндегі бір-бірден табылған әл-Фараби еңбектерінің төрт библиографиялық тізімі шетел кітапханаларынан баба мұрасының фотокөшірмесін сұратып алуға түрткі болады. Сөйтіп, Ақжан ағаның қолында 1958-60 жылдары әл-Фарабидің он шақты шығармасы және оның еңбегін зерттеушілердің дүниелері болып еді. Осы деректер Ақжан аға Қаныш атына жазылған анықтама өтініште әл-Фараби мұрасын зерттеу қажеттігінің дәлеліне айналып, президент Қ.Сәтбаевтың «орындалсын» деген бұрыштамасы Машани көңілін тасытқан алғашқы колдау алған тарихи оқиғаға айналып еді. Сөйтіп, 1943 жылдан соң 1960 жылдың карашаның 15-де ғылым ордасы ғимаратын жаңғыртқан әл-Фараби есімі екінші рет аталғанды. А.Машанидің ХХ ғасырдың 61 жылдың басында-ақ әл-Фарабидің Отырардан шыққан қазақ перзенті екендігін бұлттартпас дәлелдерін ҚР ҰҒА Хабаршысында жариялады. Сөйтіп, әлемдегі екінші ұстаздың қазақ перзенті екендігін дүниежүзіне ресми мойындатқан құжат осылайша туды (Қазақ ССР ҒА-ның хабаршысы, - 1961, № 5, 105-106 бет). Бұған қоса 1962 жылы А.Машани әл-Фарабидің философия үйренушілерге бағышталған 9 трактатын қазақ тіліне аударып және суретімен «Білім және еңбек» (1962, №1, қазіргі «Зерде») тұңғыш рет ұрпағын ұшырастырды. Бұл, ұлы бабаның қазақ тілінде тұңғыш сөйлеуі еді. Мақаланы Ақанның қолынан алып редакцияға әкелген едім. Бүгін де оның алғашқы оқушысы болғандығымды тағдырдың сыйына балаймын.

*Шамшиден Абдраман, әл-Машанидің шәкірті,
профессор*

***әл-Фараби мұрасын зерттеу үшін 60 жасында араб тілін
үйренген ғалым***

Дана халқымыз «Жақсы адам – қазына» деп тектен-текке айтпаса керек. Осы тұрғыдан алғанда айналасына, шәкірттеріне білім мен ғылымның, кісілік пен кішіліктің өнегесін қалдырған, сегіз қырлы, бір сырлы жан Ақжан Жақсыбекұлы Машанов түгесілмес қазына деп білеміз. Ғұлама ғалым 1906 жылдың 2 қарашасында Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында белгілі Машан бидің әулетінде дүниеге келген. Қаз дауысты Қазыбек бидің досы Машан би қайтыс болғанда «Машан, Машандай ұл туғанша, қашан» деп, ел-жұрты қазасына қатты қайғырған екен. Әкесі Жақсыбек Құранға жүйрік, «Айқап», «Дала уалаяты» газеттерін жаздырып оқыған, заманының көзі ашық, сауатты адамдарының бірі болған. Ақаң алғаш әліппе тануды өз әкесінен, кейін кеңес мектебінен үйренген. 1924 жылы Қарқаралыдағы әйгілі Әлімхан Ермеков негізін қалаған педагогикалық техникумға түсіп, Әлекеңнен, Ахаңнан (Ахмет Байтұрсынов) дәріс алған. Ақжан Жақсыбекұлы Абай поэзиясын жақсы игерген, көптеген шығармаларын, қара сөздерін жатқа айтатын еді. Шоқан Уәлиханов шығармаларын терең талдап, мұқият оқыған жан болатын. Лекция үстінде Ш.Уәлихановтың қолымен сызылған топографиялық пландарды біздерге (шәкірттеріне) көрсетіп, түсіндіруден әсте жалыққан емес.

Қ.И.Сәтбаевтың басшылығымен құрылған геологиялық барлау экспедицияларының біріне жетекші бола жүріп аспирант А.Машанов 1940 жылы кен орындарын ашудың жаңа әдісін тауып, Ақбастау, Қосмұрын, Жосалы сияқты алтын кендерін ашады.

Ақжан Машановтың ғылыми зерттеулері тек геология мен тау-кен ғылымдарымен ғана шектелмейді. Ол – тау-кен ғылымының маңызды бір бағыты, геомеханиканың Қазақстандағы мектебінің ірге тасын қалаған ірі ғалым. Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеудің негізін салған ұлы тұлға.

Ақжан ағамыз әл-Фараби еңбектерін түп нұсқасында оқу үшін 60 жасқа таяған шағында араб тілін игерген. Сөйтіп, әл-Фараби еңбектерін тереңінен зерделеуге мүмкіндік алады. Иоган Кеплердің «Аспан музыкасы» деген кітабындағы көп деректердің әл-Фарабидің «Астрологиялық трактаттарынан» алынғандығына көз жеткізеді. Осы жөніндегі өз ғылыми тұжырымдамасын Ақаң «Орта Азияның мәдениет шамшырақтары» деген мақаласында түйіндеп, оны Кувейтте шығатын «әл-Фараби» журналында 1972 жылы жариялайды. Артынша Кувейттің белгілі ғалымдары «жұлдыздар туралы алғашқы ғылыми пікір білдірген Әбу Насыр әл-Фараби екенін қазақстандық Ақжан әл-Машани мырза толық дәлелдеді» деп жазды. Сол-ақ екен, сол кездегі халықаралық конференциялардың барлығында «әл-Фарабиді ашқан әл-Машани» деген байлам жиі айтылатын болды.

Ақжан Жақсыбекұлының баға жетпес, ерлікке пара-пар еңбегі, сөз жоқ, ұлы бағамыз Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеп, бағамыздың Отырар өлкесінің перзенті, қазақ екендігін дүние жүзі ғалымдарына мойындатқаны. Бұл жолда ол тыным таппай Батыс Еуропа, Азия елдерінің, Лиссабон, Лондон, Париж, Берлин, Қазан қалаларындағы кітапханалардан әл-Фараби еңбектерін жинады. 1968 жылы Дамаск қаласындағы зираттан әл-Фараби жерленген қабірді тауып, 1978 жылы Алматыда бағамыздың 1100 жылдығына арналған халықаралық

конференцияны өткізудің көшбасшысы болды. Осылай әлем ғалымдары А.Машановты Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми мұрасы бойынша, Қазақстанда және шет елдегі бірден-бір кеңесші ретінде мойындап, құрметтеді.

«Әл-Фарабидің мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», «әл-Фараби», «әл-Фараби және Абай», «әл-Фарабидің еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы» және тағы да басқа көптеген еңбектері арқылы А.Машановтың кемеңгерлік қырлары жарқырай көрініп, есімі әлемге мәшһүр болды.

А.Машановтың Ислам дінін насихаттаудағы еңбегі бір төбе. Ол өзінің «әл-Фараби және Абай» атты кітабында және әлі жарық көрмеген «Исламның ғылыми негіздері» атты қолжазбасында Исламның ғылыммен байланысын толыққанды дәлелдеп кетті.

Әмбебап білім иесі, ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз әл-Машанидің дүние танымы кең болатын. Ұлы да, ұлық та ұстаз алдынан өтеді. Қазіргі таңдағы көптеген ғылым докторлары, кандидаттар, өндіріс басшылары кезінде Ақанның қамқорлығына бөленіп, батасын алғандар. Ұстаз алдында бәрі де қарыздар. Ұлы тұлға үшін бәрі бірдей еді, тек қолынан іс келсе, білімге, ғылымға деген ынтасы байқалса, бітті ұлы ұстаз ақыл-кеңесін аямайтын.

***Маржан Нүрпейісова, әл-Машанидің шәкірті,
профессор***

Әдебиеттер тізімі:

1. Құл-Мұхаммед М. Ұлттың ұлы ұстазы. – Егемен Қазақстан. – 2003. – 12 желтоқсан. – Б.3-4.
2. Абдраман Ш. Әл-Фараби және Әл-Машани // Әл-Фараби көпірі. – Алматы: Алатау, 2005. – 352 б.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
4. Бартольд В.В. Работы по исторической географии. – М., 2002.
5. Көбесов А. Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы: Санат, 2002. – 176 б.
6. Әдекенұлы М. Ұстаз ұлағаты. – Орталық Қазақстан. – 2006. – 4 сәуір. – Б.б.
7. Баласағұн Ж. Құтадғу білігі / Ауд. А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. - 616 б.
8. Шмидт К. История педагогики: в 4-х т. М., 1877-1888. Т.1. – С.95-96.
9. Саади А. Педагогические мысли Востока. – Опыт исследования. – Казань, 1927. – С.21.
10. Жарикбаев К.Б. Психолого-педагогические воззрения аль-Фараби. – В кн. Материалы первой республиканской конференции по методике преподавания и педагогики высшей школы. – Алма-Ата, 1971. – С.265-276.
11. Жарықбаев Қ. Аталар сөзі – ақылдың көзі. – Алматы: Қазақстан, 1980. – Б.10-39.
12. Тллашев Х.Х. Общепедагогические и дидактические идеи ученых-энциклопедистов Ближнего и Среднего Востока эпохи средневековья. – автореф. дисс. на соискание д.п.н. – М., 1986.

13. Тллашев Х.Х. Общепедагогические идеи ученых-энциклопедистов Ближнего и Среднего Востока эпохи средневековья. – Ташкент: Фан, 1985.
14. Хайруллаев М.М. Абу Наср аль-Фараби. – В кн.: Антология педагогической мысли Узбекской ССР (сост. С.Р.Раджабов и др.). – М., 1986. – С.44-46.
15. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – дисс. на соискание ученой степени д.п.н. в форме научного доклада. – Ташкент, 1990. – 39 с.
16. Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата: Мектеп, 1989. – 152 с.
17. Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 171 б.
18. Кубесов А. Математическое наследие аль-Фараби. – Алма-Ата: Наука, 1974. – 246 с.
19. Кубесов А. Астрономия в трудах аль-Фараби. – Алма-Ата: Наука, 1981.
20. Көбесов А. Сөнбес жұлдыздар. – Алматы: Жазушы, 1973. – 156 б.
21. Көбесов А. әл-Фарабидің ашылмаған әлемі. – Алматы: Санат, 2002. – 176 б.
22. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 2-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 480 б.
23. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. / Құраст. Т.Ғабитов, Ғ.Құрманғалиева. – Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
24. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975.

25. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.
26. Краевский В.В. Методология педагогики. – Чебоксары: Изд.-во Чуваш.унив-та, 2001. – 244 с.
27. Аль-Фараби. Математические трактаты. – Алма-Ата, 1972.
28. Абдильдин Ж. Собрание сочинений в пяти томах. Т.5. – Алматы: Өнер, 2001. – 455 с.
29. Есім Ғ. Фалсафа тарихы. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2000. – 278 б.
30. Кішібеков Д. Философия. - Алматы: Қазақстан, 1994. - 210 б.
31. Құрманалиева А.Д. Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық іліміндегі әлеуметтік танымның онтологиялық және әдіснамалық негіздері. – философ. ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореф. – Алматы, 2003. – 27 б.
32. Даукеева С. Философия музыкасы Абу Насыр аль-Фараби. – Алматы: Фонд Сорос Қазақстан, 2002. – С.23.
33. Акбаева Л. Эстетика Абу Насыра аль-Фараби в рамках этноэстетического образования в Казахстане. – Казахский язык и литература в русской школе. - №2004. - №4. – С.109-120.
34. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. 3-том. Әл-Фараби философиясы. / Құраст. Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
35. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. – Алматы: Дарын, 2006. – 480 б.
36. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: «Эверо», 2004. – 420 б.

37. Нысаналин А. Фараби – поэзия падишасы // Қазақ әдебиеті. – 1971. – 7 май.

38. Бейсенов А. әл-Фараби тұжырымдары. – Ақиқат. – 2006. - №6. – Б.70-73.

39. Әбиев Ж., Бабаев С.Б., Құдиярова А.М. Педагогика, - Алматы: Дарын, 2004. – 448 б.

Мазмұны

Кіріспе	3
Тақырып 1. Ұлттың ұлы ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің шығу тегі туралы	5
Тақырып 2. Фарабитану мәселелері	14
Тақырып 3. әл-Фараби – педагогиканың негізін салушы	21
Тақырып 4. әл-Фарабидің педагогикалық мұрасындағы ізгілендіру идеялары	31
Тақырып 5. әл-Фараби еңбектеріндегі білім беру философиясы мәселесі	36
Тақырып 6. әл-Фараби дидактикасы	42
Тақырып 7. әл-Фарабидің тәрбие теориясы	55
Тест сұрақтары. Ұлттың ұлы ұстазы, ғұлама ғалым әл-Фараби туралы не білесіз?	78
Реферат тақырыптары	84
Шығармашылық тапсырмалар	86
Қосымша материалдар	88
Әдебиеттер тізімі	121